



Сепік АҚСҰНДАР

Коксейінде
Күйешілдік ніш
Жазуы





Атамура
ітапханасы

Серік АҚСҰҢҚАР

ЖАҢА ЖЫР КИТАБЫ

Хокейде
Чемпіонаты
Назар



АЛМАТЫ
«АТАМУРА»
2018

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Каз)

A 37

Ақсұнқар С.

А 37 Көкейімде Құлтегіннің Жазуы. – Алматы: Атамұра, 2018. – 368 бет.

ISBN 978-601-331-692-5

564587

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының енбек сінірген қайраткері Серік Ақсұнқардың жаңа жинағына соңғы кезде жазылған соны шығармалары шоғырланды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.



© Ақсұнқар С., 2018
© «Атамұра», 2018



I бөлім

*Кириллица - ет зұкситан,
жатын да...*

МҰНАЙ ЗАМАНЫ

Күнім түсіп қайдагы бір жаманға,
Өзек жалғар талшығымды табам ба?
Өмір сұрген мендей ақын бар ма екен,
Мұнай деген Құдай болған заманда.

Көктей өтіп Көк Түріктің өр елін,
Өз елімді келді-ау, нұрға бөлегім.
Иномаркалардың моторларында,
Бензин болып жанып кетті өлеңім...

Мұнай-Тақсыр өртке қарай тақымдаپ,
Қайдагы бір қу мен сүмда хақым ғап;
Мен де жандым, (бензиннен де тез жандым), –
Лаулап!
Заулап!
Өршіп өрде –
Лапылдал!!!

Мөлт-мөлт еткен көздің жасы жанарда, –
Жанып кетті тамшы болып тамарда!
...Отқа оранған мендей ақын болған жоқ,
Мұнай келіп Құдай болған заманда.

АҚСҮҢҚАР МЕН ҺАЛИФА

Өнім бе деп, – түсім бе,
Сан қиянда сандалған.
Зар заманның запыраны ішінде,
Ақсұңқар мен Һалифа да өтті-ау, жалғаннан.

Жер де – жатта, ел – жатта,
Көзге – қара, кие – жоқ.
Иен далада мыңды айдаған бекзатқа,
Исалмас кіл құл менен күң ие бол!

Күннің көзін көргенінді бұлдаған,
Не дейсің бұз мекерге?
Қарғасың ба, қырансың ба мұлде оған
Қарау заман қарамайды екен де.

Сүрқылтайдай жау да кетті, дау кетті,
Ер-тұрманын алтынменен жалатып –
Құла дүзде құс ұстаған әuletті,
Қайдағы бір қара құсқа талатып?!

Еділді алып, елді алды,
Жайықты алып, жанды алды.
Қараша түгіл ханды алды!
(Қайта сонда шыбын жаның тірі қалған-ды!).

Сонан қалып, ал, мен қайда шырқаппын,
Құлдың елі, кет келмеске, – күң елі?!

Сол заманның шетін көрген ұрпақтың,
Шер мен шемен жұдырықтай жүрегі...

Ағып біткен қалмай көздің жасы түк,
Шаттансам деп шарапты да іштім мен.
Социализм миды әбден ашытып,
...Капитализм қарсы алып түр –
Мысқылмен!

Көкті көзбен шолған нем,
Күрсінумен өтті ғұмыр, Ақ-Алла-ай?
Тұбім – құста болғанмен,
Арсы менен гұрсіге қанат қаға алмай!

Өлең жазам жаным кейде егілсе,
Кеше көрші ақымақ бұл баланы.
Ақсұңқар мен Һалифаның, меніңше,
О дүниеде жай тапқан жоқ жаны әлі...

Қарап жүрмей, жан шырқырап, қан ысып,
Соңына еріп елге жат бір елестің, –
Өлеңші мен өлерменмен жарысып,
Өлең жазған... өзім де онған емеспін.

Бәйтеректің мен-дағы бір бүртігі,
Бұтақ болып өсіп, бұлтқа жетпеген.
...Ақсұңқар мен Һалифаның бір құні,
Шыбын жаны бір тыншыса деп келем...

* * *

Кириллица – ет жақыным,
Жатым да,
Жан тартпаған мендей бөтен ақынға.
Қашан көшіп Қасиетті Латынға,
Айтам осы Алаш-Анам хақында.

Бодан елдің ақыны боп алғасып,
Ессіз заман –
Егеменмен алмасып; –
«Жиырма сәті XX-шы ғасырдың»,
Кириллицада қалып қойды
Шаң басып...

Өмірім де, өлеңім де дау әлі,
Басым кейде Батыс жаққа ауады.
Не болады ағылшындар оқыса,
Мен Арқада жүріп жазған «Хауаны?..».

Тәнірі бұлбұл үялатып таңдайға,
Қанша мәрте неше құлы салды ойға.
Мен түгілі Мағжан қалып бара ма?!

(Жазылғаны осы болды мәндайға).

Бірге қонып – гүлге қонған арамен,
Арудың да қолаң шашын тарап ең.
Құрлықтар мен мұхиттардан өте алмай,
Жанымдағы жапонға да жете алмай,
Кириллицада қаласың ба, қара өлең?

* * *

Балалық – балдай һәм – қызық!
Әрі – құлқілі!
Шыбық қой ол бір жарылған жаңа бүртігі.
Он үште едім. Он алтыдағы көрші қыз:
– Қыз сүйіп осы көрдің бе?! – деді бір күні.

– Жоқ... дедім мәлдір көзіне көзім түйісіп,
Лұпілдеп жүрек, лапылдаپ қаным, ми ысып:
– Кел! – деді ол – онда! Ешкімге егер айтпасан,
Екеуміз күнде тұрайық өстіл-сүйісіп!

Шарбақтың алды,
Қоңыр күз еді...
Ай – жарық.
Ерінгे ерін тиді де, қалдық байланып:
Дүние кетті геометриядагы ғажайып,
180 градусқа айналып!

(Көп жайды көрген кісіміз көрші үйден біз,
Елжіреп, сонсон, еріннен талай сүйгенбіз!).
Терезесіне телміріп қарап отырам,
Есіктен қашан шығар деп, шіркін, сүйген қыз!

Бір жылдай жүрдік ерінгे ерін түйісіп,
Лұпілдеп жүрек, лапылдаپ қаным, ми ысып.
Бір күні үйге алаңсыз келе жатқанда,
Бір жігітпенен тұрғанын көрдім сүйісіп!

Баяғы жерде...
Баяғы тұрған шарбағы...
Мен емес екем, – басқа екен мұның ардағы!
Сол күні құллі қыздарды кеттім жек көріп!
...Кейіннен бұлар қалай кеп мені арбады?!

БАҚЫТЖАН ҚАНАПИЯНОВТЫҢ ӘҮЕНІМЕН

«Позабытый мной с детства язык...» (Б. К.)

Бала күннен сағым боп ана тілім,
Екі тілде шатысты бар ақылым.
Уша алмаймын қайрандаپ, қайдан үшам,
Екі бөлек – екеуі қанатымның.

Есіл күнім – бала күн, енді келмес,
Бұлдыраған сағым ба ең, сенікі – елес.
Тұсіме еніп тұнімен Сұнқар-Бабам:
«Бір қанатың-дейді ылғи – менікі емес...»

Ал, кімдікі сонда осы бір қанатым,
Құлар уақыт құзардан тұр ма жақын?
...Бір қанатым көкке алып үшқан кезде,
Қалай жерге тартады бір қанатым...

* * *

Қазақ ұлдың бесігін,
Күміспен де құптең кіл,
Алтынмен де булады.
Жүргегі оның аттай сонда тулады.
Мұқағали туды, Мұса^{*} – тумады.
Иманғали туды, Иса^{*} – тумады.

Атанға жүк – шері-дүр,
Ақындар мен батырлардың елі – бұл.
Біреу ғана – Асқар Жұмаділдаев,
Көптеу болса көрім болар еді бұл.

Бетін орыс орманына беріп бір,
Жазмыштағы жақсылыққа сеніп құр, –
Туатындей Екатерина Екінші,
Қазақ бүгін бір кезеңге келіп тұр.

Көніл – құпті.
Көз де бүгін байланды.
Көк аспанда бұлт құрсанған Ай қалды.
Қазақстан ғаламторын бұғаулап,
Адамзаттан қалай теріс айналды?!

Жойыт жұрты, – тебіренген теңізше,
Дәл біздей-ақ егілді гой – егілсе.
...Мұқағали шыққан елден, Мұсадай,
Бір Пайғамбар шығу керек, меніңше?

^{*}Пайғамбарлар.

ЖҮМЕКЕННИң ЖҮРЕГІ

Бөлек еді болмысы да, әуені,
Кезіп жүріп бұлбұл бағын мәуелі –
Өмір деген рингте өзеуреп,
Өзі менен өзі айқасты өуелі.

Өзі шыңдаپ қажыр-қайрат сезімін,
Текті әлемге өз шуағын қөзінің.
Жену үшін пенделігін өзгенін,
Быт-шыт қылды пенделігін өзінің!

Шалқыған жоқ шарап ішіп-шатысып,
Барлардағы қан базарға қатысып.
Біліп алды бір пендениң ішінде,
Пушкин –
Дантес жататынын атысып!

Шымырлаған ой мен сезім-кескінде,
Сейлеген жоқ жырдан басқа еш тілде.
Тіршіліктің күйкі қамын күйттеп,
Тісін жарып көрген емес –
Ешкімге!

Көп пендеден қайтып әбден меселі,
Қайтара алмай езге кеткен есені, –
Қыл, қыбырдай соқыршекке тогысқан,
Жүрегіне шөге берді кеселі...

Құлағында – Хиросима сарыны,
Бара жатты демі бітіп, тарылып.
Сыйғыза алмай өрт пен дертті,
Жүрегі оның кетті кенет жарылып!

Өмір сүріп жүріп – жүрміз шатысып,
Қиыл-қиыл қан базарға қатысып.

Ішімізде – бірін-бірі жеңе алмай,
Пушкин менен Дантең жатыр атысып!

Жүрміз бірде ұстем бол та, тең де бол,
Жүрген жоқпыз рахаттан кенде бол:
Пушкин жеңген күні бір сәт – адам бол.
Дантең жеңген күні – күйкі пенде бол!

Жүрміз... сөйтіп өлі талай жүреді –
Ізгілік пен Зұлымдықтың сүрені –
Бәрінің де жүрегіне жүк артса,
Жарылмас ед –
Жүмекеннің Жүрегі!

КҮНЕКЕЙ ҚЫЗ

Күн мен түн күнде келіп қырқысқанда,
Дүние дүр етіп кеп, гүл құшқанда –
Арқадан мен іздеген Күнекей Қыз,
Жүр еken күлімсіrep Түркістанда.

Жерде су,
Тас төбеде – Күн тұрады.
Түркістан, сонсон, күнде құлпырады...
Күлімдеп Күн астында Күнекей Қыз,
Ұмысынып Муза, саған, ұмтылады.

Армысың, Күн астында Күнекей Қыз,
Көктейін әлі біз де дүр етерміз.
Егіліп табыса алмай, қауыша алмай,
Екеуміз екі жақта жүр еkenбіз.

Кетпеші, жүрші осынау Түркістанда,
Дүние дүр етіп кеп, гүл құшқанда.
Көзіме қара болып өзің қалғай,
Күн мен түн күнде келіп қырқысқанда.

* * *

Талант – Мұхит,
Көрінбейтін бір түбі.
Жылға болып, жылап ағу –
Күлкілі!
Отпен, сумен егіз бітім-болмысын,
Теніз болып тебіренесің бір күні.

Жағалауға жан таласып, лақылдап,
Құрлыққа да құйылуға жақын ғап.
Кенет судан шыға салып,
От болып, –
Әртке айналып кетесің гой –
Лапылдан!

Ғаламзаттың бір бөбегі – қазақ-ты,
Тәрк қылышы мына жалған, азапты.
Сондай сәтте тереңіңе тұншығып,
Күлге айналып, жанып кеткен –
Ғажап-ты...

БИЕ БАЙЛАП ЖАТҚАНДА

Бие байлап жатқан ауыл,
Тан шуақ...
Саумал ішіп, біз де мәзбіз балсырап.
Алты жаста өкем атқа мінгізіп,
«Шап!» – деп еді,
Қарагерді... қамшылап...

Бала көніл, ат та сонда толқыды,
Жерді жарып түяғының солқылы.
Сонымдағы жау-жалпы ноқат бол,
Көкжиекке көзім түсті сол күні...

Шайқалғандай сәби күнгі тұнығым,
Бұған дейін көрді дейсің мұны кім?
Қарсы алдынан қара дауыл шыға кеп,
Желмен қоса желбірейді тұлымым!

Шаң қаптырып, шауып келем қырымды,
«Ей! Қайт!» – деген талықсыған бір үнді, –
Құлақ шалып, тізгін тартсам... Қарагер
Естіп соны, елге өзі-ақ бұрылды!

Көріп алдым бұ шабыстың ақырын,
Құламауға ғана жетіп ақылым.
Жатып қалғам ер-тұрманды құшақта,
Жатып қалған таралғыда тақымым...

Шауып келем Қарагерді қамшылап,
Аяқ-қолым ат теріне малшынад.
...Құшағына секіріп ем өкемнің,
Көздің жасы омырауыма тамшылап...

Содан бері шаңға бөгіп даланы,
Аламандар, айхой, ойға салады.
Шақырады шымырлатып арқасын,
Алты жаста атқа шапқан баланы...

* * *

Жанарынан жалғыз тамшы мөлдіреп,
Терезенен жарық сәуле сөнді кеп...

Қара шашты сипағым кеп, қарағым,
Қара түнге қан жылап бір қарадым.
Қарағанды қап-қара боп кетті де,
Жұлдыз құсап зулап, ағып барамын?!

Алай-тұлей – өртөнгендей бықсып көк,
Сақ-сақ құлғен Сайтан қоршап, сықсып кеп –
Жұлдыз құсап ағып-ағып түнектен –
Түстім жерге!
Жанып кеттім быт-шыт боп!!!

Махаббаттың мәрттігіне қуәмін,
Бір рет өлсем, әлі талай туамын.
Ол-дағы бір нұры екен ғой Алланың,
Біздің жүрек жұтқан соның шуагын.

Жанарынан жалғыз тамшы мөлдіреп,
Терезенен жарық сәуле сөнді кеп.
Махаббат бір жасыны екен жаһанның,
Жарқылынан қалған осы –
Сом жүрек...

ҚАРА БҮРЫМ

Мешіттердің құлаққа кеп түр үні,
Бізбен еріп келген Шайтан құрыды!
Анкарада Алаштың бір қызы жүр,
Аяғына түсіп қара бұрымы...

Мешіттердің құлаққа кеп түр үні,
Мына қыздың бұрымын-ай, бұрымы!
Мұз боп қалған тәнім қалай жылды?
Мына қыздың қылышын-ай, қылышы...

Қазығұрттың самалындай жылы үні,
Ханнан туған Ханышадай қылышы.
Жараспай ғап еуропалық тұлымы,
Жалт қарайды түріктердің сұлуы!

Түркияда, –
Шайқалмаған тұнығы,
Көк Бөрі кеп қай жағымнан ұлыды?
Анкарада мына сұлу қайдан жүр?
Аяғына түсіп қара бұрымы.

Мешіттердің құлаққа кеп түр үні,
Бізбен еріп келген Шайтан құрыды!
...Бізбен еріп келген Шайтан болғанда,
Кетуші еді қос қолымда бұрымы...

564587

* * *

Дәлдүріштер миды ашытты,
Жазғандары тақпақ құр,
Өлең емес, шатпақ – бұл!
Күлтегіннің көзінің қарашығындаі,
Менің жырым мынау елдің ділін,
Үнін сақтап тұр!

Кетпеймін мен,
Тастамаймын ұлтымды,
Қазір оның көніл күйі бір түрлі.
Қайта айналып мен келгенше, шұршітше
Сөйлем кетуі мүмкін-ді...

Сен кете бер!
Мен кетпеймін бұл елден!
Жүрегіммен жүрем сонда,
Жүремнен...
Ол да бүгін тығырыққа тірелген,
Мен де бүгін тығырыққа тірелгем...
Сен кете бер!
Мен кетпеймін бұл елден!

АРЫСТАН

...Бөріден –
Бөрілінің байрағынан,
Ата жау сескенетін айбарынан!
Жасынның Оты лаулап тұрушы еді –
Шағылған Күнге Алтын Айдарынан...

Хош, Қараорманымның Арыстаны!
(Алаштың қай жауымен алыспады?).
Келмеске о да кетіп, енді бізге
Заманы Арыстанның алыштады...

Қоян да, тулкі де енді би болады,
Біздің ми сол не айтса иланады.
...Арыстан гүрілдейді тұсімізде,
Ол – бізді ит пен құсқа қимағаны.

Кез жасы омырауда тарамдалған,
Әкен де қалған өстіп, анаң қалған.
Алаштың арыстары кеткен кезде,
Осындай алмағайып заман болған.

Заманы Арыстардың алыштады,
Жағымыз, қол да тұр ма қарысқалы?
Қараорман қалды бізде, қайтем енді,
Иесі көзден ұшты, –
Арыстаны...

•Шерхан Мұртаза

* * *

Қара мына зауалды,
Сарайшықты Жармақ деген жау алды!
Самогонды сасай қаптап тексіз бір,
Темекінің иісі алып ауамды.

Жұсан иісі бүркыраган өлке еді,
Жұпар иіс, көк дауасы көркі еді...
Шұлғау қылып хан жамылған көрпені,
Көрден қазып бас сүйекті, тау-тау ғып –
Өртеді!

Құлынымды пышақтап,
Сұлуымды құшақтап,
Кергіді!
Естен танып мас болды да, сергіді...
...Сонда қалып, қарайған бұқ көңілім,
Енді қайта ағармасы белгілі...

МАТРИАРХАТ ЗАМАНЫ

Келді, кетті баһадурлар заманы,
Мынау кезең – құз шыңырау, тар әрі.
Мамонттардай маң-маң басқан бір кезде,
Еркектердің заманы өтіп барады.

Көрінбейді көзімізге Һас ірі,
Батырынан көpteу аяр, пасығы.
Еркектердің заманы өтіп барады,
Келе жатыр әйелдердің ғасыры.

Екіұдайлай – ойлары да, сөздері,
Қызыл-жасыл дүниеде – көздері.
Елден ерек бекзаттығы тұл болған,
Еркектердің кінәлі оған өздері!

Ақын болған бір кездері, батыр да,
Алтын басы енді қара бақыр ма?
Бар билікті соған берген Тәнірі,
Одан теріс айналғалы жатыр ма?!

Арулар-ай, махаббатпен матап ап.
Қалай бізді сүйеді өлі қatalап?
Тығырықтан бізді алып шығады,
Аруларға деген осы махаббат!

Дүниені, еркектер-ді шайқаған,
Біз түгілі, Тәнірі оны байқаған!
Партиархат тақтан түсті... бізге енді,
Матриархат келе жатыр қайтадан!

Әйелдердің нұрга тұнып жанары,
Күннен күнге жасанады жамалы.
Сомдайды енді Соны Патриархты,
Мына келген Матриархат Заманы...

* * *

Таң сәріде, Тәте, көзімді ашқанда,
Тұман – Дүние,
Жанарымда жас бар ма?
Берікбол да онша берік болмады,
Мені тастап ұшып кетті аспанға.

Әзер өтті сенсіз зілді шердей – жыл.
Жоқтығыңа көніл әлі сенбей жүр.
Серікбол да маған серік болмады,
Өзіне оның Серік керек мендей бір.

Менен мейір күтпе деп,
Қаргалар жүр қарда – қара нүктө бол.
«Қайран шешем» дейтін құй бар қазақта.
Өзім бармын, сонсон...
Басқа түк те жоқ.

FACEBOOK-тың^{*} БОЛЖАМЫ

«ФБ-га «Өткен өмірде кім болғансыз?» деген саялнамаға: «Сіз -Цезар болғансыз!» – деп түр...

Бұл – өтірік.

Мен өскемін жусанда,

Соған жудым бет-аузымды – жусам да

Әкім болып көрген жоқпын ғұмыры –

Ақын болғам қашан,

Қайда тусам да.

Талай жерді базарлаған шығармын,

Кір-қонымнан тазармаған шығармын.

Ақын болғам...

Мүмкін онда егіліп,

Бүтінгідей жаза алмаған шығармын...

Күллі дүние сыйып кетіп таңдайға,

«Мал қайда?» – деп, ойламаптын, – жан қайда?!

Цезардайын өктем, зілді патша боп,

Елді билеу жазылмаған маңдайға.

Сонда өкініп, талай басты шайқағам,

Енді келіп Доспамбеттей:

«Өкінбен!» – деп айта алам.

Қайта тусам – ақын болам әдейі,

Көресінді көру үшін қайтадан!

Содан кейін...

Маңдайымнан жел есті,

Белім – белмен, елім – елмен теңесті.

Арғы атамның бәрі – патша!

^{*}Әлеуметтік желі.

Ал маған
Тағы... патша болу таңсық емес-ті.

Бұл – өтірік.
Мен өскемін жусанда,
Соған жудым бет-аузымды – жусам да.
Әкім болып көрген жоқпын ғұмыры –
Ақын болғам қашан,
Қайда тусам да.

* * *

Жұргенімде Көкбәрідей шалқып бір,
Мені өзіне магнитше тартып құр,
Алтайдан –
Күлтегіннің иісі бұрқырап,
Мұнайдан –
Мұрын жыраудың иісі аңқып тұр!

Қиыр-қиыр дала маған – үй іші,
Келіп мына кердеп ғасыр түйісі.
Көзді жұмып, көкке де ұлып кетер ем,
Жібермей жүр осылардың иісі...

ҮШ ҚИЯНДЫ ШОЛҒАНДА

Үш қиянды шолдым кең,
Кеңіп бара жатты менің сонда іргем.
Ақсораңнан шығып едім, қайтарда,
Ақтөбенің үстіртіне қондым мен.

Маң-маң басқан түйесі –
Сахараның Құдай қосқан иесі.
Төбеде – Күн,
Табанында – кек теңіз,
Осы жердің елден ерек киесі!

Төбеде – Күн,
Теменінде – су ағып,
Сахараның сайын тәсін суарып –
Құрманғазы күй бол туып бұжерден,
Симфония болып кетті Жұбанов!

Осындағы әр бұтанын,
Әр тамырын мен де кие тұтамын.
Ол болмаса, Өтежандар туда ма?
Өзегінен өрге шашып жүпарын.

Маң-маң басқан түйесі –
Сахараның Құдай қосқан иесі.
Төбеде – Күн,
Табанында – Кек теңіз,
Осы жердің елден ерек киесі!

Жүзін Алтай-Алатауға беріп бір,
Аласұрган өңшең ерен, ерікті ұл!
...Ақсораң-ай, жүрегім ат ұрынып,
Осы үстіртте қыстап қалғым келіп тұр...

* * *

Жанын жасынға жаныған жұрт едік.
Көшін ұзатып тұрған шал –
Ақтамберді дейтін асыл-ды.
Тұбім – Құлтегін.
Тәнірекім – Біржан сал.
Қаным – Қасым-ды.

Вискиді сіміріп, жүзімнің өзін жүре жеп,
Кімге керек деп мына сор?
Шәміл екеуіміз базар басқарып жүрер ек,
Ол – тауға кетті...
Мен – дауға кеттім.
Кінә – сол!

Қап тауында үйірлі қасқырмен қоса өріп,
Етектен – кәуір, құзынан – дауыл соққылап,
Тауда жүр Шәміл қар кешіп, көк мұз тәсеніп,
Мен елде жүрмін,
Жетісіп жүргем жоқ, бірақ...

Тәменде – ел.
Тәнірі – тәбемде.
Әртенге кіріп, әртенді менің өзегім.
Базарға бармай, бағымды сынадым өлеңде,
Өзбекстан емес, өйткені, мынау – өз елім.

Әртеніп барады өзегім...

* * *

Мен пәктікпен тел өстім,
Бірге өлеміз өлсек те.
Бақа-шаян емеспін,
Батпағыңды көрсетпе!

Көлеңкеде салқындал,
Пұл сатқам жоқ базарда.
Керек емес алтын тақ,
Керек емес қазарма.

Керек емес маған түн –
Баскесерлер басынған.
Қолы керек анамның –
Сипайтүғын шашымнан...

Көргенім жоқ аз ылан.
Сау жер бар ма өнірде?
Онбаганнан қажығам:
Олжас керек өмірге!

Тұскен емес көзіме ақ,
Жерік қылып жер-ғалам.
Парижінді өзің ап,
Сарыарқамды бер маған!

Құрсақта да жатып ек,
Соны үфатын ер керек.
Екі метр ақырет,
Екі метр жер керек.

Керек маған гүл елі,
Жоқ жоқтауы, азасы.
Фашығымның жүрегі.
Ғасырымның мазасы...

ҚҰПИЯ

Біз туғанда Тәттімбет те жоқ еді,
Туа мені Тәнірі өзі жебеді.
Сүгір атам қүйін тартып отырған,
Шымырлатып арқа, қолқа-денені.

Жарығым!
Мен туғанда-ақ уызыма жарыдым.
Алпысымда қүйіменен Секеннің,
Шымырлап тұр алпыс екі тамырым.

Кездесерін білмей қандай кісімен,
Ақсораңның етегіне түсіп ем.
Құдайдың бір құлдіреті күй екен,
Қазақ қана түсінетін ішінен.

Менің тағдыр-таланым да бір түрлі,
Асау жүрек туда ұлтына ұмтылды.
Ақсораңға түспесе егер кіндігім,
Аляскаға түсуі де мүмкін-ді...

Кіндігімнің түскен жерін қараши,
Алаш екен адамзаттың дарасы!
...Алланың бір құпиясы сенде тұр,
Атырау-Арқа – Алатау-Алтай арасы...

*С. Тұрысбек.

**АҚШ-тың бір штаты.

ТУҒАН ЖЕР

Тұған жер –
Тұған топырақ –
Қарашы, менің көзіме!
Жұмыр жер жырын оқып ап,
Құсша ұшып келем өзіне...

Құсша ұшып келем Арқаға,
Алады күтіп анашым.
Дүниежүзілік саяси картада
Сен – жалғыз нүктө ғанасың.

Жер үшін сен – бір түйір дән,
О, менің құйттай мекенім.
Кіндіктен қаным құйылған,
Кішкентай Планета едің!

Айранын анам іш десе,
Зәмзәм суына бергісіз.
Кіндігім саған түспесе,
Кім болатыным белгісіз.

Арқалап жүргін арқама,
Мойындаپ өтем тірлікте.
Дүниежүзілік саяси картада
Жүрекке ыстық бір нүктө...

* * *

Қалай болса, –
Солай жаза салатұғын өлеңді,
Социалистік реализм жоқ енді.
Жаза алмайсың енді өтірік сүйем деп,
«Отан үшін отқа түсіп күйем...», – деп..

Тек Құдайға бұратұғын бетінді,
Құпия ғой өлең деген не түрлі.
Біз онымен қаншама уақыт ойнадық,
Отпен ойнап, өлген бала секілді...

Бұрын-сонды сен де, мен де білмеген,
Аландарда ашулы жұрт.
Гулеген...
Асқақ рух керек азат халыққа,
Күл-көмешті көзіне де ілмеген.

Көрген не бір аярлық пен көгенді,
Бұрынғыдан бөлек қазір ол енді.
Есенинше егіл осы елге кеп,
(Мұлде, әйтпесе, жазбау керек өлеңді).

* * *

Сайран менің он сегізім
Аққудайын айнакөлде
Ақтогайға арбалды.

Орда бұзар отыз жасым,
Қамал алар қырық жасым
Қарқаралда қалған-ды.

Қазыбек би жоқ, Әйтеке би де, Төле де –
Алдына барып бақ сынар.
Тоталитаризм – төбеде.
Төрімде кілең – қабағын түйгөн хатшылар.

Біреуге ұнар, ұнамас,
Түнектен Күнді шолғанда, –
Содан да қалған мына бас
Адыра қалмас Алашы азат болғанда.

О да бір ойран қез еді...
Өртендім – күйдім,
Егілдім – сүйдім, лақылдалап.
Жанымның жасын кезені,
Өзімнен көшіп, өлеңде қалды –
Лапылдал!

Көзімде – сорам...
Қайтейін соны сезбесе ел?
Көкіргіме көктей кеп Көктен жетті өлең.
Ел лағып жүрген кезде сол
Лапылдал жанып,
Мен қалай күл бол кетпегем?!

ӘЗӘЗІЛ

Неше түрлі зымиян ой – ішінде,
«Неменеге қышиды осы тісім?» – деп.
Жер бетінде келе жатты Әзәзіл,
Көздерімен құллі әлемді ішіп-жеп.

Салды сонсоң сойқан сұмын ыланды,
«Шегіртке», – деп жариялад жыланды.
Ақымақты «Данышпан!» – деп азғырды,
Қорқақты да «Арыстан!» – деп мәз қылды!

Жамандыққа қосып беріп жақсылық,
Адалдыққа – аңқауларды тапсырып,
Қулықты да қосақтады Ақылмен...
Ақырында тіл табысты Ақынмен.

«Кел, ішелік! Серімсін ғой сен менін,
Қарамайтын түріне де теңгенің!
Азат адам өзің ғана фәниде,
Бәрі де құл – сенен басқа пенденің!

Кел!
Барлар мен кафелерге барайық,
Адамзатқа аспаннан бір қарайық!».

...Ақын кетті бетке ұстап сол моланы,
Қайыршы һәм патша десе болады!
Қасиетсіз Әзәзіл-ай!
Қара бет!
Құледі енді:
«Маскүнемді қара!» – деп.

Мініп алған әбден қаһар-күшіне,
Қара мына Әзәзілдің ісіне:

Ұйықтап жатқан Дағынсыздың
Бір күні Муза болып кіріп барды түсіне!

Не деді оған? (Бал ашпай-ақ қоялық),
Омырауы көз жасына боянып:
«Адамзат!» – деп айқай салды сол пенде
Ертеңіне – ақын болып оянып!

Қасиетсіз Әзәзіл-ай!
Қара бет!
Айқайлап жүр: «Данышпанды қара!» – деп.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ

Ілесе алмай уақытқа кеш қалармын...
Мен қартайғам...
Мен деген ескі адаммын...
Қартайған соң, қайтейін, шалдарға ұқсан,
Өткен-кеткен өмірді еске алармын.

Атам – Түрік,
Ұмай-ды – Ұлы анамыз.
Ғұмырымнан менің жұрт құрады аңыз.
Түрік дейтін ұлыспен бірге туғам,
(Енді менің жасымды сұраманыз!).

Мен эпостан көкке құс ұшырдым кеп,
Жүргімді өзіңе ұсындым, көк!
Мені «жана қазақтар» түсінбейді,
Мен де оларды жүргем жоқ түсінгім кеп!

Бір шырағы Тараздың базарынын,
Бір жолымын Хафіздің ғазалынын.
Мен Түріктей көнемін...
Әрбірден соң
Асанқайғы секілді азалымын!

Күндіз – мылжып, гәй-гәймен кеш батырды,
Бәрі – дана, ер жүрек, есті, ақылды –
«Жаңа ақындар» – ішінде Фейсбуктың!
(Қайтесіндер мен сынды ескі ақынды?!)

Күн күркіреп,
Мұздақтың селі құлап,
Әлеуметтік осы бір желі... жылап.
Күннің күні, есі бір кірген кезде,
Боздал тұрып іздейді мені, бірақ.

* * *

Алладан жоқ басқа түк мұнда,
Алашым, сабағы ем көгіннің.
Арынан өксік бол шықтым да,
Аузынан өлең бол тәгілдім.

АСПАНДАП ҰШҚАН АЛТЫ ҚАЗ

Аспандап ұшқан алты қаз!
Ала жазда ата жүртқа қайта орал.
Аймағым – байтақ, халқым – аз,
Алашыма сәлемімді айта бар.

Қырандары қанатынан қайрылып,
Көрген күні шер болды ма, соры – зіл?
Төлегеннен айырылып,
Бекежанмен ел болды ма – соны біл?

Айдын көлдей аспанымның тұнығы,
Соған шығып қаңқылда да өлең айт.
Жүгірген ан, ұшқан құсы түгілі,
Абалаған итіне де сәлем айт!

«Қаптай шаппай, қайт кейін,
Жау келген жоқ іргеңе –
Ит-құсқа үрші, үргіш болсан қайтейін,
Жақсы менен жайсаныма үрме?!» – де.

Қызық көріп қашқаны мен шапқаның
Жүрт шабынды... Тірі жан жоқ қасымда.
Кім біледі кімді талап жатқаның,
Иттің миы – басында.

ҚАРАОРМАН

Тасын жарып, мұз құрсанған шындардың,
Қара жерде қарагай бол бүр жардым.
Жазда – аптап, қыста – аязды көзге ілмей,
Жар басында жап-жасыл бол түрганмын.

Текті жүрттың –
Әрі – ұлы, әрі – ірі,
Топырақта жатады ылғи тамыры.
Мен Алтайдан алты ағаш бол шығып ем,
Алты Алашқа айналдырған – Тәнірі.

Құдай мені Түрік қылды құты – ұлы,
Жаным – сонда, тән де – сонын түқылы.
Мен Алтайдан Ақсоранаңға кеп түскен,
Қарағайлы Қараорманның түқымы.

Маңғаз Мағжан,
Өр Қасым да сол жүрттан,
Сорғалаған көз жасым да сол жүрттан.
Қара басты тәрк қылып қашан да,
Қараорман деп зарлайтыным – сондықтан!

Жан сіміріп жасыл жүрттың жарығын,
Жастайымнан уызыма жарыдым.
...Қараорманым Ҳаққа қарал күніренсе,
Солқылдайды алпыс екі тамырым...

ГҮЛБАҢОРДЫҢ ӘНІ

Н. Д.

Азан да – қазан ел сіңген жерге мен сіңбей,
Қазаннан келіп, Қарқаралыны жерсінбей;
Теңсінбей не бір татардың қаратаяғын,
Оқалы орыс офицерін де менсінбей! –

Жұр едім... күнде тәбем бір көкке тиеді,
Көрмеген едім күйкі мен көмеш, күйені.
Мен туған шаңырақ қарадан шығып хан болған,
Құнанбай тұскен, Абай кеп тұскен үй еді!

Қайран, шаңырақ,
Қалдым аңырап.
Көрісер күн бар ма,
Қозыдай маңырап –
Жамырап?!

Аттың үстінде кеппеген бір сәт тақымы,
Болмысы бөлек, бітімі, сезім, ақылы –
Алдынан шықты Алаштың ұлы, бір бекзат –
Ақпайдың Жақыбы!

«Беретін көктен бекзатым сен-деп – Айды алып!»,
Көзімді жұмып, құшағына құлап, байланып –
Күндерім қайда көк үйде өткен шалықтап,
Штраустың вальсімен шыр-шыр айналып?!

Татьянаның әніне елтіп, биге – бір,
Тәттімбетпенен күніреніп, айхой, күй көніл.
Абайдың жыры ар-ұятымды әлдилеп,
«Махаббат, қызық мол жылдар» өткен үйде – бұл!

*Гүлбандор – Қарқаралығағы татар көпесі Халиология Бекетовтің (1833–1903 жж.) қызы, Ақпайдың Жақыбының жұбайы.

Қайран, шаңырақ,
Қалдым аңырап.
Көрісер күн бар ма,
Қозыдай маңырап, –
Жамырап?!

Петербор анау – зенбіректің зілді солқылы,
Татар мен қазақ несіне шошып, толқыды?!

Заманның лаңы тез болып түсіп тектіге,
Жаманның бәрі құтырып кетті сол күні!

...Жақаңмен жүрген баллдағы балдай биімді,
Сағынғандағы білмейді ел көніл қүйімді.
Атқора қылып алмаса болды құл-құтан,
Құнанбай түскен, Абай кеп түскен үйімді!

Қайран, шаңырақ,
Қалдым аңырап.
Көрісер күн бар ма,
Қозыдай аңырап –
Жамырап?!

ҚАЙДА ҰШЫП БАРАСЫҢ?

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын.
Ғажап бүгін,
Кез жер-көктің арасын.
Қазақ Тілін тастап көшкен жұртыңа,
Азаттығым, қайда жөнеп барасың?!

Жігер болса жетенде һәм ділінде,
Енді ілесе қоймассың жат ілімге.
Азаттығым, көтеріліп аспанға,
Сен сөйлейсің қашан Қазақ Тілінде?

Ауыл көшті алтын бекет қала деп,
Жұрегімде наза да көп, нала көп.
Азаттығым, аспанға үшсан samғай үш,
Қазақ Тілін қоса өзіңмен ала кет!

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын.
Ғажап бүгін –
Кез жер-көктің арасын.
...Қазақ Тілін тастап көшкен жұртыңа,
Азаттығым, қайда жөнеп барасың?!

ЖЕТИСУ

Түркілерде Алманың Атасы –
Бұл.
«Алматы» деп қазақтар шатасып жүр.

Жеті Өзен боп мұхиттың үштен бірі,
Жеті Жарғы тәбеден түскен күні –
Көк аспанда,
Жерінің астында да,
Көк Тәнірдің жүріп тұр үстемдігі.

Тұн де қатып, ерісе таңда мұзы,
Күні біткен күйкінің қалмады ізі.
Арындармай, қайтейін, арулар-ай,
Албыраған алмадай алма жүзі!

Шығып көрші бағынан кіріп кетіп,
Хан Тәнірі еңсенді биіктетіп –
Жас алма мен жас ақын өседі екен,
Ескі-құсқы еріксіз шіріп кетіп...

Бұдан құрап өлеңді, одан құрап,
Жүрген мына шайырға обал, бірақ...
Көк Тәнірі сала ма оған көзін,
Хантәнірі ала ма одан қуат?

Жеті Өзен боп мұхиттың үштен бірі,
Жеті Жарғы тәбеден түскен күні –
Жерүйыққа айналған Жетісуга,
Дәлдүріштің жүрмейді үстемдігі!

Жеті Өзеннің жанары тұнық көк-ті,
Шүршіт көріп ішінен тынып кетті.

Жетісудың жүрмен деп жел жағынан
Қалмақ кетті...
Тұқымсыз құрып кетті!

...Көк Түркіңе ұсын деп қолда барды,
Көк Тәнірі мені де қолдаған-ды.
Неге кетіп барамын Жетісудан,
Жеті бірдей қазынам сонда қалды?!

* * *

Алапат бір сезімге еріп,
Арбаган көк шалғайынан –
Адам жоқта өзің келіп,
Аймалап ең маңдайымнан.

Талықсыған Серігінің
Таланы осы болғандай ма?
Табы қалды ернінің
Сол маңдайда – сор маңдайда.

ЭКСПРОМТ

«Манас» жыры жүрегінен,
Сүйегіне шапқан баланы,
Алпыс белден асырып,
«Абылайдың қамалы –
Батыр болмақ сойдан-дүр», –
Деп жазбауга қалмай қалды амалы.
Мынау оның заманы емес, қайтейін,
Қорқақтар мен қомағайдың заманы...

* * *

Талқына ал мені... Айыптамағын!
Ес-түсінді алар елесім жылап.
Мен өлем. Өрттен жанып барамын,
Молама гүл ап келесін, бірақ...

* Баянғали Әлімжанның «Батыр болмақ сойдан-дүр» атты
эссесин оқығанды.

* * *

Қай жаққа мені әкеттің тағдыр, тепең көк?
Қарашаңырақ қайда,
Қай жерді жүрмін мекендер?
Қыс түссе болды, қысылып жүрем, күрсініп,
«Қарқаралыда да қар жауып жатыр ма екен?!» – деп.

Анаңның жүзін бір көруге де ділгірсің
Қасында мен жоқ,
Шаруасы қайдан мыңғырысын.
Қыраулы қыста бұзаулап қалып сиыры,
Жем-шөбі қат боп, уайымдап жүр ме?
Кім білсін...

Шаруасы жүрттың жатқандай маған тіреліп,
Күтпеппін малын қасына, шіркін, бір еріп.
Өзінің сүтін емгенде кісі болғандай,
Несіне әуре –
Сиырдың сүтін жіберіп?!

Қай жаққа мені әкеттің тағдыр – тепең көк?
Қарашаңырақ қайда,
Қай жақты жүрмін мекендер?
Ойлаумен жүрмін, қаһары қайтып қыстың да,
Сиыры жазда бұзаулап бітсе екен деп...

Аман ба, Тәте, адам затынан бөлегім,
Тауыса алмадым дүниені, шарлап көлемін.
Барғанда жазда бұзауын тұрса мөніреп,
Өзектен лықсып құйылар шерлі өлеңім...

АҚСОРАҢ МЕН АЛТАЙДА

Койлашқа

Өмір сүрдім ылғи жаным шырқырап,
Есімді алып екі ғасыр түйісі.
Ақсораңнан – Алтайдың іісі бүркырап,
Алтайдан – Түріктің іісі.

Көк Түрікten қалмай түк қанда,
Дүрлігіп мынау дүр-елің,
Мен –
Ақсораңның құзар басына шыққанда,
Қасымда сен де жүр едің...

Алтай –
Алаштың алтын тағы еді бұрынғы,
Басына шыққанда желпілдеп желмен тұлымым –
Менің жүргегім ат ойнап аузыма тығылды,
Сенің де басың айналған шығар, құлыным!

Етекте – ел әлі, егілер жанын оған да,
Еділден келіп ат суарған атаңдай екеуіміз –
Екі пенденің басын қоспайтын қоғамда,
Егіздей болған еkenбіз!

Таңдану дейтін қазақ дейтүғын қанда бар,
Күндердің күні көтеріп басын құлден кеп –
Қарқаралының бір қара баласы таң қалар:
«Үзенгі қағысып, қос көкем қалай жүрген?!» – деп
«Бекзаттайын қандай бір дәурен сүрген!» – деп.

* * *

Тәте, биыл үйге осы шөп түсті ме?
Аз түсті ме тағы да...
Көп түсті ме...

Аппақ қарға оранып төңірек бұл,
Неге ұлып тұр ит-құсы, көні кепкір?!

Ала сиыр тағы да түсіме еніп,
Маған қаралай бұл мөніреп тұр?

Биылғы қыс қабағын түйіп кепті,
Қарашада қарын да үйіп-төкті.
Қарқаралы қалжырап суға зар бол,
Қанша шалғын шілдеде күйіп кетті.

Уайымдама бір барам қасына, анам,
Көкірегімде көк пен жер, ғасыр алан.
Қара сиыр қартайып етке өткенде,
Ала сиыр еді ғой асыраған.

Түсіме еніп, ол неге мұнданады,
Бұл астында бұлышыр күн барады.
...Ала сиыр аш қалса, Ақсұнқарлын,
Тұқымынан бұл жақта кім қалады...

МИДАҒЫ КОД

Қазақтың қара өлеңі,
Сары Арқаның сәні еді...
Атыраудай айбатты,
Алатаудай асқақ-ты,
Алтайдайын әдемі!

Қара өлеңі қазақтың –
Қара аспаннан қара жерге жеткеннен,
Қара түнекке кектенген.
Патша өкіметін де жек көрген,
Совет өкіметін де жек көрген.

Жан мен малды түк қалдырмай санаپ бір,
Жарылқайтын Құдайға өзін балап бір –
Капитализм келіп енді кенеттен,
Оған тағы ожырайып қарап түр.

Оның-дағы буынынан өл тайған,
Көзі басыр, күні біткен, қартайған.
Аляскадан алтын шыққан жоқ еді,
О, Қара Өлең,
Сен шыққанда Алтайдан!

Сенен басқа күллі нәрсе көнерді.
Тұспей жерге, көкке самға, бол енді!
Өкіметтер бүгін бар да, ертең жоқ,
(Өмір-бақи түсінбейтін өлеңді...).

Қаншама алып империя қирады,
Сені көріп, кім айылын жимады?!

Неше түрлі формация кеп, кетті,
Біреуі де ақылына симады.

Тұранды іздең, ғаламзатты кезіп жүр,
Қалып қойған Ұлттың Коды Мидағы...

ЖАРЫҚ ПЕН ТҮНЕКТІҢ ЖЫРЫ

ТҮНЕК:

Ей, Жарық!
Тобырдың сынары не еді? –
Халық!

Сәуленің сынары не еді? –
Түнек.
Ішек-қарынның сынары не еді? –
Жүрек!

Махаббаттың сынары не еді? –
Зұлымдық.
Адамзаттың сынары не еді? –
Жылым-құрт!

Жарық дүниенің осы жөні-жосығы.
Сен білмейсің осыны!

ЖАРЫҚ:

Аулақ, сұмырай, адамзаттан, пендеден,
Түнек қалай егіз болмақ Жарықпен?
Тұла бойын ана жыры кернеген
Бесік қалай егіз болмақ Табытпен?

Алланың да айтқанына көнбекен,
Адамзаттың жолын баққан көлденең –
Тобыр қалай егіз болмақ – Халықпен?!

О, Тәнірі!
Зілі жойқын, жат үні,
Естідің бе мына зұлмат дауысты?
Ақырзаман келгені ме ақыры?!

Дүниенің ақыл-есі ауысты...

* * *

Қарқаралы – бір жағым, – Баянауыл,
Жұрттан қашса, жұпарын саялады үл.
Менің Алаш-Анамның, Мәдилермен
Ылғи Жаяу Мұсаға аяғы ауыр.

ТҮСІМДЕ

Е, мына жер киелі,
Киеліні күллі түркі сүйеді.
Төрінде оның текті қазақ отырган,
Тексіз де отыр аузы-басы күйелі.

Маған, бірақ, тексіз оның тап келді,
Тап келді де жау көргендей шап берді.
Қасапшы екен, көтеріп қап балтасын,
Жүрегімді ортасынан қақ бөлді!

Мұп-мұздай бол суып кетті түр-өнім
Түнек болдым,
Күннен түскен нүр едім.
Лұпілдеп түр аяғының астында
«Қазағым» деп шырылдаған жүрегім...

Құлап барам түрегелуге жарамай,
Қара қаным – ағып жатқан қара май!
Әлгі қазақ жүріп кетті...
Қазақтың
Шырылдаған жүрегіне
Қарамай!!!

Түсімде де,
Өнімде оған жолығам,
Өз түсімді өзім сонда жорығам:
Бұ қазақты сүйетінім шын болса,
Бұ қазаққа күйетінім шын болса,
Мен де өлермін тексізіңін қолынан!

* * *

Сансыз елесті сандалып шалған,
Сұмнан да талай алданып қалған,
Қудан да талай алданып қалған кісі едім.

Мен қайдан барып Алашқа ара түсейін?
Бар ма уың – әкел?!

Көзімді жұмып ішейін!

* * *

Таста!
Кет!
Басқа жігітпен!
Қалайын іштен тынып мен,
Қайтады деген үмітпен,
Үміттен өктем күдікпен...

Сәлем деп үшқан құстардан,
Күтейін күллі тұстардан.
Көрінбе Қазақстаннан,
Ағылған автобустардан.

Жел өтіп тесік өкпемнен,
Іздейін жерден, көктен мен.
Жолдасам сәлем кептерден,
Өте шық самолеттермен!

Пойыздар заулап от басқан,
Аққанда асып жасыннан;
Қарағандыға соқпастан,
Қалқып өт менің қасымнан!

Іздейін Алатаудан да,
Іздейін Қарататудан да.
Тұрайын шошып оянып,
Қара түн, ала таңдарда.

Іздейін сені даладан,
Іздейін сені қаладан.
Іздейін сені гаваннан,
Іздейін күннен, заманнан.

Іздейін сені көктемнен,
Іздейін сені кептерден.
Келер күндерден таба алмай,
Іздейін өксіп өткеннен...

Еркесі болшы ертектің,
Елеспен ғана жан бағып.
Жүргінен бәтен еркектің,
Іздейін, тіпті, сандалып!

Онаң да іздел таппайын,
Таппайтыныма сенесің.
Жүргіме сонсоң сақтайын,
Сандалған күннің елесін...

Тіс жарман біреу айт десе,
Өксікті өткен басымнан,
Тастап кет мені!
Әйпесе,
Жібермей қоям қасымнан!

Тастап кет мені!
Тенселіп,
Келемін, жан-тән талған ба?
Өлгенде ғана мен сени,
Тастаймын мынау жалғанга...

КЕЙКІНІҢ БАСЫ

Жаудан жалғыз – шахит кешкен дейтуғын, –
Келе жатыр алтын Басы Кейкінің.
Масайраған оның мұнда жоғында,
Орман жұрты қала барды соңында.

Кеудесінде қалып қоймай зар әні, –
Маңдай, шеке сүйегіне тарады.
Ата жаудан көнілі қалған, қайран, Бас,
Арт жағына қайырыла бір қарады...

Белес, белес, белес деп,
Айдарынан сипағандай жел ескеп.
Бас келеді тоқсан жылдай көрмеген,
Өз денесі
Өз көзіне
Елестеп!

Табанының астында ғап тағылық,
Қасіретті қара тұнді жамылып –
Бас...
Келеді тоқсан жылдай торығып,
Өр кеудесін,
Қол-аяғын сағынып!

Улап-шулап әлуметтік желі кеп,
Демін ішке тартқан кезде төнірек –
Тоқсан жылдай екі көзі төрт болған,
Торғай жұрты қоя берді еңіреп...

Бас келеді баса-көктеп ғасырды,
Әлихан мен іздел Қаныш... Қасымды.
Қарай бермей жаутаң-жаутаң ауына,
Көкке қарай көтер, Қазақ, басынды!

* * *

Наполеон елінің еркесі, өр,
Көсіле жамылған көрпені.
Мәскеуді бір рет өртесе ол,
Едіге – үш рет өртеді.

Түркінің тағы бір өркені,
Тәнірдің нұрына бөлөнген –
Үйсіннен – Жамбыл кеп өртеді,
Мәскеудің жүргегін – өлеңмен.

Жасынды жалмаған ұртымен,
Тұске еніп, Доспамбет көкем-дүр –
Енді кеп мен шықтым Түркіден!
Дүние не болар еken бұл...

НЕКЕ САҚИНАСЫ

(Шандор Петефицен)

Сал аурудай, салқын қаны,
Келді алдыңа шерлі ерің:
Мынау алтын сақинаны
Танисың ба, Зергерім!

Бір әйелді сүйіп ем ғой,
Көнілінің хошы – нұр.
Соған бола құйып ең ғой,
Сақинанды осы бір?!

Жатқа құлап...
Құсамын мен,
Қанжылатты ол қанша күн?
...Кесіп алдым пышағыммен
Бүгін соның саусағын!

Қалған бағыт — бақи-дағы!
Қалай мұнда жай табам?
Осы опасыз сақинаны
Балқытып бер қайтадан!

Құй қайтадан!
Кү өмірде
Кесіпатқа кенеліп —
Шарқ ұрган тұл жүрегіме,
Алқынған сүм жүрегіме
Жіберейін жебе ғып...

* * *

Ей, қойшы, ей, өмір!
Сабырымды әбден сарықтын...
Қарманып жүріп қалжырап, қаусап қалыппын.
Өмір дегенің – өзегің кеүіп, лапылдап
Өртену екен!
Жиһанды кезіп, жаңа ұқтым...
Ей, қойшы ей, өмір!
Талықтым.
Күйдім.
Зарықтым...

Ей, қойшы, ей, өмір!
Тақпағынды айтып, тақылдап,
Күлесің неге аярлықпенен сақылдап?
Түтіндең, бықсып жатпаймын,
Кел де, тез өрте,
Көзің алдында кетуім мүмкін, лапылдап,
Табытқа қарай,
Тамұққа қарай жақындал...

Тәубеге түскен табытқа мәйіті енгелі,
Көргенсің талай көрсоқыр небір пендені.
Жеңімнен тартып, мені де боққа салмақсын,
Жеміт іздеген жер құрты деп пе ең сен мені?!

Ей, қойшы, ей, өмір!
Кісі деп сол бір пендені...

Мен сені көріп күн сайын күйіп, бүлінгем,
О баста-ақ сенің опасыз нұсқаң білінген.
Сен, Құдай болсан, жан берші діңгек денеме,
Сен, Құдай болсаң, бал берші заһар тіліңнен!
Ей, қойшы, ей, өмір!
Түріннен сенің түнілгем...

Бала жігіттей қойныңа барып еніп ем,
Сайқал екенсін!
Түсіндім әбден сені мен.
Опасыз қу деп ойлама бүкіл пенденді,
Ойнас қатынша ойнама деймін менімен,
Ей, қойшы, ей, өмір!
Түсіндім әбден сені мен...

ӨТТІ-АУ, ӨМІР

Өтті-ау, өмір – жон терінді сыпрып,
Ақжарықтың өзінде Ай, Күн тұтылып –
Ақтайлақтан ала тәбет арс етсе,
Ақмешіттің алпыс иті құтырып!

Өтті-ау, өмір – бос қиялға беріліп,
Менен қалып ақындық та, серілік.
Қарағайдай қалың елім бар еді,
Көзге содан бірер қара көрініп...

Өтті-ау, өмір, жау – күшіктең, дос – өліп,
Қар жастанып, бауырга мұз тәсеніп.
Қызыларайдан қия бетке шыққанда,
Батыраш пен Қотырашы қоса еріп...

Өтті-ау, өмір, Қасым рухы қамшы бол,
Өзегімнен өз қолымен аршып от.
Арқадағы аруағым – аза жыр,
Қарқаралы – көзімдегі тамшы бол...

СПАРТА ӘЙЕЛДЕРІ

Гүлстандағы бейне гүл,
Болмысы бөлек,
Әлемі –
Спарта деген жерде бір
Әйелдер болған әдемі.

Жауһарға орау обал-ды,
Музага рухы оранды.
Батырлар сүйді оларды,
Ақындар сүйді оларды.

Қыздары сыңды перінің,
Періште елі кімде деп, –
Басқа елдің еркектерінің
Түсіне кірді тұнде кеп.

Мейірімін тәгіп көзінің,
Жүргегі тулаң, дірілдеп.
Ерлерін ғана өзінің
Еміреніп сүйді: «Пірім», – деп.

Аттың да тартып жалынан,
Айқасқа кіріп –
Құлпырды.
Спарта ұлдарынан –
Үрандал шабар ұл туды.

Шаттанды зеңгір аспанын
Шалқытып, орап шабытқа – от,
Ұлдары жеңіп қас жауын
Оралса елге –
Табыт бол!

Тұрды олар мәз боп,
Мастанып,
Жұмаққа барып енгелі:
– Құл тұған екен басқа жұрт,
Ұл тұған екем –
Мен! – деді.

...Музатта беріп баласын,
Мұңды ойға батып не түрлі,

Карқаралыда қалды қайран Анашым –
Спартаның әйелдері секілді!

БАҚШАҒА БАРҒАНДА

Көргенде оны, көрмеген жұрт та – арманда:
«Бұл – бұлым қайда?!»
Хақым жоқ сенің қарғанда!
Жамырап қоя берді ғой гүлдер бір күні –
Бақшаға барғанда.

«Сүйеміз дейді – бекзат жұрт, бекем, бай елді,
Сүйеміз дейді әлемді,
Әсем әйелді.
Көлеңке түсіп, көктен Күн кете барғанда,
Артық та болмас аймалап қойса Ай енді...»

Біз көрдік – дейді – Колумб көрмеген әлемді,
Қайыршы елден қашқанбыз, іздең бай елді.
Ерекк біткенді ерекше жақсы көреміз
Егіліп сүйген ел-жұртын,
Сұлу әйелді!

Күн – ерім болса,
Топырақ – аппақ тәсегім.
Әсемін дейді – өшемін қүйіп, хош, елім!
...Абайша айтса, махаббатсыз өсе алмайсын,
Қоғамдық пікірі осы онын.

«Сен қайда болсан, мен – сонда», – дейді – ізгілер,
Сұнқардан гөрі тоғышар елдің құзғыны өр!
...Құлағын неге салмайды осы дауысқа,
Қоғамдық пікірді қолдан жасайтын біздің ел.

ОЙРАНТАУ

Тауымнан шыға сала көкке өрлегем,
Желге еріп, жер кезуді жек көрмеп ем.
Ойрантау түрегеліп қарсы алатын,
Төбеден – төбені асып жеткенде мен.

Қараса менің жүлеу сүрқыма көк,
Ұлтты не бір дыбыс ұртыша кеп –
Таяқ жеп неше түрлі оңбағаннан,
Боздағам Ойрантаудың бұлтына кеп...

Ойран сап құшағына кіре беріп,
Балбырап кететін мұз-жүрек еріп.
Бас салып бауырына тартушы еді –
Ойрантау – орынынан түрегеліп!

«Ер – туған жерге...» – дейсін.
Мақұл, көкем,
Кетейін, болса болмыс, затым – бәтен.
Ойрантау мені күтіп отыр ме екен,
Жабығып жаны елегізіп жатыр ма екен?

Келейін, кел десеніз, сүйіне де,
Кетейін, кет десеніз күйіне де.
Ойрантау ойран сал деп, сайран сал деп,
Жіберген мені мынау дүниеге.

Көзімнен жасым ағып сорадайын,
Не таптым?
Қой, қойымды қоралайын...
Сап бітсем ойранымды, сайранымды,
Ойрантау, енді өзіне оралайын.

Шаршадым...
Ерке ұлын ем ер көнілді,

Ел білер,
Жел біледі ертегімді.
Күйбендең кетсе тағы қуйкі дүние,
Жіберіп аларсың бір тентегінді.

Күйініш, сүйініші мол ғаламда,
Ол дағы толғар менше – толғағанда.
Ойрантау, етегінде туған бала,
Ойранын салмай қоймас оңбағанға!
Патшасың, мейлі,
Тіпті, құл едім де,
Білегін ұлкен болгай,
Жүргегін де.
Па, шіркін, оңбағанға ойран салып,
Жүргенге не жетеді бұл өмірде.

РОБЕРТ РОЖДЕСТВЕНСКИЙДЕН

Жылағың келеді,
Күлгің де...
Тарихым – таптар тартысты.
Жарты елім – құғын-сүргінде,
Ит қосты оған – жартысы...

Қара жер қалды, қар құрып,
Іркінді сулар өр тұсы.
Айдалып кетті жарты жұрт.
Айдап жүр оны жартысы.

Қан елі – мынау.
Жау ел!
Орақ пен Балға – шар тұсы.
Жарты елім – «халық жауы» еді...
Ұстаған оны – жартысы.

Арақтан басқа бірдене
Қалды ма?!

Қайда Маркісі?!

Жарты елім отыр – түрмеде.
Тергеуде –
Қалған жартысы.

АҚСОРАҢНЫҢ БАСЫНДА

Ақсораңның басында,
Ала бұлттардың қасында –
Ақсүнқар құстың ұясы,
Соныменен кіндігім бірге туасы.

О, жүрек, асау жүрек, бұлқын келіп,
Жұлқын келіп!
Қияға қыран ұшса мағұмұрланып,
Жапалақ жалбандаса, күлкің келіп.
Құзғынның жайпап кеткен жұртын көріп,
О, жүрек, жұлқын келіп, бұлқын келіп.
...Дүниеге шыр-шыр етіп жылап кеп ем,
Дариға-ай, кетіп барам күлкім келіп!

БАЛА КЕЗДЕГІ ДОС

«Я в поколении друга не нашел»
(Ю.Кузнецов)

Базарға кетті менің бір досым ақылды,
Автомен тасып арағын, адудын қатынды.
– Елім-ай! –
Дейді егіліп кейде ішіп ап,
...Бала кезінде бұ да өлең жазған пақыр-ды.

Қорланып алып, қозыкөш озып көп елден,
Көрші-қолаңың қолпашина да бөлениген.
Балапан – басы, тұрымтай кетті – тұсына.
...Мен гана қалдым күллі жұрт безген өлеңмен.

Көз еті өсіп күптей боп, майлыш еттеніп,
Өзінен-өзі қарайды неге кектеніп?
Мен сонау қайран балалық шақты сағынам,
Қырықтан асқан қырқылжың кезді жеккөріп.

Хан базардың да төріне тігіп қосын кеп,
Кердендең кетті керемет көңіл хошым деп:
«Анау бір сері менің бір әкім досым», – деп,
«Мынау бір пері менің бір ақын досым», – деп.

Кердендей берсін,
Кере де берсін қасын да.
Қай баламенен ойнамап едім жасымда?
Моцарт жоқ менде,
У қосып шарап беретін
Құдайға шүкір, Сальери қалды қасымда.

Айта да берсін аңыз ғып күнде атымды.
Пенденден безіп,
Музамен қалған мақұл-ды.
«Елім-ай!» – дейді егіліп кейде ішіп ап,
...Бала кезінде бұ да өлең жазған пақыр-ды...

ҚАРҚАРАЛЫ ОРМАНЫ

Мынау – Қара Шордағы,
Қалың нұлды Қарқаралы орманы.
Мен –
Алаш дейтін дертке түсіп жүдедім.
Бұл –
Өртке түсіп сорлады...

Біреуі – ағашзатында,
Біреуі – адамзатында,—
Сен – орманда, мен бөлек ем – ақында.
Жану үшін тудық, жазған, тағдыр – сол,
Лапылдасан, ал, лапылда!
Лапылда!

О, дарига-ай, қамшысын тәрге ілген,
Һас Сақтың бір бұтағы едік өр, мұлдем.
Қарағайға қарсы біткен бұтақтың,
Күл болғанын көрдім мен,
Тұл болғанын көрдім мен...

Ал, лапылда!
Лаулайтын тек ақын ба,
Өлең айтып өрт пенен дерт хақында?
Екеумізден өткен шерлі ешкім жок,
Ағашзат пен мынау адамзатында.

ӘДЕБИ ОРТА

Әдеби орта –

Әлем бір тосын ісі –

Совет пенен Сәбеннің қосындысы.

Маң-маң басып біреу жүр «біз ақпаз», – деп,
Мағжанды ұстатқан – осы кісі!

Нашар шәйір неге анау жақсы-ақ жігіт,

Бір жасаймыз бір өлең тапсақ – жібіл.

...Академик болды-ау, бір агатайым,

«Қасым деген – ұлтшыл» деп қақсан жүріп...

Мынау әulet – қатыгез, қаралы әulet,

Өз-өзінен өртеніп жанам-ау кеп.

Мұқағали жынды... деп жүрген көкем,

Көзін сығып өксіп түр: «Данам-ау...», – деп.

О, Алматы...

Алматы-ай, гүл-гүл бағын,

Гүл-гүл бағын қылды ғой дүлдүл бәрін.

Алаш Анам осында жинап алды,

Менен басқа сайраған бұлбұлдарын.

Бойын қалай демейтін, ойын қалай,

Осылардың осылымас ойындары-ай!

Алабұртып жүр екі-үш қарындастым,

Фаризаның өзін де мойындармай!

Зәрем үшса, басымды торып қайғы,

Бір жұбатар мұсылман жолықпайды.

Асып туған осылар адамзаттан,

Именбейді-ау, ешкімнен қорықпайды!

Ал, мен жүрмін үша алмай аспандап бір,

Көзім алды – қыл-көпір, баспалдақ құр.

Қарсы алдында Абай түр қабақ түйіп,

Қасымым түр қасқайып!

...Пастернак түр...

* * *

Мұртымыз қекке шаншылып,
Таусылып,
Өзек ашылып,
Сөйлейікші бір!
Тәнірге ғана бас иіп,
Дәйлейікші – дүр!

Жерге кеп шаншылмасын мұрт өмірі,
Ұлтыңның бұлттан да әрі жүр көнілі.
Алаштың өзі – жерде,
Тәңірі – көкте,
Арада өзінді ерткен Құлтегіні!

Өр жаққа өру де – сын,
Өлу де – сын,
Бекзат ұл – шаңырақтың төріндесін.
Көктегі Тәніріден басқа түк те,
Құйттай боп көзімізге көрінбесін.

Шіриді бұл дүние жоқ та құны,
Шірімес не бар дейсін оттан ұлы.
Мұнкімей, анылдарап бір лебіз айттық,
Естіп тұр оны да анау Көк Тәнірі.

Қарамай Арқа,
Алтай тау еліне,
Адамзат арбалмай тұр мәуеліге.
Сол құрттың салып кеткен бар думаны,
Қорқыттың жетпейді бір әуеніне!

Аспаннан Күн ауганда,
Ай қарасын –
Ақ сүттей жарық қылып айналасын.
Ашқанда, аузымыздан Күн көрініп,
Алашты аппақ сәуле аймаласын.

Ғұн едік Күннен туған өзіміз де,
Естілген Көк Тәнірдің сөзі бізге.
Күнікей Қыздан басқа Күн астынан,
Тірі жан көрінбей тұр көзімізге.

Табанды тіліп қалың ақ шағылы,
Арбайды Алла Нұры –
Бақша Жыры.
...Үдіре көшіп бастан Тұн Дәуірі,
Мінекей, келді Күннің Патшалығы.

Мұртымыз Көкке шаншылып –
Жерге емес,
Құрайық елде кеңес, белде кеңес.
Қазтуған, Ақтамберді, Дулатқа да,
Тәнірі мұндай күнді берген емес!

* * *

Төсектен тұрып шәйі көйлегің есіліп,
Есікті аш, жаным.

Тағы да келдім кешігіп...

Өзекті өмір өртейді, тарқат өкпенді
Кінәмді қойшы, күнәмді тағы кешіріп!

Фалия, мен ғой...

Көктемді келген көшіріп,

Бекзада сынды бетімен жүріп, көсліп.

Босаға жақта отырам ойда мұңайып,

Боқ дүниеде төрдің де барын кеш ұғып.

Баратын жерге бара алмай, жолым кесіліп,
Мен жүрген кезде керуен соғып, – кешігіп

– Бетсіздің бәрі ойранды салып осында,

Тексіздің бәрі сайранды салсын есіріп!

Бесінге дейін көкбәрі көкке бес ұлып,
Барларда басым мәңгрсе мәнін кеш ұғып,
Арсылдан үрген қаптаған иттің ішінен –
Қасқырдың даусы жетеді талып кешігіп.

...Күн де ауар бастан,

Күнәмді күллі ел кешіріп,

«– Рауан, мен ғой....»

Көгінді келген көшіріп:

Әкендей ізден,

Әлемді кезіп жүрсің бе?

Елес болсам да қелдім ғой саған...

Кешігіп...

МОЙЫНДАУ ЖЫРЫ

Құсалы ақындарыңа
Мойындарқызысам –
Шаттықты.
Сайқал қатындарыңа
Мойындарқызысам –
Пәктікті!

Залым, сүмдар да арбалса
Сұлулық барын –
Мойындал.
Дарынсыздар да таң қалса
Ұлылық барын –
Мойындал!

Мазақтап құба белдерді
Тұлпардан тұғыр озбаса –
Мойындал Құлагерлерді.
Батыраштар да боздаса –
Табытта тыныш жатармын,
Қанағат сезім бойымды ап –
Осынау керемет жаһаннын,
Кереметтігін –
Мойындал!

ЕРНІҢ ОТ ЕКЕН ГОЙ?!

Ернің от екен гой лапылдаған,
Жүре ме отқа қарсы ақылды адам?
Өртөніп кетеді гой құлге айналып,
Жаныңа жанұшырып жақындаған.

Ділді де,
Тілді үйіріп балдай жалған,
Бір сәуле көзімді арбап алдайды алдан.
Мен де бір көzsіз соқыр көбелекпін,
Шарқ ұрып өлерінде шамды айналған.

Қанқу мен өсекке де елең етпей,
Көп елдің гей-гейіне көне кетпей, –
Шарқ ұрып, сені айналып лағып жүрмін,
Көzsіз бір шамды айналған көбелектей.

Ұшып ем талай түрлі гүлді айналып,
Көз көрмей, көніл босап, тіл байланып.
Түбіне жүргегінің қона беріп,
Түбінде кетермін-ау, құлге айналып.

ЗАМАНА ПОЙЫЗЫНДА

Барар жерге құстай бол ұшып бардым,
Ұшып бардым, жеткенше үсіп-талдым.
– «Социализм» дей-тұғын станция бұл –
Тұс! – деді Ол.
Секіріп, түсіп қалдым.

Қырдағы Алаш баласы ем, Сырдағы Алаш,
Эпостағы ер едім,
Жырдағы – Алас.
Оны қайтсін, бас салып құл мен құтан –
Тонап алды.
Мен тұрмын – тыр-жалаңаш!

«Ешкім тиіскен жоқ...» – деген түсінік ап,
– Кет! – деді Ол.
Зілді екен түсі, бірақ,
«Репрессия» дейтұғын станциядан,
Күллі бекзат, тектімді түсіріп ап!

– Қайқай! – деді,
Қайтейін, іш ұлып тұр?!

Қымтырылып жөнедім, қысылып құр.
«Капитализм» дейтұғын станциядан,
Енді тағы итеріп, түсіріп тұр!

Бір тиын жоқ қалтамда,
Қайда барам?
Қайда барам!? Тағы да қайда қалам?!

Енді тоқтар бекетін «Алаш» деген,
Естіледі бір дауыс айдаладан...

* * *

Мен жұмаққа бармаймын ба,
Барам ба?
Мен Тәнірge жақпаймын ба,
Жағам ба?
Бес құрлық жоқ,
Бес жүлдýз да жоқ, тіпті,
Таңғажайып бес әйел бар ғаламда.

Жұмаққа енді бара алмайтын шығармын.
Бес сұлудың сырғасынан сыр алдым.
Бес сұлуға ғашық болып бір күнде,
Атақ-данқын бес құрлыққа шығардым!

Мен жұмаққа бара алмаспын, жарқыным,
Алды – шаттық бұ дүниенің, арты – мұн.
Бес сұлуға жаным Айдай албырап,
Құшагында – сары майдай балқыдым!

Ойламай-ақ одан басқа ешкімді,
Еміреніп жатып әзер ес кірді.
Шәрбәт жұттым бес еріннен егіліп,
Бесеуінің дәмі, бірақ –
Бес түрлі.

Жұмақ бағын кезу маған күлкілі,
Бес періште – айқаспайтын кірпігі.
Мені аспанға алып шығып көтеріп,
Бес құрлыққа лақтырады бір күні!

Жүргегімнің іші – шемен,
Шерлі – үні.
Біледі ғой тау мен тас та, ел мұны.
Бұ дүние мені үната қойған жоқ,
...О дүниенің де ойы маған белгілі.

БАРЫС ЖЫЛЫ

(Жұлдызнама)

Барыс жылы туған асау Балықпын,
Жердің тілін,
Шөлдің мұнын шала үқтym.
Мұн-шері мен қасіретінде жүзгемін,
Мұхиты жоқ қазақ деген халықтын.

Судың жырын,
Шөлдің мұнын айтқан күн,
Жағалауга шығуға да шақ қалдым.
Тоқырауынмен құмға сіңіп, құрдымға,
Көк теңіздің түбін көріп қайтқанмын.

Арпалысып асау толқын жалымен,
Батысты да,
Шығысты да шалып ем.
Шарап дейтін шалқар мұхит бетінде,
Шалқасынан жатып жүзген балық ем...

Тынық мұхитында-дағы жүзер ем,
Үнді мұхитында-дағы жүзер ем.
Барыс жылы туған балық болған сон,
Сырдың суы келген емес тізеден.

Алаш дейтін айдын-көлім,
Шер – жүрек,
Желден де озып,
Серпіл сенді, селді кеп, –
Жер түбінен Саған жүзіп келемін,
Желбезегім желбіреп...

ЭПОС ЖЫРЫ

(Б.з.г. II мыңжылдық)

Асанқайғы – Қарт Абыз, –
Алды жарық болған, міне, арты – аңыз.
Анам – Үмай.
Атам – Көк Түрік.
Қызым – Қызы Жібек.
Ұлым – Алпамыс!

Жерден жеміт теріп жеген қулардың,
Тәлкегіне түсіп қалай уландым?
Бал – таңдайым.
Жарқырап ақ маңдайым,
Мен –
Әпостан туғанмын.

Көз жұмылса – Көк Тәнірді көрем кеп,
Көкте жүргем
Көрген емен тәмендеп.
«Қозы Қөрпеш – Баян Сұлу» дей-тұғын
Жырдан туғам –
Өне-бойым өлең боп.

Бесікке де туда жырмен бөленген,
Өлеңменен өреленген төл ем мен.
Өмірмен де Кемпіrbайша егіліп,
Қоштасқанмын өлеңмен!

Алтындаіын хиссаға аптап өз басын,
Боздаса жұрт мына мендей боздасын:
«Қозы Қөрпеш – Баян Сұлу» – жанаңдан
Аягөзге тамып кеткен көз жасым!

Жанақтайын жасын болып жарқ етіп,
Қасым болып,
Қараорманға ант етіп,
О, Ғаламзат!
Саған ұшып келемін,
Махаббатсыз дүниені тәрк етіп!

...Атша туласп,
Алпыс екі тамырымның бұлкілі,
Сағыныштан сарғайды іздеп түркіні;
Үйсін,
Аргын,
Адай болып алдым да,
Абай болдым бір күні...

НАРЫҚ ЗАМАНЫ

Нарықтың ілініп қырына,
Басымды тауга ұрдым, тасқа ұрдым.
Банкті – баукеспе ұрыға,
Халықты – Құдайға тапсырдым.

ҰЙЫҚТА, АДАМЗАТ...

Ұйықта, адамзат, шаршадың гой болдырып,
Миллиондаған ғасыр бойы жол жүріп.
Жұлдызша ақты XX ғасырың
Сені ғарыш кемесіне қондырып.
Ұйықта, адамзат... Шаршадың гой, болдырып...

Тарих сахнасында –
Актер болып ойнаудан да шаршадың,
Ойсыздықтан... Ойлаудан да шаршадың.
Талай мәрте зілзаланы талқандап,
Женісінді тойлаудан да шаршадың.

Күрк-күрк етіп шемен толы қос өкпен,
Әзер тұрып жүргендейсің тәсектен.
Сен шаршадың – аштық, ауру, соғыстан,
Сен шаршадың – түрме, жала, өсектен.

Қағынып,
Тажал күштер тарпа бас сап, жабылып,
Сен шаршадың –
Неше түрлі заманда
Неше түрлі Құдайларға бағынып!

Сорыңа –
Жантық біткен жатып алды жолыңа.

Талай рет Иудаға сендің де
Шырматылдың сатқындықтың торына.

Сен шаршадың – сөйлеуден де көпіріп,
Сен шаршадың – өксуден де өкіріп.
Күюден де – көкірегінді от ұрып,
Сен шаршадың – сүюден де өтірік!

Сен қажыдың, түрпатынан байқағам,
Әлди, әлди!
Бесік жырын айт, Адам!
Анаң айтқан ұлы өлеңді ұмытсан,
Есіне бір түсірейін қайтадан!
Әлди, әлди, адамзат...

* * *

Бір үйдің бес аруын көріп – текті,
Көзімді Күннің нұры көміп кетті.
Көгімді бес-ақ жұлдыз жарық қылып,
Қалғаны – көз алдында сөніп кетті!

Патшаның өзін тең деп ойлатпаған,
Тұбіне жүргегінің бойлатпаған.
О, Алла-ай, айнада да арман бар ма?
Алдында он бұрым кеп ойнақтаған!

Гүлкерім, Күнсұлу мен Айарудай,
Аңыздың басы менен аяғындай.
Эпостан Қозы Көрпеш деген ердін,
Жіберген SMS-пен Баянындей!

Еңліктей елге мәшіүр атағы ірі,
Жаһанның жаурай алмас жат ағымы.
Кебегі жоқ-ау деймін,
Жырға орайтын –
Жоқ, сонсон, Шахтай Бекзат Шәкәрімі!

Ғабеннің, үшіншісі – Ұлпанындей,
Тұра алмас хан иіліп, құл – табынбай.
Ұлтымның берекесі кетпесе екен,
Ұлпанға Есенайдай ұл табылмай.

Біреуі – Біржан салдың Сарасындей,
Көргем жоқ дүниеден жан осындей!
Көре алмай дүниеден жан осындей –
Көзді ашып-жұмғанша өмір өте шықты,
Есік пен төрдің ғана арасындей...

Керексіз тақ та, бақ та, байлық маган,
Жүргегім жан ем жұрттан қаймықлаған.
Сұткенже – Ләйлә аруын көрген сайын,
Жұматай шәйірдейін ләйліп барам...

Ақын боп Алатауды өрлеңдім кеп,
Қасқайып отырмадым төрге кім боп.
Бес күндік дүниеде – фәни жалған,
Бес қыздан басқа түк те көргенім жоқ...

ҚАРА БҮЛТ

Күннің көзі күннен күнге қабарып,
Көлеңкелер төрт тарапқа таралып,
Қақ тәбеден бір бұлт төніп келеді,
Жай бұлт емес –
Қара бұлт...

Бір қара бұлт қақ тәбеден төнеді.
Бір наизағай тұтанат та –
Сөнеді.
Бұлт ішінде туған жасын, қалайша,
Жерге түспей бұлт ішінде өледі?

Қабағымыз қабарып,
Қара аспанға қайта-қайта қарадық,
Қараорманға қара нөсер керек бір,
Жауасың ба, ей, қара бұлт,
Жаумасың ба, ей, қара бұлт?!

МЕН

(М. Мағауиннің әуенімен)

Сарыарқа, самалыңды есіп жүрдім,
Жауһардай жамалыңды кешіп жүрдім.
Кіндігі Әлиханның тұскен жерде,
Ер жеттім,
Етек жаптым,
Есім жибым.
Бірінен-бірі өтетін сорақысы,
Заманың көзбен көрдім не сұмдығын...

Болмысы Түрік дейтін халық болған,
Шөже ақын Сарыарқада салыпты ойран.
Қасынан Жамантайдың, мәңгілікке
Дамылдаپ жатар жерін алып қойған.
Манастың тұлпарының осындағы
Екеуіміз екі ізі едік – қалып қойған.
Кесілген Хан Кененің Өр Басы үшін,
Өз басын құрбандыққа шалып қойған!

Ақбайдың Жақыбы ғой – Алаш елім,
Бересі ем біреуіне,
Аласы едім.
Күләштің көмейдегі бір дауысы,
Көзінің Әлімханның қарасы едім.
Бір жағы – Қарқаралы,
Бір жағы – Алтай,
Аспан мен Ақсораның арасы едім.
Әлемнің дидарында Мен бір мұнмын,
Әсептің кеудедегі наласы едім.
Һалифа дейтін Аққу аялаған,
Ақсұнқар дейтін Құстың Баласы едім!
Адамзат дейтін асқақ патшалықта,

Алашым,
Алар орның дара сенің!

Анам –
Араб –
Аллаға бас байлаппын.
Тұбім –
Қырғыз –
Манастан аспай қаппын.
Алаш дейтін адамзат үмбетінің
Суша сіңіп түбіне –
Тастай баттым.

Ақырын жүрдім-дағы анық бастым,
Пендерден –
Азамат боп қалыптастым.
Арада жеті түгіл, жетпіс ата,
Албанның ару қызын алып қаштым!

Жейтүғын жеміт алған есін құлдың!
Көркіне көз салайын несін – күннің?
Тілі – жат,
Пірі – жатқа басын иген,
Тірлігін тәрк қылып кесірлі ұлдың –
Ғаламның құлағына шалынбаған,
Қазақта – Қараөлеңнің десін білдім.
Толғатып Алаштайын жыр туа алмас,
Неге, Алла, басқаны тұл-жесір қылдың?
Дәуірден –
Дәуірлерге көшпін тартқан,
Дәурені барады өтіп есіл жырдың.
Дәурені өтсе-өтсін есіл жырдың,
Безініп дүниеден опасы жоқ,
Сезініп Кемпірбайдай киесін жырдың –
Сырты – has сұлу,

Іші – ылас фәниді
Көзіңше Қараөлеңмен шешіндірдім...

Алаш-ай!
Ала-құйын заманға ердім,
Гажайып тылсым сырлы ғалам көрдім.
Қалам мен қағазынан басқа түк жок,
Көрдім мен қараетін қаламгердін.
Азалы алашапқын жүртта туып,
Қараптан қарап соған алаң болдым.
Періште ем,
Ақырында – арам болдым,
Ой басып, осы қүнге аман келдім.
Арбалған айдаһарға адамдайын,
Алдынан өттім не бір маңманқердін.
...Тәнімді – жер алады,
Жанымды – Алла,
Сурып жүрегімді Саган бердім...

БЕСІК ЖЫРЫ

(Юнна Морицтің әуенімен)

Ұйықтай ғой, бөпем,
Жырыма майдай еріп бір,
Мазасыз жанға тәзімді зілдей серік қыл.
Жанынан шықты жан дауысы Жаңа заманнын:
«Жатындар жерге!
Жан алғыш ұры келіп тұр!!!»

Ұйықташы...
Сен бір бесікте жатқан ерікті ұл,
Еріксіз бізбіз – елеске жүрген сеніп құр.
Жаңа бір заман жаңа буынға, қашан да,
Ойыншығын шашып,
Добын да кіре теуіп бір
Айқай сап келген мылтық пен оқса сеніп кіл.
«Тарихты» оқы,
Әр бетін ашсан бір-ақ сөз:
«Жатындар жерге!
Жан алғыш ұры келіп тұр!!!»

* * *

О, Шырағым...
Жанып-өшкен!
Сүйші мені танып естен!
Алақұйын сезім лықсып,
Аумай барам жарыместен.

Сиқыр сұлу қалпына көш,
Көзді арбасын алтын елес.
Естен танып сүйген сені
Ешкім менен артық емес!

Бөтен отқа күймегендей,
Бөгде еркекті сүймегендей.
Алда бәрін,
Арба бәрін!
Несіне оның таңқаламын?
Аяғына жығылсын кеп
Ақыл-ессіз аңғалағын.
Арба бәрін!

Жалғанда ыстық жар екенін
Онсыз – дүние тар екенін,
Махаббат жоқ десе біреу
Көрсет оған –
Бар екенін!

* * *

Айтты түрік асқақ өнді,
Жыр мол еді сабазда.
Білге Қаған тасқа жазды,
Біз де жаздық қағазға.

Асау қанда – арын, қуат,
Алаудайын маздаған.
Сол өлеңді, жаным, бірақ,
Ақыл екен жазбаған...

Оңған емен өзім де онша,
Ойран ойым көп енді...
Жанда рақат сезім болса,
Жазам ба сол өлеңді?

Қазаққа тән қайнаган кек,
Қара аспанмен қатар кеп,
Көзін ашса – Баймағамбет,
Көзін жұмса – Махамбет...

* * *

Ғаламзатқа ғажапты айтып,
Адамзатты шомылдырып ғазалға, –
Бір базардан қазақ қайтып,
Келіп тұр бір базарға.

Сал-сері еді,
Бөлек еді,
Мәтел де – жыр, мақал да.
Тұла бойы өлең еді,
Төгіп шықты жаһанға.

Шатастырма басқаменен:
Тауын, тасын, қолатын.
Тау да – өлең,
Тас та – өлең,
Өлім де – өлең болатын!

Нұрда – Шығыс,
Батыс – күлде!
Айхой, сол бір алтын кез...
Поэзия ат үстінде!
Қара жерде – қаңқу сөз!

Ел бар ма еді Сақтан күшті,
Жоқ оның да қан-сөлі.
Поэзия тақтан түсті,
Аттан түсті сал-сері!!!

Өң мен түнге таңды қосты ол,
Жап-жарық қып сананы,
Көріспеспіз...
Мәнгі қош бол,
Патрицийлер заманы!

Көкке нұрын шашып өтті
Дулат – Данте, барлығы.
Ақсүйектік – қасиетті!
Қасіретті тағдыры...

* * *

Менің мұнда меншігім жоқ,
Ала бер!
Неге осы қызыл көз боп барады ел?
Анау аспан – құстардікі қанатты,
Үрпақтікі – мына жатқан жер.

Жетпей қойды-ау соған елдің ақылы,
Аты да – ұлы, басқамыздан заты – ұлы.
Хафиздікі – Самарқан мен Бұқара,
Қай сұлуға берсе дағы хақылы!

Көзді арбаған дүниенін жолағы,
Бәрімізге жетеді гой, мол әлі.
Періштелер – ақ иесі жұмақтын,
Тозақ қана – пенденікі болады.

Қонды арқама ана тілдің киесі.
Ақынының өлең жұлын-жүйесі.
Артымда егер бір сөз қалса, оның да –
Алаш дейтін Асанқайғы иесі!

Жоқ бұл жақта менің мұлкім, меншігім,
Мұнға толы Музға ғана женсігім.
Мен –
Осынау Жеке Меншік Дүниеге
Меншігі жоқ елден келген елшімін.

...Сені ойласам көзіме жас толады,
Сен білмейтін мұнды жырым мол әлі.
Егер, жаным, маған жаның ашыса,
Жүргегінді ғана берсөң болады...

* * *

Жап-жас ем,
Шешем бар жанымда.
Елім бар, ерекше мұратым –
Алашқа, ағайын, бауырга,
Бауырым езіліп тұратын.

Тыйылып періште күлкім де,
Көзіме ашы жас іркілді.
Бауырым қап-қатты бұл күнде,
Алаш та бір тұрлі?
Бауыр да бір тұрлі...

* * *

Алаштың көңілі Айда жұр,
Ай дегенің – ақтығына айна-дүр.
«Алла ақса – жақ» – дегені елдің шын болса,
Қазақстан, Қазақ Тілі қайда бұл?!
Қазақ халқы қайда бұл?!

Қазақстан, қара маған, сазармай,
Саған деген өкпем – қара қазандай...

* * *

Бетке алып шықтық қап-қара тұнды,
Жасырған жаһан сүренін.
Көйлегің таңдай ақ болатын-ды.
Пәк болатын-ды жүргегің!

Бұлықсып жүрген бұралан едік.
Тұман тұн... Іштен тындырып –
Ұраға келіп құлаған едік,
Шыңырауда даусың шыңғырып!

Қай жерден шықтық желігіп?! Құрысын!
Ұрыншақ едік сол шақта-ақ;
Есімді жисам егіліп тұрсың
Көзіңнен жасың моншақтап!

...Зулады жылдар жедін өтінде,
Таңдар кеп, тұман тарады.
Жалғызыбын қазір жердің бетінде!
Жүрегім мынау... Жаралы...

Құшақтасып бірге құламайсың кеп!
Шықпайтын сыр бүл тісінен.
Мен үшін енді жыламайсың сен,
Күлесін, мүмкін, ішінен?

Тұсімде көрдім – таңдағы аспандай
Көзден нұр тектің ақтара...
Ақ көйлегіңнің таңба басқандай,
Арқасы бірақ, қап-қара!

Бетке алған кезде қап-қара тұнды
Қасымда, шіркін, жүр едін.
Көйлегің онда ақ болатын-ды,
Пәк болатын-ды жүргегің!

* * *

Заман-ай, сүйк сүр – өнін,
Отқа да, суга саласын.
Кенесарының басын ап, түкті жүргегін
Жүргіме жерлеп,
Қай жаққа қаңғып барасын?!

Неңді іздең жүрсін төрткүл дүниені түтіп жеп,
Осынау қырғын-сүргіннен?
...Кеудемде әлі түкті жүргім лұпілден,
Басымды іздең жүрмін мен!..

БАЛАЛАР – БАЛАҚАЙЛАРЫМ

Бала болып бастадым тірлігімді,
Уыз сәби ол кезде кімді білді.
Баласы көп боқташақ Айкен апа,
Айкен ана кесіпті кіндігімді.

Кіндік бала аспанға қалай үшты,
Жүзіп кетті құшақтап қай ағысты.
Баласы көп адамның сүйем бәрін,
Баласы жоқ адамдар аянышты...

Бар менің де еркелеу кекілді ұлым,
Жек көремін баланың жетімдігін!
Айкен апа кеспесе кіндігімді,
Ақын бола алмайтын секілдімін.

Кіндігімді ол кеспей, зар қылғанда,
Не болар ед, нәсіпсіз қалдырғанда?
Балаларды қаншама сүйсем-дағы
Басылмапты бір жырым «Балдырғанда».

Жарқ-жүрқ етіп түрғанмен қалалары,
Аштық әлі ғасырдың қара дағы.

Қайыр сұрап жүретін көшелерде
Елестейді жат жүрттың балалары!

Чилиде – олар, Африка торабында,
Картадағы шет елдер жолағында.
Егілмесем әлемнің баласы үшін –
Қызыларайдың қыршыны боламын ба?!

Назаға ердім, соナン соң азага ердім,
Желіменен бойдағы аз өнердін.
Хиросима өртінде өлген қыздың
Өлеңдерін келеді жаза бергім!

Балалардың көнілін қалдырмандар,
Барлық үйде басталсын бал-думандар.
(...Әлімбаев Мұзафар болмасам да
Мен сендермен біргемін, балдырғандар!)

ТҮСІМДЕ

Сықырлайды креслом,
Кенседемін...
Келген елді еркіммен еңсеремін.
Ел тағдыры миымды шағып әбден
Көтере алмай басымды... Тенселемін.

Мұрша бермей қойды-ау жұрт дамылдауға,
Қарай алар шама жоқ дабыр, дауға.
Бірінен соң біреуі... Бәрін бірдей
Үлгеретін емеспін қабылдауға.

Екшайтін мен, жөн бе екен, теріс пе екен,
Пәтуаға көнбейтін керіс пе екен?
Хатшы қыз да қалқыды аққуға ұқсал,
Ғалияның өзіндегі періште екен!

Бұл Жібектің кім екен Тәлегені?
Көрген сайын көзге нүр бөленеді.
Бір телефон сұнқылдаپ сөйлеп жатса,
Бір телефон...
Безілдей жөнеледі.

Неткен ғажап ел-жұрттың мұрат-әні,
Ілтипаты кісіні жылытады.
Баспалардың бастығы телефонданап,
Қолжазбамды қолқалап сұратады!

Мен кім едім? Осы жұрт не біледі
Дабырайтып алған-ау, тегі мені?
Жырышы біткен өлеңін маған арнап,
Сыншы біткен бас иіп, егіледі.

Оған-дағы үйренген етім бүгін
Желмен бірге кетіпті жетімдігім,

Кеше өзіммен бірге ішкен жігіттерге
Кекесінмен қарайтын секілдімін!

Кеудем толы өлең бе, ария ма?
Ақ кемемен жүземін дарияда...
Көргендерім – ғажап-ты. Ояна сап
Аңыз қылып айтқанда Ғалияга...

Жұз шайысып, сол жолы ұрысқан ек,
Жерге түсті... (Қолында – хрусталь ед)...
Таң қалған-ды зайыбым, сандалған-ды:
– Ақыл-есін, байғұс-ау, дұрыс па?.. – деп.

– Шытынама сен анау хрустальша,
Жөнін біліп алсаңшы, ұрысқанша:
Әкім болар едім ғой, ақын болмай...
Ақыл-есім егер де «дұрыс» болса!

ҚАЙРАН, ДОСЫМ

Бір болатын дүниеде сайран көшім,
Қайда жұрсің сен осы, қайран досым.
Жаңа дос көп жанымда, олар бірак,
Жаным, маған өзіндей қайдан болсын.

Пендеңіз ғой, пендеге – пенде күлсін,
Күлгендерді күлкіге кенде қылсын.
Біреулердің қасында мен де журмін,
Біреулердің қасында сен де жұрсін.

Мына өмірден осылай кетеміз бе,
Тағдыр қастық жасады-ау бекер бізге.
Екеуімізді екіге бөліп тастап,
Екі дүние күліп тұр екеумізге.

Жан досымның дос болып жауы маған,
Өршіп барад өмірдің дауы жаман.
О дүниеде осындан өмір болса,
Мен қайтсем де өзінді тауып алам.

Қаран қалып бәрі де тамсандырган,
Қаран қалып қиқулар жар салдырган:
«Дүниені арқалап келдің бе?» – деп
Менің де әкем шығады қарсы алдыннан.

Тәтем қайда? Сонынан ұшпадым деп,
Жүрмін бас сап қолынан ұстағым кеп.
Қарсы алдыннан сол кісі шыққан кезде,
Айта көрме сен мені дұшпаным деп.

«ҚАЗАҚФИЛЬМ» МӨЛТЕК АУДАНЫ

Димаш патша көтерген шаңырақ бұл –
«Қазақфильм» қалайша қаңырап тұр?
Күн сәулесі сүйетін күндіз,
Түнде –
Ай сәулесі аймалап жамырап бір.

Нөсерлейтін кезі көп,
Суланатын,
Ну болатын көшесі,
Буланатын,
Тоқсан тоғыз пайызы махаббат та,
Бір пайызы ғана тек – су болатын!

Ақ сәлделі Алатау ар жағында,
Гүл де – мұнда, ақ үлпек қар да – мұнда.
Алматының арқалы ақындары,
Өлең оқып жататын барларында.

Дозақтан кеп,
Жұмақта кісі болып,
Сонда біз де жылқыдай кісінедік.
Өтер тұста Балқаштан оянасын,
Тобылғы тұс сырасы түсіне еніп.

Күй күндерді айт сондағы, би күндерді,
Жүректегі жүйткіген иірімдерді.
Көрмейді-ау, жұрт сол «Қазақфильмдегі»
Біздер қойған не қылыш фильмдерді.

Жұмақ еді ол заман,
Өлең еді.
Бөлек еді Қыз Жібек,
Төлегені.
«Қазақфильм» қыздары Музға болып,
Жебеп еді кекке ала жөнегелі.

«Мен бір тұнде» жүргендей мәртебе асып,
Ауыз да – ашық,
Көйлек те,
Қалта да – ашық.
Кіріп кетіп ұжымдақтың бақшасына,
Шыға алмай қап жүруші ек жанталасып.

Үй түбінде шашылған алмалары.
Жұмақ бағы – Алматы,
Алла бағы!
Сақал-мұртқа ақ түсті қалай дейсін,
Өткенді көп ойлаған шал болады...

Ойымыз да быт-шыт қой, сөзіміз де,
Батты ма, әлде, заманның тезі бізге.
«Қазақфильм» – бұл да бір гажап фильм,
Өте шыққан көрініп көзімізге.

* * *

«Ит сатып бер», – дейді ұлым.
Ақымағым...
Қасқыр еді әкесі, ақын – әрі.
Дүние – базар бұл күнде, мені қайтсін,
Иттің небір сырттаны сатылады.

«Қой!», – деймін мен,
Қоймайды бала мына.
Ит асырап, қасқырға саламын ба?
Күшік асырап ит еткен Абай атаң,
Жармасты ғой о да оның балағына.

«Қой...» деймін мен,
Қоймайды балам әлі.
Мына бала қоймайды – жан алады.
... Қайран, алтын басымды көкпар қылыш,
Басқа иттің де аз ба еді талағаны?!

Мұны да олар өуреге салады әлі...

ТОПЫРАҚТЫҢ МЫСЫ

Қытайды асқан асау Пегас – сандал көк,
Аласұрса ауыздығын шайнар кеп.
Құлагерден қалған сенде қан бер деп,
Қоя бердін...
Самғап берді сандал көк:
«Қайда тартсаң сонда барам, сардар!» – деп.

Тәнірі – Көкте.
Тарихы – шаңда.
Ұлты – жыр –
Құлтегін мен Мағжандардың жүрті бұл.
Жылқы жүрген жерде ауып түркі жүр,
Түркі жүрген жерде шауып жылқы жүр!

Апай түсті жылқы міnez жүрт еді,
Асау көрсе алаулаған күрт өні.
Арғымақтың сыпырып ал жүгенін,
Қайда тартса –
Сонда барсын түркі елі!

Дүбірі оның –
Дәңбекшігөн шет қалып,
Шығыстағы Түркістанға жетті анық.
Кісінейді құллі тұлпар сондағы,
Шабатындай Сарыарқаны бетке алып.

Оның сыры мәлім біздей періге,
Мың сан табын жылқы біткен жеріне.
«Пегас» дейді ертедегі гректер,
Құлагер-ді ол – қазақ Ақан серіге!

Басады оны топырақтың мысы кеп,
Алтын бесік туған елдің іші деп.
Қытай, Иран, Ауған асып кетсе де,
Киесіне бір келеді –
Кісінеп!

* * *

«Бір меніңе Самарқан мен
Бұхараны берер ем».

(Хафиз)

Адамзат пен ғаламзаттың,
Неткен гажап болмысы мен өрнегі –
Игізеді алтын басты төрдегі.
Хожа Хафиз бір меніңе сұлудың,
Бұқара мен Самарқанды бере салған көрінеді.

Сондай сұлу жаһан жатты алдыымда,
Ғашық болсаң батыратын зар-мұнға.
Бір аруға бере салдым Бағдатты,
Балқантауға бардым да.

Ақсораңнан Балқантауға жол құлап,
Ол бір жұмбақ, гүл мен нұрға толды бақ.
Бере салдым бір әйелге Бағдатты,
Шаһар емес, – досым еді ол, бірақ.

Бағдатым маған қарап бөгелді,
Балқантауға байланады ол енді.
Әні-міне дегенімше болған жоқ,
Әлгі әйел бас сап, ала жөнелді...

О, сұлулар!
Бәйек болып пәктігіңе сендердің,
Құдай – қуә, құрып бітпен шерлі ермін.
Хожа Хафиз Самарқан мен Бұқараны берсе егер,
Мен сендерге Бағдатты да бергенмін...

*Бағдат Мекеев – марқұм дос, журналист.

* * *

Қайдасын, қасиетті қара өлеңім,
Қазақтан аямаған бар өнерін?
Алаш бір Ару еді, аялап бір
Сен оның қолаң шашын тарап едін.

Қарашы маған бір сәт,
Қалғыма кек,
Ғаламда мендей сұлу қалды ма?! – деп,
Толықсып тұрды сонда Алаш Ару,
Адамзат айнасының алдына кеп.

Сен де – құс.
Қазақ дейтін халық та – құс.
Ұша бер,
Бұлттан да әрі шарықтап үш!
Басқа елге бауыр баса қоймассың сен,
Алаштың аспанында қалықтап үш!

Эпостан –
Цивилизацияға жөнедің де,
Музаны ақ бесікке бөледің бе?
Сендерін асқақ ой мен асау сезім,
Жоқ сенен басқа ұлыстың өлеңінде.

Алаш та сенімен бір биіктепті,
Бұ жерге қалай келдің қиып қекті?
...Төбeden сен түстің де,
Төрт құбыла –
Сенің төрт жолыңа кеп сыйып кетті!

Арқаның тауын кезіп, жоны, белін,
Кеудеме құйдың ән ғып соны менің.
Жасынның арасынан ұшып шығып,
Қасымның арқасына қонып едін.

Киесі топырақтың буынды ап бір,
Дамылда, ұша бермей зуылдалап құр.
...Алаштың мендей асау бір ұлының,
Арқасы сені күтіп дуылдалап тұр.

ЖҰМАТАЙДЫҢ ЖҰРТЫНДА

Уа! Тұран тұрғандай іргенде,
Керім сал болған Кенежиренге тисе тақымы
Жұматай сері туған бұл жерде,
Алаштың адудынды ақыны.

Айхой, жалған!
Ат ауыздығымен су ішкен күнде де,
Ата Жамбылдың Үйсін болмысын аңсаған,
Түркі боп келіп дүниеге,
Түркі боп кеткен һәм содан...

Па, шіркін!
Кей кезде батып шерге бір,
Кей кезде қызып шекеміз.
Жұматай сал жүрген жерде бұл –
Біз-дағы жүрген еkenбіз!

НЕМЕРЕМ ӘЛИГЕ

(Esen сабагы)

Бір дегенім Біреу –
Алла!
Құран деген Кітап бар,
«Біссіміллә» демей –
Алма!

Екі дегенім – Екеу, балам,
Біреуі – Әкен,
Біреуі – Анаң!

Үш дегенім – Үш Бесік:
Талбесік,
Елбесік,
Жербесік.

Төрт дегенім – Төрткүл Дүние:
Біреуі – Өзің туған Ұлт,
Біреуі – Құрлық,
Біреуі – Су Дүниесі,
Біреуі – Аспан –
Бөгде Жұрт
(Бұлт...).

Бес жасында атқа мін,
Алда жүрер жол, қайқан.
Төрт жасында төртті айттым,
Бесіншісін жолда айтам...
Бес жүзін де сонда айтам...

* * *

Аспанның асты – аппақ нұр,
Құяды нөсер қара бұлт кетсе қаптап бір.
Қарау ой – бізде!
Соған да, мұлде, қарамай,
Кең Алла әлі сақтап тұр!
Қалай сақтап тұр?!

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Бойы – сұңғақ,
Көзі де үлкен,
Кірпігі,
Мынау алып қай сұлудың шіркіні?
Алшаң-алшаң атан түйе сықылды,
Ақтогайға ерек келді бір күні!

Ерек елден артық деуші ек несімен,
Осы еken ғой...
Мысы басты сесімен.
Жүргендей-ақ ергежейлі елінде,
Қызы-келіншек танып қалды есінен.

Еркектен де соңғы түяқ бар әлі,
Көздерімен бізді ішіп-жеп қарады.
Елде ерек бол, мәз бол жүрген жігіттер,
Мұны көріп жүнжіп, жүдеп барады!

Кеуде қандай!
Қолы қандай!
Аяғы...
Қас қырандай қасымызға таяды.
Құртқа аруын тәнті қылған, Құдай-ау!
Қобыландың осы шығар баяғы?

Нағыз жігіт Шеміл дейді тау елі,
Әсем дейді ел Жәнібектің әуені.
Ақын дейді жұдырықтай Жұматай,
Оны қайтем?
Ерек болсын әуелі!

Деп жүргенде...
Жыртайын ба бетімді,

Әлгі еркектің көрдік ісін не тұрлі:
Айтатыны – өсек-аяң, өтірік!
Бойын қайтем?
Ойы – қатын секілді!

Неткен күйкі, неткен отсыз жанары,
Тұр-тұлғасы кішірейіп барады,
Өткен – өтті, уақыт тезге салады,
Көнілімізде біздің күдік бар әлі.
Ол келгенде неге біздің жігіттер,
Абдырап қап, аяғына қарады?!

Мамонтардай маң-маң кезген даланы,
Жер бетінен ерек құрып барады...

АБАЙДЫҢ МАҚАМЫМЕН

«Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын»

(Абай)

Дүние мынау – қараңғы.
Бол, бол, Ақын,
Келіп тұрмыз кезенге толғанатын.
Тілді Тәңірі келтірер кәлимаға,
Қара түнек серпілер...
Ол да – жақын.

Тарих заңын тезіне сала ма ақыл,
Тезге салмай, тентіреп қала ма құр?
Шүберекке жүргегін түйіп Алаш,
Алла менен Абайға бара жатыр...

СУИЦИД

Батыстан көшіп бізге базар келді,
Тұспейді одан басқа назарға енді.
Базармен бірге ілесіп, Алашқа бұл
Қолына арқан ұстап, ажал келді...

Үйге де жоқшылықпен бір енеді.
Сорлының төріне кеп, шіренеді.
Арқанын адал ұл мен пәк қыздардың,
Мойынына лақтырып кеп жібереді!

Айласын сүм мен пасық асырып бір,
Дүние тылсым сырын жасырып тұр.
Елге бір тұтқа болар деген ерім,
Алдында есігінің асылып тұр!

Қаралы ел көзден жасы лақылдаған,
Табыт та лақатына жақындаған.
Шықты да соған сонда билеп кетті,
Бір Сайтан –
Мәз боп, күліп сақылдаған...

...Біздің де бастан бір күн ауады,
Жүрмейміз жүлікше ұстап бұл араны.
Жазықсыз жазаланған боздақтардай,
Аруағы оның да алдан шығады әлі...

* * *

Шамды айналған, көбелек,
От па, нұр ма, саған осы не керек?
Фажайып бар өмір дейтін дүниеде –
Ол шамыңның жарығынан да керемет!
Түсінбейді оны, жәндік, сен түгіл,
Адам дейтін хайуан да, не керек...

МУЗА ҚЫЗ

Өртеген өмірдегі қызы жанын,
Лаулатып, лапылдатып қызыл қанын.
Мен онда он үште,
Ол он алтыда,
Мен өстіп қыршынымда-ақ бұзылғамын!

Жасымнан өксіп өмір сүріп, арып,
Шерлі едім,
Көрген күллі күні ғаріп.
Алыстан Ақжарыққа келіп сол қыз,
Арбады қарсы алдымда тұрып алып.

Менің де арқамда бір шалық көп-ті,
Мына қыз соны көктен танып кепті.
Құдай-ау, қалай қарай мына сұлу,
Қолымнан жетектеп ап алып кетті?!

Сонынан еріп сонын, өре көштім,
Не тірі емеспін, не өлі емеспін;
Барға да соныменен бірге барып,
Көрінген көқдолымен тәбелестім...

Биікке өрлең, талай аласардым,
Алдыма Музадейтін қара салдым.
Отыз жыл күтіп соны...
Көнбекен соң,
Сұлуды соған үқсас ала салдым.

Осы әйел ошағыма болар тұлға,
Ұмсынған иығыма қол артуға.
Ойнатып немересін о дағы мәз.
...Музадай өлі, бірақ, он алтыда...

ЕРУЛІКТЕ ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Қаратаудың басынан көш келгенде,
Жоқ едім мен.
Көшкен сайын бір тайлақ бос келгенде,
Жоқ едім мен.
Әлі күнге өзегім өртенеді
Еніреген «Елім-ай» өлеңінен.

Талғыр қырда тағы бір көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Көзі-басы уайым, көнілі – пәс,
Көштен басқа көрмеймін ештеңені.

Елі егемен болған соң,
Өсіп көнілі,
Жұртқа тастап киелі есік-төрді,
Бақан ұстап қолына, басын алып,
Бақтыбай да қалаға көшіп келді.

Киіз туырлықты қазақпыз замандардан,
Маған қонған сол кие – саған қонған.
Киіз үйді тігіп ал!
Түркі жұрты
Сонымен де сан жұттан аман қалған.

Цивилизация – айдаһар,
Араны ашық!
Қарап қалсын аң-таң боп қара басып.
Майқұдықтың ТЭЦ-інің тұтініне,
Киіз үйдің тұтіні араласып.

Аңыраса Ақтогай, Абыралы
Тәубесі де жетеді, сабыры – әрі.
...Құдайға шүкір!
Әйтеуір құламай тұр,
Құдайберген марқұмның шаңырағы...

КӨК ТҮРІКТІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Жан-жүргегін жасырмай жалғанға ашып,
Мұхит, құрлық, ел мен бел, таудан да асып.
Мехикода^{*} бір қазақ келе жатыр,
Атасындай баяғы,
Маң-маң басып...

Қалай адап сезімін қалады іркіп,
Қалың қара тобырға қарады үркіп.
Атасының аяғы жетпеген жер,
Жатыр, міне, алдында алабұртып.

Өткен дәурен қайырылып соқпайды анық,
Өткір көзі кенеттен шоқтай жанып:
Үндіс көрсе көшеде, жүзіне онын,
Үніледі, шермендем, тоқтай қалып.

Бұ да адасқан түріктің құсы ма анық,
Тамырының бізде бір үші қалып?
...Хан Кенеге ұқсай ма біреуі оның?
Тартып кетті алдына түсіп алып...

Сол бір үндіс күллі елден дарадай боп,
Қазақ оған аң-таң бол қарады-ай кеп.
Жетпістегі ақсақал түсті ізіне,
Жеті жасар кәдімгі баладай боп!

Бір кездері қырылып, баудай болған,
Бір қараған кезінде таудай болған.
Хан Кенеге ұқсайды деген үндіс –
Қалай ғана Елтайдан аумай қалған?!

^{*}Мехико – үндіс-метистер піұратын шаһар.
“Е. Ерназаров.

Келді,
Көрді...
Көнілі ойран, алан,
(Құдай оны кез қылды қайдан оған?).
Бір жан шықпай жұбатар жат елде осы,
Ботадай боп боздады,
Қайран, ағам...

Быт-шыт болған халықтай қара басып,
Асау толқын бір-бірін ала қашып.
Атлант тұр,
Үндістің көз жасына,
Кек Түріктің көз жасы араласып...

ӘЙЕЛДЕР

Әдемі, әсем әлем-ді,
Тұндерде,
Тал-түс,
Ақ таңда,
Сүйдім мен небір әйелді
Құшақтап гүлзар бақтарда.

Еріні оттай құйдірген,
Емем деп соны құрыдым...
Қара көз қызды сүйдім мен
Тарқатып қара бұрымын.

Сарыауыз қуға үқсатпа,
Саңлақ сезімнің сардарын.
Талықсып жатты құшақта
Тамылжып атқан тандарым.

Қиядан саған жеткенмін,
Құнығып сезім, ой, мұлдем,
Қылықты келіншектердің,
Қызығына тоймай қойдым мен.

Арғымақ – жүрек арқырап,
Жұлдызша ақтым жарқырап,
Жапырақша жаттым қалтырап,
Тасқынша таудан сарқырап:
Ернінен сүйдім бал құрақ,
Ерінен, сүйдім, тартып ап!

Базарын көріп жер-көктің
Байланып қалды тіл, мұлдем.
Аруды сүйген еркектің
Арманы жоғын білдім мен...

* * *

Өлі емен,
Не тірі емен,
Ірі емен, көптің бірі емен.
Сайқалдармен бір жатып,
Бомжбенен түнегем...

Қажығам,
Біткем,
Жүдегем,
Тұбіме жетті-ау, бұл өлең!
Не патша, не құл емен,
Ерте тусам, елге болмай көз тұрткі,
Хан Кененің қасында жүрер ем!

Ел едім деп кімге айтам,
Ер-тұрманы алтынменен апталып,
Күптелген кіл күміске?!

Тұғыр қаптап,
Тұлпар қалмай мініске,
Бұ замана запран боп тұр іште.
...Құл мен күнге күнде таба болатын,
Нәлет біздің жүріске!

ҚАЙРАН, ШЕШЕМ

Кеудене қайдан дәру аласың
Өкпеннің дерті қозғалтпағанда?
Ару анашым аруанасың
Ботаң ем.
Босып...
Боздап қалам ба?!

Із-тұzsіz қайтып өше бересің
Аптыққан ауру қос өкпеменен.
Көзімнен күнде көшеді елесің,
Тұн сайын сырқат төсектен көрем.

Кеуденді нендей пәле қысады,
Асыл тәнінді езіп, тек күрмел.
Өмірден, сонда зәрем ұшады,
Өнірден осы безіп кеткім кеп!

Кеуденнің зауал дертін білмедім,
Тұн-ғұмыр соған түйиқталды ма?
Жетім күндерім, жесір күндерің
Өкпене шер бол үйып қалды ма?

Сені іздең талай қыырға барам,
Жаутаңдаң жұрттың қарайды үміті.
Ақ сүтінен кеп құйылған маған,
Ақындық деген – Абай рухы.

Із-тұzsіz қайтып өше бересің,
Аптыққан ауру қос өкпеменен.
Көзімнен күнде көшеді елесің,
Тұн сайын сырқат төсектен көрем.

Күйіктен өрттей жана ма кеуден?
Тастай қашсам ба кең даланы мен...

Өмірге ақын адам әкелген
Ананың шерін мен ғана білем...

Кешермін ата тірлігін мен де,
Кешермін бір күн жырымды ап жырақ.
Өмірге менің кіндігімнен де,
Бір бала келер шырылдаپ жылап.

Сол бала...
Ағып көзінің соры,
Өлеңімді оқып толғана ма шын-ақ?
Ақымақ болса – өзінің соры,
Ақын болмасын сол бала, бірақ!

От құйып, Музға жалыны арыма,
Өстіп мен енді маздалап-ақ өтем.
Бір Ақсұңқардың шаңырағында
Бір ақын болса аз бола ма екен?

Қүйіктен өрттей жана ма қеуден?
Тастай қашсам ба кең даланы мен,
Өмірге ақын адам әкелген
Ананың шерін мен ғана білем...

Кеуденді неңдей пәле қысады,
Асыл тәнінді езіп, тек күрмелеп.
Өмірден сонда зәрем үшады,
Өнірден осы безіп кеткім кеп...

АРҒЫМАҚ-ПЕГАС

Мен – Һас Сақтың қара өлеңі,
Қанды сүргінде жұрсем де,
Қалған кезім жоқ жақ ашпай.
Арғымақ – Пегасқа мінсем де,
Арттағы жүрттан адаспай!

Жалғанда, жалған, жалғанға,
Сүйіне кіл жаным, күйіне бір –
Ат үстінде өуелетіп өнгө салғанда,
Тілі байланып, жаяу сандалған Дүние –
Бұл!

Абдырап бір кез қалдым ба,
Аузыма ұстап Алладан тұскен ой легін?
Алдияр біткеннің алдында
Айдаһардай айбарланып сөйлемдім!

Жаһанның етегін жұлқына түріп,
Кекжиекте көшем кеп.
Қара аспанның қара бұлтына кіріп,
Сауладым қара нөсер бол!

Арқадан Аспанға жүгіріп,
Қанатты бұлтқа сүйгіздім.
Хафизздің жұпарын сіміріп,
Пушкинді тарыдай қауызыма сыйғыздым!

Көүірге көрсетіп мысымды,
Ақ бұлттан түсіп, малдас құрғанда қас-қағым –
Ол арагын ұсынды.
Ішіп –
Құсып тастадым!

Қара бұлтты жарып, қара шаңырағыма кеп түстім,
Жасынмен жанып даланы.
Көк Тәнірді бетке ап, Көкке үштым!
Артымда, бірақ, Алашым қалып барады...

* * *

Шешен билер тамсандырган сөзіне,
Үқсап кетті Цицеронның өзіне.
...Сарыарқаға келсем болды, сурет боп,
Неше түрлі елестейді көзіме.

Мұнды Тоқа күйлерінің сазы кеп,
Сыр шертеді өткен қүннің назы деп.
Тақпақтап ап жөнелетін секілді
Төрде отырган Қаз Дауысты Қазыбек.

Балқантаудан балбыраған тәтті үн кеп,
Рух болып күніренеді Тәттімбет.
Керемет бір ой үстінде тұрамын
Кеңістікке «Адай» болып аққым кеп!

Беймаза боп тұрганымда сабылып,
Құлақ күйден қалғандаймын жаңылып.
Көз үшынан көрем Абай атамды,
Бара жатқан қара тұнді жамылып...

Жаз да бітіп, мамыржай бір жеткен күз,
Асфальт жолға сала алмайсың тепсен де із.
Дүниеден Ақан сері қайтты да,
Серуенге шықпай қойды сексен қыз!

Ойым – быт-шыт...
Таңқаламын өзіме –
Қалар болым сыншылардың сөзіне.
Сарыарқаға келсем болды, сурет боп,
Неше түрлі елестейді көзіме...

ҚАРҚАРАЛЫДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ МЕШІТІ

Ақша қарға оранды Қарқаралы,
Көз алдында құллі әлем картадағы.
Жұмыр жүрек ішінде – жұмыр Жерім,
Сайрап кетсем тілімнен бал тамады.

Шиырлаймын несіне ой легін көп?
Уайым жоқ. Тамақ тоқ. Көйлегім көк.
Неше тұрлі елдердің сөзін естіл,
Неге менің кетеді сөйлегім кеп?

Өліп-өшем өзгені өзге емес деп,
Ошақ сөзін Отаным сөз демес деп.
Құнанбайдың мешітін көрсем болды,
Амра ибн әл – Аса көзге елестеп...

Маган жаттай жас дәурен, ғашық әні,
Қайран жаным қай жаққа асығады.
Хиросима туралы шерлі жырым,
«Коммунизм таңында» басылады...

Кім бар менің үнімді есіткендей,
Кім жүр ессіз елесті кешіп мендей?
Алматыға жіберген өлеңдерім,
Алыс шаһар болған соң... кешіккендей.

Шыдай алмай осы бір масқараға
Алматыға тартсам ба, бас қалаға?
Ақындардың ауылда туып, сонсон,
Өлетіні рас па, астанада?

Рас болса, жөнеуім қажет демде,
Қар күрт еріп, құстар кеп мәз еткенде.
Анда-санда...
Ғаламды тану үшін
Көз салармын аудандық газеттерге...

*Амра ибн әл – Аса – араб еліндеғі мешіт.

АННА АХМАТОВАНЫҢ БІР ӨЛЕНІ

«Илиаданың» сол Гомар ғой иесі,
«Айлы соната» адамды арбар күй осы.
Ақын деген адам емес, Алланың,
Адамзатқа жіберген Бір Киесі!

* * *

Бас ием,
Менде ерік жоқ сен дегенде,
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?
Ханыша болсаң да бас имес едім,
Махаббат жаһангери жеңбегенде!

Бас ием, өлең болып өрім кеуде,
Қайтейін, сәгілгенде... өрілгенде?
Бас ием. Армандастым!
Қайран басым!
Иіліп көрген емес көрінгенге!

Бас ием. Бағындыра түстің мені,
Бас ием. Табындыра түстің мені.
Жалғанда жүрегіме жақын – Сенсін
Адамнан жұмыр Жердің үстіндегі!

Бас ием махаббаттың мас... Құрбаны
Абырап, ағар көзден жастың бәрі.
Жалғанда жүрегіме жақын – Сенсін
Адамнан аспанымның астындағы!

Бас ием, менде ерік жоқ сен дегенде,
Болса еркім ессіз жандай сенделем бе?
Ханыша болсаң да бас имес едім,
Махаббат жаһангери жеңбегенде!

Бас ием,
Басымды ием мен саған кеп,
Кешпейтін күнәнді де кеше алам деп.
Өмірде бір әйелге бас имеген
Еркекті мен ойлаймын есалан деп!

НЕМЕРЕМ ӘЛИ

Отқа, өртке мен құсап жақындаپ кіл,
Мынау неге қүледі сақылдаپ бір?
Шаладай боп бықсыған дүниеде,
Қалай лаулап, қорықпай –
Лапылдаپ тұр?!

Жан мұздаган кезінде, үсіп қалған,
Аруақтар шақырса –
Үшып барғам!
Ақсұнқардан аумаған бала туды,
«А!» дегенде –
Аузымнан түсіп қалған...

Сілкіп тастап маңдайдан тұлымшағын,
Жыр оқиды осы бір ұрыншағым.
Ақыл болса басында, алабұртып,
Ақын бола көрмегей, құлышағым?

Мен де тұа осылай анқылдағам,
Санқылдағам,
Жасындей жарқылдағам.
Жан мен тәнді мұздатып сүйқ дүние,
Алпыс үшке кеп әзер салқындағам...

Қара тас қой – қара өлең, алтын ед... деп,
Кім арқалап, теңізден қалқып өтпек?
Ол түгілі, қара нар атасы оның
Көтере алмай, әзер жүр тәлтіректеп?

Көзімді ашсам – Алашты көріп қалам,
Көз жасымды көрсетпей, төгіп те алам.
Қара тасты қайысып, көтере алмай,
Қара жерге күн сайын шөгіп барам...

КӨНЕ ЖҮРТ

Қалай түспей тұрады жолым мұнда,
Қазығым да осы еді, қорығым да.
Құлап қапты біздің үй...
Төмпешік түр –
Менің тұрган жұрттымның орынында.

Терезесі бәрінен жарық еді,
Шақырады шырақ боп әлі мені.
Һая Аға – Һалифа балшық илең,
Адам Ата – Ақсұңқар салып еді!

Ақын болып шатыспай, ағат ойлап,
Ақжарықта,
Соныңнан ағатайлап, –
Жүре берсем, құламай сол құжырам,
Мені күтіп тұрмай ма алақайлап?

Көк те – өлең,
Жер де – өлең,
Тау да – өлең...
Жасағанмен жалғанды жалғап өлем.
Ақсораңың бір ұлы тіршілікте,
Сейлесуі керек қой Алламенен.

Қасіретті көз жасы – халық текті,
Ақ параққа қалайша тамып кетті.
Ақжарыққа бір құс кеп қара аспаннан,
Алды-артымға қаратпай –
Алып кетті...

Алдында түр арбаган Аспан елі.
Алла соған туған өү баста мені.
Қара жерді ойласам,

Қайран дүние,
Қара көзге кермек бір жас келеді.

Қара өлеңде нем бар ед,
Қаралы елде?
Қарап тұр ма дүние қара өлеңге.
Аспаныңды қайтейін, ағатай-ау,
Ақсұнқарың қап қойды-ау, қара жерде.

Терезесі бәрінен жарық еді,
Шақырады шырақ боп әлі мені.
Һаяу Ана – Һалифа балшық илеп,
Адам Ата – Ақсұнқар салып еді!

* * *

Жүрегінде –
Жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.
Қыын екен қоштасу!
Бірақ, жаным,
Онай нәрсе бар ма еді бұл өмірде?

Жылаймын ба, Құдай-ау, күлемін бе?
Өкініш бар өртенген реңінде.
Жүрегінде –
Жүремін мен мәңгі өмір сүремін де.

Жұмып алып көзінді, жүледін де
Сұңгіп кеттің тағдырдың түнегіне.
Қолына ұстап оқып көр: менің атым
Жазулы тұр жаралы жүрегінде!

Жүрегінде –
Жүремін бе, мәңгі. Өмір сүремін бе?
Ол – белгісіз! Әйттеуір, сенің атың
Жазулы тұр жаралы жүрегімде...

* * *

Сойыма сол елде жоқ бір белгі сап,
«Ақынмын...» деп жазған жоқпын ел құсан.

Балапаны ем Алланың бір құсының,
Жамалың айт – айтсаң көктің ішінің.
Күмәнданып күнде ақындығына,
Алпыс сегіз жасқа келген кісімін.

Ой да күнде асқақ болмай, сезім де,
Жүректі ұстап жүрдім Тәнірі тезінде.
Пенде құсан өмір сүрдім иттей бол,
Адам болып –
(Өлең жазған кезімде).

Жерді құшып, аспанға ұшып біресе,
Арқама кеп аруақтар түнесе.
Ақын деген – періштеден сәл тәмен,
Пенделерден биікте еken мың есе!

Балапаны ем Алланың бір құсының,
Жамалың айт-айтсаң көктің ішінің...
Бірі – көкте, бірі – жерде жүргенмен,
Айырмасы жоқ қой құс пен кісінің!

Поэзия, құшагынды аш, ал, күнім,
Саған еріп шарбы бұлтта шалқыдым.
Жердің құрты бір шалынбай көзіме,
Көк бұлттардың арасында қалқыдым.

Кім көрді еken мен көретін түстерді?
Содан таң ғап зәмзәм суын ішкем-ді.
Аспанда еken хикметі Алланың,
Төрт Кітап кеп жерге содан түскен-ді.

Егіліп бір ет жүрегім, езіліп,
Маңымдағы құрт пен қырттан безініп.
Мағмұмурланып, шаһит кешіп барамын,
Махаббат пен ғаділетті сезініп...

ШЕШЕМ ҚАЛИФАНЫң ТҮСІ

Ауылым Ақсоранның етегінде,
Жеріме көз талдырған жетемін бе?
Күнде ылғи Кеңасудан келе жатам,
Алысқан жеті атым бар жетегімде.

Қолдарым талып әбден, қарысып құр,
Аузыма жүрек сыймай, қан ысып бір.
Алтауы аяңдауға көнгенімен,
Біреуі ауыздықпен алысып тұр!

Жалдары бұрымдайын өріліп кіл,
Алтауы аяңдауға ерініп бір.
Қарасам біреуінің жанарына,
Дидарым айнадайын көрініп тұр!

Аузынан ыстық жалын бүрқырайды,
Жүгенге көнбей, неге шырқырайды?
Шайнаса ауыздығын кірт-кірт етіп,
Құдай-ай, сай-сүйегім сырқырайды!

Туласа ісі болмай кісіменен,
Тәнір-ай, бұзылады түсі неден?
Тізгінді үзіп, ала жөнелердей,
Жер тарпып,
Көкке шапшып,
Кісінеген...

Кетердей қара үзіп шығандап ап,
Ойласам оны оқылмай дүғам қалад.
Аяңдап келе жатып, кілт бұзылып,
Алты ат та аласұрад бұған қарап.

Қамшыны көзі шалса, құтырып-ақ,
Жүрмейді басын жерге тұқырып ап.
Алты атты алып қалып, сол асаудың,
Жүгенін қоя бердім сыптырып ап!

...Қолдарым содан бері қарысып жүр,
Меніңше, ол ауыздықпен алысып жүр.
Қамшыны көрсө, қаны көтеріліп,
Қай елдің тұлпарымен жарысып жүр?
Қай елдің сұңқарымен жарысып жүр?!

КЕРІЛГЕН АРҚАН – КЕСІЛГЕН БАС

(Әзәзілдің жыры)

Ері кеткен ел ғой бұл,
Қу мен сұмы, езі – аман.
Алла!
Енді без одан!
Төңірі деп Сені алғаш мойындаған бұжүртпен,
Мен шатыраш ойнағалы не заман?

Қазақ мені көрген жоқ,
Қапылыста тап бердім.
Жақсысына сор бердім,
Жаманына бақ бердім.
Өзек жалғар талшық бердім біреуге,
Біреуіне алтынға аптарап, тақ бердім.
Ханы менен қараашасын алдым да,
Ортасынан екі айырып, –
Қақ бөлдім!

Сол-ақ екен, бітіп кенет жал бұған,
Өз еліне өзі барып салды лаң.
Жайқаң қағып келе жатса жаманы,
Арқан керіп шығады ылғи алдынан.
Көптен күткен құдалары секілді,
Сал-серісі, бұлалары секілді.
Зар бол көрген ұлы сынды кекілді,
Осыларсыз ел болмайтын секілді.
Енді ешкімнен кем болмайтын секілді...

Ықылас деген бір қазақ,
Ылғи мені құтіп алып жолымнан,
Бірде оңымнан шығып, бірде солымнан...
Махамбеттің басын ұстап жүгіріп,
Жүреді еріп соңымнан...

Тойы да – көп, асы – көп.
Шеттерінен мәз боп кәрі, жасы кеп;
Қабыма, өне, салып жатыр қиқулап,
«Мынау – біздің Хан Кененің басы!» – деп,
«Мынау – ақын Махамбеттің басы!» – деп.
«Мынау – батыр Кейкіміздің басы!» – деп.

Жөңкіледі жолымда һәм соңымда,
Маган үқсас бір жері бар оның да.
«Кімсің?» – десем,
«Мен – қазақпын!» – дейді ол,
Қазақтың басы – қолында!

Санағам жоқ, тау-тау болып толды қап,
Бассыз қалған тобырға енді қонды бақ.
Ендігі бас кімдікі екен, білмеймін,
Бір мықтының басы, әйттеуір, – сол, бірақ!

* * *

Ол жақта орта өзгерген,
Өткенді көксеп, зарығып.
Ойсыздар айтқан сөздерден,
Кеттің бе әбден жалығып?

Өмірдің көздең төр жағын,
Ел жүрсе іші майлы бол.
Өлеңді сүйген өр жаның,
Өзіңе жүр-ау қайғы бол.

Көзге ілмей сонда өзге елді,
Өзге бір өрттен жанып іш.
Шарлайсың киоскілерді,
Есінді алып сағыныш.

Өрекпіп сонда көнілің
Ішінен өрттің шыққандай.
Газеттің жаңа номірін,
Аласың сатып, түк қоймай.

Таусылып тәзім, шыдам да,
Тұрасың лағып, сандалып.
Ондағы сатушылар да,
Қарайды саған таңқалып!

Пендесің сүмдық дәмелі,
Қиялды шынға балайсың.
Газеттердің де әуелі,
Төртінші бетін қарайсың.

Махаббат – жұмақ, әні бір,
Есту де арман сырлы үнін.
Таптайсың іздеп бәрібір,
Жоқ онда менің бір жырым..

Жалтақтап жатқа, досқа да,
Жас жүрек сауға сұрасын.
Кіресің сонсоң почтаға,
Онан да құр қол шығасын.

Көнілің қалып оңбай, шын,
Ала алмай хабар, ар ма деп.
Кей-кейде, тіпті, ойлайсын;
«Өмірде өзі бар ма?!» – деп.

Жоғалып кетем...
Күллі елдің көздерінен де,
Пыш-пыштың сөздерінен де,
Тіршілігімді дөғарып –
Жоғалып кетем... Жоғалып...

Жоғалып кетем...
Домбыра шектерінен де,
Газеттің беттерінен де.
Тіршілігімді дөғарып,
Жоғалып кетем, жоғалып...

Жәнкіліп сері адамдар,
Залдарға думан саз қонып.
Кафелер, ресторандар,
Менсіз де жатар мәз болып.

Жоғалып кетем қаладан,
Жоғалып кетем даладан.
Жоғалып кетем көнілден,
Жоғалып кетем өмірден!

Не дейсің мендей пендеге?
Жоғалдым...
Басың шатылды.
Почтаның жәшіктері де,
Үмытқан менің хатымды!

Вокзалдан ізде боп алаң,
Тоғысқан торап шеттерден...
Пойыздан күллі жоғалам,
Жоғалам самолеттерден!

Сол кезде мені, адалым,
Жүргегін уақыт суытып.
Өзінен басқа адамның
Қалады бәрі ұмытып!

Алдамшы сезім бұл бәрі,
Арбалма оған, ақ таңым!
Мен онда адам туралы,
Поэма жазып жатқанмын...

АДАМ

Сайтаны азғырып,
Жұмақтан құлғанадай қуылып,
Тентіреп кеп Жерге тіреген табанды.
Бастан кешіп қауымдық,
Феодалдық-патриархалдық,
Капиталистік,
Фашистік,
Коммунистік заманды;
Орысша – «Человек»,
Испанша – «Personas»,
Ағылшынша – «Human»,
Французша – «Personnes».
Қазақ қана: «Адам» деген –
Адамды!

Көрген жүртпыш көресінді, жоқтықты,
Көрінген ит бізге неге соқтықты?!

«Інжілдегі» «Адам» деген асқақ сөз –
Қазақтікі!
Басқа тілде жоқ, тіпті!

Дүниенің ғажабы да –
Біздікі!
Азабы да –
Біздікі...

* * *

Мағжан – Тұран,
Қасымым – қара орманым.
Тобықтан келмей дүние, мен де толғадым...
Өлеңсіз пенде өлмес-ау,
Өлсе соры қалың –
Халық өледі!
Салып өледі соңғы әнін!

ТОПЫРАҚТАҒЫ ЖАЗУДЫ ОҚЫҒАНДА

Тәкаппарлық әбден бабы келгенде
Көнбейді екен көкке құс бол үшпаса –
Цезарь бірде қас дүшпаның жеңгенде
«Келдім,
Көрдім,
Жендім» – депті қысқаша.

О, Алашым! О, Женімпаз Тәнірім!
Қызыл қаның,
Ашы жасың төгілді...
Талай жендет жүргізбек бол әмірін
Цезарь құсан...

Келді,
Көрді...
Женілді!!!»

ДӘУІТӘЛІНІң РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Топырағы шаң борап,
Жасыны жарқырап,
Нәсері селдеген,
Түкпірде тұпсіз бір қиядан шақырды от.
Фылыми-Техникалық Прогресс келмеген
Жерден біз шыққанбыз ақын бол.

Әуелі қымызды сіміріп ішкенбіз,
Сонан соң шаһардың шарабын (лепіріп!);
Алатау бағына түскенбіз, –
Абдырап пойыздан секіріп!

Жанымыз жабырқап, қанымыз қайнаған,
Қайдағы біреуге қектеніп...
Өмірді, өлеңді жайланаған,
Қасаң қағидаларды жек көріп!

Сығандар алдады бал ашып,
Онбаған, сүмдарға күйініп.
Аруға ғашық бол, – ақылдан адасып,
Олжас Сүлейменовке сүйініп!

Топырағы шаң борап,
Жасыны жарқырап,
Нәсері селдеген,
Түкпірде тұпсіз бір қиядан шақырды от.
Фылыми-Техникалық Прогресс келмеген
Жерден біз шыққанбыз ақын бол.

Бір белгі жоқ сол бір күндерден,
«Жақсы емес», – дейді жұрт – ол да аса...
Енді ақын шықпайды бұл жерден,
(Алаяқ, саудагер болмаса...).

**Дәүітәлі Стамбеков.*

* * *

Тұн келеді,
Күн келеді,
Құткендейсің бірдеңені.
Бесігінде жатқан бала
Ертең шал боп үлгереді.

Қазақ неткен қасіретті,
Бастан не бір жасын өтті.
Алашқа ыстық алдағы күн,
Алла соған асық етті.

Сылдырап бір айна бұлак,
Жел еседі майда құрақ.
Махаббат пен ғаділеттің,
Қызғыш Құсы қайда, бірак?

ҚАЗАҚСТАН

Құдірет жоқ Құдайдың қуатындей,
Ұят берді –
Ұлттымның Ұятындей!
Топыраққа керемет кие салды,
Бекейханнан –
Әлихан туатындей!
Көкірекке қөл қызып шер сінірді,
Көз жасымен көйлегін жуатындей...
Иман берді нәпсіні тыйятындей,
Сабыр берді – ішінен тынатындей.
Тағдыр тартты – тар жол мен тайгақ кешіп,
Ақыл-есті абырап жиятындей.
Далам қандай –
Бес бірдей Франция,
Бебеулемей, беліме сиятындей!

Ар дарытты аздырмас текті ірітіп,
Көк Бөрісі кеудемде кекті – ұлытып!
...Қалай Тәңірі осынша ұлы ұлысқа,
Ұлттық сезім сыйлауды кетті ұмытып?!

АЛТЫН ҚАЛАМ

Армысын, ағам берген алтын қалам,
Алтыннан артық сенің парқың маган.
Бұл көкем – Алаштың бір алдаспаны,
Алаштың аспанында жарқылдаған!
Ақыық қанат қағып, көкке жөнеп,
Қарғалар жерде қалды қарқылдаған...

Жүректе – сары уайым,
Санамда – нұр,
Кез болдым алмағайып заманға-дүр.
Құдайдың құдіретін сезінерде,
Қуатын құяды өлі маган да – бұл.

* * *

Мен өлгенде, шерменде ел,
Дәнүкіс бір дәлдүріштің қасына әкеп жерлендер!
Көкте құсқа ергелі,
Көкжиеекке ол да құлаш сермеді.
Құдай, бірақ, маған берді қанатын,
Оған бермеді...

Мен өлгенде, шерменде ел,
Солармен бірге жерлендер.
Жырдын елі, төкпе, шертпе күй елі,
Топырақта бір жатайық киелі.
Маған құран оқиды жүрт, сол кездे,
Оларға да шапағатым тиеді.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Сайтан мен бүгін Періште келді жекпек-жек,
Ясауи шықты қылуеттен: «Қапы кетпе?» – деп.
Қалмақты шапқан қазақтың баһадүріндей,
Мен тұрмын мәз боп, не деген ғажап – жекпек-жек!

Бекзат – кім?
Құл – кім?
Тірелді бәрі текке кеп,
Әлихан менен Елтайлар келді бетпе-бет.
Ерлерім енді жер құшса, қазақ ұлысын,
Ғаламға мазақ қылады осы – жекпек-жек!

Болмысы – бөлек, бітімі, қаны, тек – бөлек, –
Бейімбет пенен Мырқымбай келді бетпе-бет.
Дүрбеленде осы тағы есем кетсе тексізге,
Дүниеден текке кеткенім шығар, – текке кеп!

Кек Бәрі келді көк итпен бүгін – жекпек-жек,
«О, Түрік жұрты! Мені енді тастап кетпе!» – деп.
Күңкілді қойшы, көзіме көрін – бетпе-бет!
Тығылу кетті – тығырық жетті!
Жекпек-жек!
Кекке – кек!

ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ

Азиядан –
Америка –
Еуропаға таралып,
Ұлы Қытай! – Тәнірі өзі дарағып;
Біздің з. д. екі мың жылдықта,
Адам-Ата – Хая-Анамен қоса жаралып!

Оның заманы –
Конфуцийдің заманы,
Дүр сілкінтекен адамзаттық сананы.
Тұғанменен осындай бір дананы,
Ғұннан қорқып, тастан қорған салады.

Аждаһадай араны,
Сонан шығып, құрттай қаптап барады.
Конфуцийдің жерге таптап рухын,
Адамзатқа ала көзбен қарады!
Дүр сілкінтекен адамзаттық сананы,
Қайда, қайран, Қаракөктің заманы?!

Есіл дерпті – Аспан елі, өз елі,
Өз жерім деп өртенетін өзегі.
Конфуций де біздің Абай секілді,
Кек Тәнірдің сөзі еді ғой, көзі еді...

...Мына жұрттың құрт-құмырсқа қорегі,
Қаптап шығып қара қоңыз тереді.
Кек аспанға қарап еді-ау, бабасы,
Бұлар неге төмен қарай береді?

НАГАШЫ ЖҮРТ

(*Мадақ жыры*)

Қожа Абрар Әкетайұлына

«Алланың өзі ge – рас, сөзі ge – рас».

(*Абай*)

Түркістаннан Қожа алдырып,
Құранды қазақша сейлеткен,
Түркіден шыққан кемелім –
Ханның қызы секілді Һалифа шешем бой жеткен,
Нагашы Жұртым сен едің!

Құдіретін сезіп Құдайдың,
Құбылаға қаратып бетімді.
Ақ қағаздың алдына кеп отырғам,
Алланың алдында отырған, –
Нагашы жұртым секілді!

Тасқа табынып, шоқынып... тобыр шуласа,
Тәніріге жат – ол, мұсылман маған, саған – жат;
Арабтан Нұр боп Мұхаммед Пайғамбар тумаса,
Түнекте лағып жүрмей ме мына адамзат?!

Құдайы көп заманда,
Құдіретті пірің еді бір Аллан,
Замана қайда қуса-дағы иіріп;
Қолындағы Құраннан,
Тұла бойына Құдайдың нұры құйылып, –
Тоқсанға келіп, Нагашы,
Отырсың топта алқалы,
Атырау-Арқа – Алатау-Алтайға жетіп беделі!

Сізді Алла – алқады,
Аруақ – жебеді!

Қытай асып кетсең де,
Жат жүртта да сұлтан боп,
Алашың мен Абайға,
Әуезовке інкәр боп...
Тартып бір туған тегіне,
Арғымақтан туған тұлпар деп, –
Бір ұлыңа ырымдап,
Атын қойдың Мұхтар деп!

Жалғыз Тәнірі Ием боп,
Сүйемін!
Кейде күйем кеп...
Мұхаммедтің – ұмбеті,
Мұхтарларға – жиен боп...

Махабbat пен Гаділет –
Хикметі Алланың!
Жанымды жасыныңа жаны кеп,
Жаһаннамға үшқанда жан сезбейтін салмағын.

Құрдымға сініп құса-мұн,
Құдайдан келіп бір қуат.
Өзінді бетке ап, өлең боп көкке үшайын,
Шыбын жаным шырқырап!

Теріс қарап дойыр заманға,
Іргеден Кек Бері ұлып –
Алаш – Алланы мойындағанда,
Алдынан Абай көрініп...

Шар тарапқа шарқ ұрып,
Ақыры, міне, Саған кеп –
Алаш түр жүрегі алқынып,
Арсы менен гүрсіге қанат қағам деп...

Семейден өтіп, көк ала бұлттан әрі асам,
Көз үшында көрінер-көрінбес нүкте бол –
Алла мен Алаш-Абайдың арасына қарасам,
Мұхаммед с.ғ.с. тұр!
Басқа түк те жоқ...

Тәнірім тұрса тағдырыңды таңда – деп,
Гүлге қондым бал жинаған арадай.
Аппақ нұрын маған төкті Алла кеп,
Аяларға – қарамай!

Алладан басқа Тәнірі жоқ!
Сонікі – Жаһан,
Жәннат – бұл.
Жасаған Ием ғаламға кірпігін қақпай қарап тұр!

Хабардар бергі ол, аргыдан,
Ессізді күллі елемей –
Кім шығар Оның алдынан,
Өзі кеп алқап,
Жебемей?!

Біздерге дейін не болған...
Бізден де кейін не болмақ?!
Біледі Жалғыз Өзі онын.
Алланың ақиқатымен ашылды күнде өзегім!

Қайда екен алтын тағы оның?
Қайтесің, жүргей құлы бол,
Адамзат,
Ғаламзатыңда Алладан асқан ұлы жоқ!

Түркістаннан Қожа алдырып,
Құранды қазақша сөйлеткен,
Түркіден шыққан кемелім –
Ханның қызы секілді Һалифа шешем бой жеткен.
Нағашы Жұртым сен едін!

Қараменде,
Жидебай,
Жанғұттыдан тараған,
Қаз Дауысты Қазбектен бата алып,
Қалмақ, шүршіт шапқанда шаңырағы
шайқалмаған, –
Ата Жұрт!

Біреудің болып боданы,
Сайын далада сандалған;
Ақсүңқар мен Һалифа –
Адамзаттың асылы еді о дағы,
Олар да өтті-ау, осынау сүм жалғаннан.

Айласы қалмай, амалы,
Баспақ боп өткен басына төніп қара бұлт.
Әлхамдуллаға тілін келтірмей заманы,
Әлихан туған топырақтан жаралып!

О, сүм заман, әкем мен шешем тұғілі,
Он сан жұртты ондырмай алдаған,
Шерімді қайдан қозғадын?
Бір атадан тоғыз туса да,
Бір бауырын – аштық,
Біреуін – арыз...
Біреуін соғыс жалмаған!
Қайран да, қайран боздағым,
Соңында қалып боздадым...

Тозаққа көніп, азапқа,
Әзәзілменен керіскен,
Бір жұтып уды ел ішкен.
Жеті атаға жетпей қызы алмайтын қазаққа,
Жетпіс жеті атадан асырып,
Мені әкеп қосқан есіл де, екі періштем!

Созсам бір қолым жетер ме менің, сандалған,
Сансыратқан миын дүниенің теке-тіресі.
Бір жетсе саған жетер-ау, фәни жалғаннан
Мен оқитұғын Құранның «Фәтиха» сүресі....

Айдай Ару –
Артық тұған хор қыздан,
Албыраса одан бекзат түк те жоқ.
Ділінен жұпар анқытып,
Тілінен бал сорғызған,
Қайын Жұрт түр көз ұшында нұктеде бол...

Жаһанға сіңіп, аялдап соңын шолғанда,
Жақсыда маздал тегінен қалған сөнбейді от.
Кіндігімнен тұған ұмбетім,
Күндердің күні болғанда,
Нағашы жұртын аңсар ма ма екен мендей бол?

Сары уайымға салынып,
Сарынар менде жағдай жоқ.
Осы Үш Жұрттың ұлдесі мен бұлдесіне малынып,
Қара өлең қалды –
Қарадан шыққан хандай бол...

ЖӘНІБЕКТІҢ БЕСІК ЖЫРЫ

Сен – Һас Сақсын желбіреген тұлымы.
Ата Жұртың – Арғы Ғұн,
Ана Жұртың – Түркістан,
Асай да – селдің тұнығы,
Сағ алтынның бізге жеткен сыйнығы.

Құлдан туған, күннен туған балаға,
Көзінді сап, қарама.
Қаны – жат, болмыс, ойлары...
Мына Дүние –
Солардың салған ойраны!

Тәніріге де жоқ құрметі,
«Бір беті – адам,
Шаян ғой тағы – бір беті»
Ол –
Дарвиннің маймылдан шыққан мұскіні.
Сен –
Мұхаммед с. ғ. с. үмбеті!

Жалғанда, мына жалғанда,
Тексізге еріп, сандалма.
Мен –
Қабірден атып тұрармын,
Сен –
Үзенгіге аяқ салғанда!

Бекзатта – кісілік, байда – құт,
Ақыл-есі Алла-Тағалаға байланып,
Алашың сонда, айхой, бір дәурен сүрер-ау,
Homo Sapiens-тен –
Инсан-и-камилге айналып?!

·Абай.

“Homo Sapiens – саналы адам.

“Инсан-и-камил – аль-Инсән аль-Кәмиль (араб. – кемел адам (суфизм).

* * *

Алаш талай жылады,
Алашпен қоса Абай жылады.
Алапат сан боранында тарихтың,
Көрінбей қап атының да құлағы, –
Оппа қарға омбылай кеп құлады.

Көкжиекке асық болып жыр-әні,
Көбінесе ғашық болып жылады.
Сынады оны заман отқа, боққа сап,
Замананы Ол да ондырмай сынады.

Бітті...
Болды!
Тара берме кінәні,
Тарих қана таразылар мұны әлі...
Абай неге баз кешті бұл жалғаннан?
Алла неге үнсіз,
Іштен тынады...

Арқан бойы көтеріліп Күн әні,
Айықпай түр қалай мұның тұманы?
Алаш деген – Мағжанның Шолпаны –
Күнәсіз!
Һем күнәлі...

АРУАҚ

Елде қалған кім бар, ей?!
Қызыларайға кім құлағын түреді?
Айтсаңшы,
Кім біледі?
Ақсораңда жиырмасыншы ғасырдан
Бері ылғи бір аруақтар жүреді...

Оның қаны – ыстық,
Елде – жылы қан...
Сарқ-сарқ тасып, кейін келе жылыған.
Совет өкіметінде де солар кеп,
Құлағыма қасқыр болып ұлыған!

Мен ұлысам, қасқыр болып ұлығам,
Мен құрысам, төбелестен құрығам.
Мениң қаным ыстық қан-ды қайнаған,
Елдің қаны жақсы, мұлде жылы қан.
Дүниенің текетірес, шуынан,
Жылдар өтіп, ғасыр өтіп
Суыған...

Сиыр – судан жарапған,
Жылан – удан жарапған,
Балық – мұхит, өзен, көлден жарапған,
Сахарарада түйе шөлден жарапған,
Жылқы соққан, жортқан желден жарапған,
Мағжан айтқан толқын селден жарапған!
Адам Ата – Һая Ана
Топырақтан,
Тура жерден жарапған.

Тұқым – әкемнен,
Ақ сүт – анамнан.
Елден –
Жерден – нәр алғам.

Меніңше, мен жан берісіп, жан алған,
Ақсоранда жүрген екі-үш аруақтың
Елесінен жаралғам!

Олар ылғи көз алдымда жүреді,
Меніменен бірге өксіп, бір күледі.
Біреуі оның – Әлихан,
Біреуі оның – Әлімхан,
Ақбайдың Жақыбы – біреуі.

Болғаннан соң болмысы – ұлы, заты – ірі,
Басы бар да, жоқ жақсының – ақыры.
Аруағы әнге айналып бұл елде,
Жырға айналып маған қонды ақыры...

Елде қалған кім бар, ей?!

Қызыларайға кім құлағын түреді?

Айтсанышы...

Кім біледі?

...Ақсоранда жиырмасыншы ғасырдан

Бері ылғи бір аруақтар жүреді...

СЕҢІ КҮТЕМ

Құстар келді.

Қыстар келді.

Күндер келді.

Тұндер келді.

Тағы да – құстар...

Тағы да – қыстар...

Тағы да – күндер...

Тағы да – тұндер...

Сені күтем жүрек лауласа да,

Әбден жүдеп, айырылып әрінен.

Келіп-кеткен Аяз-Ата қаншама?

Сені күтем.

Сені күтем өлі мен...

Сені күтем, сағынышқа жан – ұя,

Сол сағыныш ғұмырдағы жолдасым.

Міне, отыз жыл... Сені күтем, Галия!

Басқа қызды күтсем – жолым болмасын!

Сені күтем, сені күтем алаңдап,

Біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр.

Шырт үйқыда жатқан кезде адамзат,

Бөлмеме осы кіріп келіп таң қалдыр!

Ақ көйлегін ақша бұлттай әдемі,

Көрсем сені, көздерімді ашқанда...

Саған арнал жүрген шарап бар еді,

Сонымды атып жіберейін аспанға!

Осы күнді қанша күттім демеймін,

Кез жасынды үзіп... Сен де жасыма.

Аяулымды – Анамды ертіп келейін,

Жаюлы осы дастарқанның басына.

Таң қалайын өңім бе деп, түсім бе?

Мандайыма жазылса да үрлық-той...

Өмірдегі думаныңдың ішінде
Анамыздың болмағаны – сүмдық қой!

Арына баламай бар жер-көктің,
Сені анам да күткен талай қырды асып.
Достарды ертіп келу үшін мен кеттім,
Біз келгенше отырындар сырласып.

Достар келді...
Суша шарап сапырам.
Мені әлі де тұр ғой күтіп жол-ана –
Әлемдегі әйелдерді шақырам!
Әйелдерсіз әсем думан бола ма?!

Дарымаған тәніне от, оқ әрі,
Жігіттер де келіп, шықсын жоғары.
Жер бетінде той түгілі, жаным-ау,
Еркектерсіз соғыс та өткен жоқ әлі!

Біздің үйде өткен тойдың дүбірі
Жетер елге шықпаса да Күн әлі.
Мына әлемнен қасіретің түгілі,
Шаттығын да жасырғандар – күнәлі!

Сені күтем...
Сені күтем аландаап.
Біздің үйде ғана сөнбей жанған нұр,
Шырт үйқыда жатқан кезде адамзат.
Бөлмеме осы кіріп келіп тан қалдыр!

Құстар келді.
Қыстар келді.
Күндер келді.
Тұндер келді.

Тағы да – құстар...
Тағы да – қыстар...
Тағы да – күндер...
Тағы да – тұндер...

45 ГРАДУС АЯЗ

45 градус аяз.

Алқынады қос өкпе,
Өмір бастан көшсе өстіп көшед те...
Базарда тұр Баян сұлу боп-боз боп,
Қозы Қөрпеш күтеді оны төсекте.

Қап арқалап, буынынан әл тайған,
Келеді олар Стамбұлдан, Алтайдан.
О, Баяндар! Жолың болсын қайда да,
Отыз жасқа толар-толмай қартайған!

Жасай алмай жас дәуренін жас болып,
Өншең цифр, калькулятор – баста өріп.
Көздерінің оты сөніп, аруақтай
Плацкартта ішіп отыр –
Мас болып!

Қарағандыға келсе бәрін аттап кеп,
Қара табыт шығады одан қаптап кеп.
Бетін ашсаң – Баян сұлу өзіндей,
Қара шашы кеткен қудай аппақ боп!

Көлдер кепкен қоғалы,
Ерлер кеткен...
Кімге соның обалы?
Баянсыз-ақ базар боп тұр найқалып,
Қодарлар мен Жантықтардың қоғамы...

* * *

Барады уақыт зыр қағып,
Зырладық бірге өзіміз.
Сонау күндерден ұрланып
Қарайды сіздің көзіңіз.

Сүюдің азап, бейнетін,
Көремін деп пе ем ол кезде?
Пәктіктің керім келбеті
Тұратын тұнып сол кезде.

Үйиқтаппыз. Көкте жүзді Күн.
Көңілде сол бір жыл ояу.
Келіншек бопсыз Сіз бүгін,
Мен де әке боппын, Құдай-ая.

Тағдырдың ділі қатал-ақ,
Сол шақтан белгі қалмаған.
Алдаған мені махабbat,
Сізді де онбай алдаған.

Сізді ертіп, не Сіз мені ертіп
Кетпесек – кінәлі өзіміз.
Өтірік күліп, неге тік
Қарайды өткір көзіңіз?

Пәк махаббатсыз не тірлік?
Пенделік ғұмыр – құнарсыз.
Кейде... Сіз мүмкін өтірік...
Жылайтын-дағы шығарсыз?

* * *

Алты жаста атқа мініп,
(Ой да – алан),
Қиялыммен қияныңа бойлағам.
Көз жетпейтін көкжиекті көргенде,
Соған сіңіп кетемін деп ойлағам...

Үлгермегем кезіп дүние базарын,
Анашымның ақ сүтіндей тазамын!
...Он үшімде тәнті болып бір қызға,
Әйелзаттың сонда-ақ сезгем ғажабын...

«Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» –
Басымда,
Жиырма бесте жүзімді сап Қасымға...
Жым-жырт жатқан дүниені сілкінтіп,
«Айналып-ақ кетем» – дегем жасынға!

Тыныш жүрмей!
Несіне осы аһ ұрдым,
Ақтамбердідей –
Арқама аруақ шақырдым!
Керегі жоқ мынау елге ақынның
Алпысымда ақыл кірмей мен осы,
Нені жазып, нені шатып жатырмын?

Мендей жанға шері де көп, кеселі,
Дүниенің бөлек еken есебі...
Менен кейін туа ма ақын?
Туса егер –
Маңдайдағы соры оның да бес елі...

МӘРИЯНЫҢ ӘНІ

«Из строгого, стройного храма...»

(М. Ц.)

Құдайдын үйі – «Храм» деп жүр ғой ел оны,
Сол жерден шығып, басында – гүл-тәж үкілі.
Азаттық Ару жымып күліп келеді,
Ар менен Үят –
Адами болмыс-бітімі.

Біз тұрмыз күтіп, жауып сол жүрер жолды да,
Тоқтатып қөзін қадар деп кімге ол енді?
...Ару дегенім – алаяқ қатын болды да,
Аяр мен Сұмның сонынан ере жөнелді...

ТҮРІК АҚЫНЫМЕН СҰХБАТ

Назымының жақтырмайтын өлеңін,
Неткен сонша тәқаппар ең, өр едің...
Хикметті берсөң егер – маған бер,
Мен сендерге Шемішбайды берейін.

Үзілген жоқ бізде жырдың қоры әлі,
Естігенде арқага аруақ қонады.
Егер Шөкем сайрап берсе түрікше,
Бұ Түркия бұлбұл бағы болады...

Алашқа да, ақынға да өкпе жоқ,
Тәңірімен сөйлеседі бетпе-бет.
Ұлықбек пен Ғалым келген кезде де,
Елп етпепсің екі қозің көкте боп...

Біздің елде ақын деген жетеді,
Бірде – жерде, бірде – көкте мекені.
Тыныштықбекті өзім ертіп келейін,
Тіл табысса Ердоғанмен екеуі.

Мәңгі өлмейтін Хафизіңнен қалған жыр,
Қайда Сұлтан Сүлеймендей тарлан бұл?
Біздің елден Күлтегіннің басында,
Темірхан жүр, –
Кек Түрік деп...
Зарлап жүр!

Назымының жақтырмайтын өлеңін,
Неткен сонша тәқаппар ең, өр едің?
Хикметті берсөң егер – маған бер.
Мен сендерге Шемішбайды берейін.

* * *

Мылқауда үн болады,
Таста тіл жоқ,
Дүние кетер сенсіз тас-тақыр бол.
Галамда жалғызымың, Поэзия!
Жалғыздың жары – Құдай!
Басқа – түк жоқ...

Кезде бір пенделікті бастап кеткен,
Тәнірі тұрар бізді жасқап көктен.
Өлең бар дүр осы бір Дүниеде,
Өмірдің өзінен де асқақ та, өктем.

Арсыға самғап барып от құшқанда,
Кептерім кеудемдегі көкке ұшқанда –
Тәубеме келіп бір сәт егілейін,
Тәнірдің тезі мені кеп қысқанда.

Бұлбұлдың қай құста бар сендері үні?
Біледі осындағы ел де мұны; –
Қайтейін, қара өлең-ай, сен болмасан,
Пенденің іші қуыс мен де бірі...

Түк емес маған доллар, ақша құны,
Бастағы ойы – басқа,
Басқа – мұны.
Қарсы алды қарсы алдынан қазағымның,
Қара Өлең дейтін Ұлы Патшалығы!

Мылқауда үн болады,
Таста – тіл жоқ.
Сөйлетсем соны, (басқа мақсатым жоқ);
...Дүниеден кеткеннен соң, күннің күні,
Мен оған қайтып келем басқа ақын бол...

ҒҮМЫРНАМА

Жүректі шер ғып, құса ғып,
Көзімді жаңа ашқанда.
Әкемді ажал құсы алып,
Әкеткен түпсіз аспанға...

Тағдырдың жасы мол көзде,
Жасау да қыын иелік.
Мен құлай беріп...сол көзде,
Анама қалғам сүйеніп!

Тірліктің тарау жолымен
Жүргенде жүдеп жас жаным,
Көзімнің жасын қолымен,
Сұрткен кеп ауылдастарым.

Жаралған жаным шуақтан
Суықтан қалса қысылып,
Достарым келіп жұбатқан
Халімді менің түсініп.

Жаралап кетсе пасық кеп,
Жаралған жанды кіл оттан.
Жанымда менің ғашық боп,
Бір әйел бар-тын жұбатқан.

Жырларым менің ұнаған,
Мен танымайтын бір адам.
Жаладан ақтап, күнәдан,
Жанымда сауға сұраған.

Құлшынып ғұмыр сүремін,
Қарамай тағдыр кәріне...
Бұлқынған бала жүрегім
Қарыздар соның бәріне.

Аң-тан қап көп ел сұрағын,
Алдыма тартқан талай кеп,
«Мұрап та болмай, мұғалім...
Ақын боп кеттің қалай?» – деп.

Бәрі де мұның ғажап-ақ,
Ғажап-ақ мынау сұрақ та...
Мұрап та болып азамат
Жетеді асқақ мұратқа!

Бөлмелегін мені елімнен,
Болмаса қайтем қол шебер?
Мұрап та болар едім мен –
Мұратым тек сол болса егер!

Ақын боп кеттім, тастарға
Шуақ боп тамып қайтсам, – деп,
Айқайлап түрып аспанға
Анашым жайлы айтсам! – деп.

Даламның болып ақыны,
Көз салып ойы, қырына.
Ананың бәрін ақыры
Алыппын қосып жырыма.

Сұрама менен дерегін
Айналды дерсің, о, демде,
Ошағым жайлы өлеңім –
Отаным жайлы өленге!

Түсіне көрші сырымды,
Шабыттың алып үшқанда –
Достарым жайлы жырымды
Оқуым керек дүшпанға!

Жаралап кетсе пасық кеп,
Жаралған жанды кіл оттан.
Жанымда менің ғашық бол,
Бір әйел бар-тын жұбатқан.

Деймін мен сол бір аруға:
«Жаныңды мұнға жендіріп,
Қызғана көрме! Қой енді...
Сен жайлы жазам деп жүріп,
Жырлаппыш бүкіл әйелді!»

Қанатты жырым жүреді,
Сені іздеп, ұшып, қараңдар!
Бір соққан ізгі жүрегі,
Мен танымайтын адамдар!

Өсектен, өрттен өлермен,
Кеуденде жүр-ау дерт өріп,
Өздерің жайлы өлеңнен
Кетем-ау, бір күн өртеніп!

Қанбайды үйқым бал таңда,
Кеудемнен жалын от өріп.
Алашым – бала арқамда,
Келемін соны көтеріп!

АДАСҚАН ҰЛДЫҢ АТА ЖҮРТЫНА ОРАЛУЫ

(XX-XXI ғғ.)

Бір-ақ сүйем – Жер мен Көктің арасы,
Жасынның отын ұртта! – деп
Мен –
Ақсұңқар құстың баласы,
Ұяды салғам бұлтқа кеп.

Кеудемдегі көк кептерім – өлең-ді,
Кемпірбайдай –
Көкке ала жәнелді.
Осы Дүниеге маза бермес ол енді!
Көкірегіме сұңгіп кіріп Көк Түркі,
Көз алдымда Күллі Дүние көнерді.

Босағадан – Төрімді,
Көгімнен – Жеті Қарақшыны тауып ап,
Көкжиектен – Көк Тәнірі көрінді
Көрінен – Ақсұңқар аунап!

О, Боз Даlam, Боз Даlam!
Қолқамдағы қандай шер бұл – қоздаған?
Сұңқарынан сенің ешкім әрі асып,
Тұлпарынан сенің ешкім озбаған!
Бәрі – біttі...
Қорқыт жыры –
Тозбаған:
Қобыз қалды сарнап сенде,
Сонан соң –
Қобыздайын мен қалыппын боздаған...

Уға айналып – шарабы,
Самұрық неге ала көзбен қарады?
Уитменнен...

Киплинг...

Мандельштамнан манағы
Миы ашыған ахедеулеу баланы,
Ақтамберді алып қашып барады!

Қия бетте қырық қабырғам сөгіліп,
Нені іздең ем, не біліп?
Ноғайдан қайтқан Қазтуғандай –
Тәгіліп,
Қазақстаннан –
Қазаққа келдім егіліп!!!

Сонда Уақыт қасыма кілт тоқтады:
Қорғаннан – Шүршіт,
Орманнан – Кәүір оттады.
Көк Тәнірі –
Су Тәнірі –
От Тәнірі –
Қара басын қарсы қойған Рухқа –
Жетесізді –
Жетпіс жылға соттады!

Ей, құл-құтпан, баспағым!
Тәнірі қүйған қалыбынан аспадын.
Аяқ-қолы кісен екен, қарасам,
Әлихан мен Әлімханнан басқанын!

Кәшелі –
Керім елдің, сері жүрттың кешегі,
Маңдайдағы соры неге бес елі?!

Көк Тәнірі енді өзін тәрк етсе,
Оны –
Өлім Жазасын кеседі!

Текті Түркі тең-құрбыдан шет қалып,
Ақырзаман кепті анық.

...Осы дүниеге олжас салған Олжас еді қазақтан,
О да кетті Күнбатысты бетке алыш...

Күнбатыс пен Күншығыстың арасын
Кезгенінді «Кезбе» дейтін қүй деп айт:
Көке!
Қайда барасың?!
Үйге қайт!

Қазақ еді – Қаз Үнің.
Жазығы – не?
Менің қандай жазығым?!
Көнбе ешкімге, Көк Бөрі,
Сөнбе, Темірқазығым!

Көк Тәнірі Көктен Жерге сауып Нұр,
Еділ Патша елге келді шауып бір.
Қайда жөнеп барасындар ауып бұл?!

...Қазақты қайырып түркіге,
Тәбемнен жауһар жауып тұр...

РУХ

Жаным, менің жайымды түсінер ме ен,
Тұнде үйықтап жатсам да түсіме енген.
Өлең деген – Рухты іздел өттім,
Өмір деген кітаптің ішінен мен.

Күніреніп, үмітпен, күдікпенен,
Тек сол үшін ғана өмір сүріп келем.
Өлең деген жоқ мына дүниеде,
Құбылыс бар құдіретті –
Рух деген.

Қанша іздел, сарсылып таба алмадым,
Қанша мәрте қараң ғап қара орманым.
Қасиетті қара өлең көзден үшып,
Қара сөзге сүрініп, арандадым.

Аруақтар көз алдым көлеңдеген,
Тірісінде шуаққа бөленбекен.
Тәнірігे оқитын күнде ішімнен,
Дүғам болды осы бір өлең деген.

Хан Кенеге ілесіп, қия шалдым,
Қарлығашпен бірге үшып, ұя салдым.
Үлттық рух – жыр екен, уыстап ап,
Ақ парақтың бетіне құя салдым...

Күніреніп, үмітпен, күдікпенен,
Тек сол үшін ғана өмір сүріп келем.
Өлең деген жоқ мына дүниеде,
Құбылыс бар құдіретті –
Рух деген.

* * *

О, Тәнірі, кешір бізді,
Жыйғызсаншы есімізді.
Бір тәбеле келіп тоқтап,
Неге иірдің көшімізді?!

Кімді саған серік қылдым,
Неге осынша желіктірдің?!
Жүрек – қазақ,
Басым – басқа,
Қай кезеңге келіп тұрмын?!

ҚОСОБАДА

Бекежандар жол тосқан Қособада,
Қоныс тойын жасады осы арада.
Секс келіп төсектен айдал шыққан
Махаббат түр...
Боздал босағада!

Базар болар бар ма құт мекен бізге?
Поэзия!
Дүние тар екен – бізге.
Жүр ұшайық аспанға қол ұстасып,
Мына жақта орын жоқ екеумізге...

Күн түспей түр гүлге де, ағашқа – нұр,
Кел де пәле-жалаған аласта бір.
Кел ұшайық аспанға Алладан бір,
Қуат алып қайтайық Алашқа бұл?!

Кел, ағызып құрғаған өзендерді,
Көрсетейік кезіне гөзелдерді.
Ана сүтін емгендей, Алашқа бұл –
Абай рухын емізер кезең келді...

Өмір сүріп келеміз, өмір сүріп,
Бас та быт-шыт, жүрек те, көніл – сынық,
Өзімізді-өзіміз өлімші қып,
Өмір сүріп келеміз өмір сүріп,
Алдымыздан жарқ етіл көрінші, үміт...

* * *

E. Евтушенкодан

Ғаламат ғаламсың Сен
Көз жетпес ұшаныңа.
Құшақтап қалай сүйем,
Сыймасаң құшағыма?

Жара сап жанына да
Тәніне құдіретті.
Ұлы ақындарына да
Сыйладың ұлы дертті...

Аяз да, өктем жасын
Жаныңмен егіз еді.
Көл-көсір төккен жасын
Қаның да теңіз еді!

Кесір мен керістердің,
Бәрі оғын саған атты.
Ғаламат Жеңістердің,
Парқы да ғаламат-ты!

Қаһарлы айбының да,
Мықтымыз – Сен де, мен де.
Жоқ ұсақ қайғы-мұн да,
Жоқ ұсақ пенделер де!

Останым!
Қараши, ұлың
Үмтылды құшақтауға.
Ұлы елдің баласының
Хақы жоқ ұсақтауға.

Аяулы анасың сен,
Данқты түлектері.
Ұлы боп қаласың сен,
Ұлдарың ұлы өйткені...

АҚЫН

Адамда одан бір тірі пенде озбаган,
Елінің шері – өзінің шерін қозғаған.
Мұхамед ғ.с.-нен кейін, Пайғамбар
Тұған жоқ –
Асау ақындар туды боздаған...

Құрт пенен қырттан безініп,
Безінген сайын алдынан солар кезігіп –
Пайғамбар – деді, Ақынды – Пушкин, өзінін,
Пайғамбарлығын ішінен өзі сезініп!

Бұл қоғам – таяз, тар – әрі,
Ресейден шығып, жаһанды шарлап барады.
Құлдарды көріп, көнілі қүнде құлазып,
Патшаға, тіпті, мысқылдал, қүле қарады...

Қырандай, дәйім, Қырымға қарап көздері,
Жер бауырлаған жәнтікке жаны төзбеді.
...Бір кезде ақын Пайғамбар болған еліне.
Қазір – кім?
Оны білмейді, тіпті, өздері...

ҚАСИЕТТІ ЛАТЫН

Ару Латын, әлі он сегіз жасында,
Жақсы менен Жайсаң соның қасында.
Галамзатты қартайтты да ғашық қып,
Кербез Сұлу келді біздің ғасырға.

Адамзаттың бүгіні – сол, өткені,
Қысы, жазы, күзі де – сол, көктемі.
Гомер дейтін ақын – ақын болғалы,
Латын дейтін – латын болған, өйткені.

Асқақ жыры – алтын Алаш хақында, –
Ару Латын тәнті мендей ақынға.
...Біреу жетсе айдарынан жел есіп,
Мен жетермін Қасиетті Латынға.

**АСТАНА.
КІТАП КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕСІ-2017**

«Шаршадым. Қатты шаршадым...»
(Хусто Хорхе Падрон*)

Хусто Хорхе –
Испанда дара – өнері,
Секунд сайын албырап бара ма өңі?
«Алақай!» – деп алдынан шыққан кезде,
Абдыраған қазақтың қара өлеңі.

Келгенде ақын – дана еді...
Баладай бол, –
Астанаға аң-таң бол қарады-ай кеп.
Еуропадан Ақ өлең көшіп келіп,
Танакөздің көздері – танадай бол...

Пәк жүргегін құллі елге ашып болған,
Таяқ жеген не бір қу, пасықтардан.
Дәурен үқсан барады Дон Киходқа,
Туа сала өлеңге ғашық болған...

Басымызға аруақ қонды ма кеп,
Қонғаннан соң әрине, болды ма әлек!
Ол туганда қасында жоқ едім мен,
Болсам айттар едім ғой: «Жолама!» – деп?

Қырымға бір тартатын, жырымға – бір,
Өрт, не дерт бол түседі буынға – жыр.
Туа сала түгілі, тоқсанда да,
Көз салуға болмайды сұлуға – бұл.

*Хусто Хорхе Падрон – испанның осы замандағы ұлы ақыны.

Ақ өлең де – біздей бір қаралы еді,
Күннен күнге бозарып бара ма өні?
...Тұла бойы үйқастан тұрса-дағы,
Бәйек боп жүр қазақтың қара өлеңі.

Падрон тұр шалқып бір, шабыттанып,
Аты-жөнін қазақтай халық танып.
... «Ақ өлең жаз!» – десе Алла Несілбекке,
Орынынан тұрмас-ау?
Талып қалып...

ИСПАН ЕЛШІСІНІҢ РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА

(Астана. 17.06.2017 ж.)

Абайға еріп тұғаннан атұрып ем,
Қара өлеңмен ғаламды шақырып ем.
Ең бірінші кездескен Елші – Сізсіз,
Адамзатта Алаштың ақынымен.

Жүргегім – ақ
Бұ күнде самайым да – ақ,
Абай да өткен «адамзат-ағайын»-дап.
Біз де – Елшіміз,
Жаһаннның ел-жұртына,
Алла өзі жіберген
Тағайындал...

Заман ылғи жаманмен алыстырып,
Жаһандану кеп жетті тағы ыскырып.
Федеріко Лорканы қазақтарға,
Одан бұрын қойған біз –
Таныстырып!

Алқасына испанның тізген гүлін,
Көз жасындаі жүректен үзген жырын.
Қара дауыл ғасырды бұзып-жарып,
Қасым барған сіздерге – бізден бұрын.

Ол туасы шуақ пен жарыққа ерді,
Бұбұлдайын әніне салып келді.
Ақындарын Алаштың жинап алып,
Алла, сонсон, алдыңа алышп келді!

Еуропада етene жақыным ең,
Елден ерек парасат, ақылымен.
Ең бірінші кездескен Елші – Сізсіз,
Адамзатта Алаштың ақынымен.

* «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» (Абай)

** Федеріко Гарсія Лорка, испан ақыны, 5.06.1898–08.1936)

*** «Сүйемін мен испанканы...» (Қасым)

* * *

(Асқарға)

Астанага қажеті жоқ ақынның.
Мен бардым да дүниені сапырдым.
Асқар мырза берген алтын сарайда,
Бекзат құсап шалқып, тұрып жатырмын.

Жыр оқыдым егіліп бір ер жүрек,
Ойлайтұғын мені өзіндей шерлі деп, –
Астананың арулары шулады:
«Ақсұңқарұлы келді...» – деп.

Алаш – әнім болса, ару – қайырмам,
Сұлулардан кім, ей, мені айырган?
Петерборға – Рязаньнан келетін,
Есениннен жоқ ешқандай айырмам.

Арнасынан ақты дерсін селдей жыр,
...Содан бері маған шабыт келмей жүр.
Миллионер бар, үйсіз де көп, мисыз да,
Астанага ақын керек мендей бір!

Гүлге оранған Астана,
Жырға-дағы бөленуге хақылы,
Абайдайын болмаса да хакімі.
Момын жұртын бір шулатып кететін,
Болу керек мендей асау ақыны.

* * *

Үлкен затты сүйемін мен, зорларды,
Ақсоранды!

Алтай –

Арқа –

Орманды!

Қасым аға – Қайсеновтей шалдарды,

Ақын болса, –

Олжастайын тарланды!

Сүйем, айхой, асқақ-асқақ ойларды!

Өр ойыма бой ілеспей қойған-ды...

Рухани Ергежейлі кез болса,

Сойқан салып, ел көзінше сойғам-ды!

Соныменен құнім батып, таң атты,

Қайран, заман, қалай жерге қаратты?

Меніңше, осы рюмкамен ішкенше,

Стаканмен ішкен жақсы арақты...

Стаканмен іше алмай ғап арақты,

Ақтогай да маған таң боп қарапты.

Анда-санда үрттап қоям, қайтейін,

Фужердегі тәтті қызыл шарапты.

ЖҮРЕК КАРДИОГРАММАСЫ

Өлең өзін өмірге елші етеді,
Ақ-қаранды қапысыз өлшетеді.
Ақ қағазға түскен жыр, айналайын,
Жүрегімнің жүрісін көрсетеді.

Бара жатып бас лағып, өліп-құрып,
Өзегімнен өмірге өріпті үміт.
Өзіме-өзім кей кезде тәуба қылам,
Жүрегімнің жүрісін көріп тұрып.

Қалай-қалай соғады, қайран жүрек,
Аман-есен Жер Күнді айналды деп.
Өзегіме өксік шер байланды кеп,
Қалай-қалай соғады, қайран жүрек.

Ер салғалы Пегасқа-күреңіме
Пенде емес ем қараған түр-өніме.
Сөйтсем, жүрек айналып ақ парапқа,
Ақ парагың айналған жүрегіме.

Өлеңдерім-өрімім, сабаздарым,
Ар-ожданым!
Өзім кетсем өртеніп жүрегімді,
Тастап кетем сендерге, қағаздарым...

АЛМАТЫ

(1974–2017 ж.ж.)

Алатау, айхой, тау елі,
Нұрғисадайын сиқыр ғой, шіркін, әуені!
Ашулы Алла жұмақтан жерге құғанда,
Адам мен Хаяу осында түскен әуелі!

Таза еді онда Адам да,
Аспан,
Ауаңыз,
Алатау жатқан –
Ақ шыңы, бақша-бауы – аңыз.
Өзге елде жоқ бір алманың асыл тұқымын,
Өзімен бірге ап келді мұнда Хаяу Қызы.

Ақсораң қалып мұң шалып бірде қабағын,
Алатау шығып алдынан, таң ғап қарадым.
Алматы деген Ару Қызы кіріп түсіме,
Мен бүгін, міне, алпыстан асып барамын.

Жетісу, қайран, жаһанда жоқ бір жер едің,
Қолға шам үстап іздесе әркім керегін.
Алматы, егер – Еңлік Қызы болса жалғанда,
Мен – Кебек деген еңіреп жүрген ер едім!

Еңкейер жерде – еңкейдім,
Шалқаяр жерде – шалқайдым,
Ақсораң сынды кенжесі едім Алтайдын.
...Алматы деген бір Ару қызға қол жетпей,
Қарағандыда...
Қара шал болып қартайдым...

КӨЗСІЗ КӨБЕЛЕК

Түк демей бізге, – түсініксіз... тілі байланған,
Өмірге емес, – өлімге іштей сайланған.
Нұрға ғашық па, отқа ғашық па, ойпырмай!
Осы көбелек, – зыр қағып шамды айналған?

Сезімге мас боп, жайына айла, ақыл ғап,
Жүре ме лағып, қуле ме, әлде, сақылдап?
Меніңше, мынау – көзі жоқ соқыр көбелек,
Көзі бар болса, бара ма отқа жақындап?

Маздал бір тұрған жалынды шалмай құлағы,
Онымен ойнау – өзіне, тіпті, ұнады.
Соры қайнаған, соқтықты неге шамға кеп,
Қанаты күйіп, ішіне түсіп, құлады!

Меніңше, мендей бұ-дағы шаршап, қажыды,
Немесе от пен нұр болды мұның азығы?
Сүйген соң – күйді... сүйгеннен, сүйіп, – күйгеннен
Бар ма еді басқа жазығы?

...Ал-қызыл дүние өзіне күнде тартады,
Бұлдыратып көзді, шымырлатып асау арқаны.
Сүйіп жүріп, күйініп отқа сан түскем,
Кетер ем, – жанып?
Мені бір Алла алқады.

«Өбесің неге өзегің талып, өле кеп?» –
Демеші маған, сұрағың осы неге көп?
Алашым менің – Жарығым, соны айналған,
Мен-дағы сенен аумайтын көзсіз көбелек...

* * *

Аман ба, Тәте, армысыз?
Аспанда жұзген Ай – көніл...
Үстінде Жердің бармысыз?
Армысыз, анам, әйтеуір.

Кейінгі кезде күстәна
Боп кеттім неге мұнша мен...
Тәбеннен өткен құстан да
Жүрсің бе жолдал бір сәлем?

Уақыт-ай, зулап ұшқан кеп,
Ұрлайды-ай күнде жамалын.
Сіз жақтан-дағы құстар кеп,
Көктемнің берді хабарын.

Ақсоран жаққа ұшқанда,
Отыра қалып жүремнен –
Тәбемнен өткен құстан да,
Сан сәлем жолдал жібергем.

Сол құстар, Тәте, барды ма
Көктемді алып жетекке?
Қанқылдал, шуласап қонды ма
Ақжарық деген бекетке?

Кеттім-ая, Тәте, алыстал,
Жұдеме, ойлад, күрсінбе.
Өкпеннің дерті тағы ұстап,
Талықсып қалып жүрсің бе?

Күркілдеп жатқан кеуденде
Қандай дерт екен, анам-ай?
Ажалдың құсы келгенде
Әкем де кеткен қарамай...

Күдіктің зілдей тауын да
Көтеріп келем бекем бір.
Бәрін де тастап, ауылға
Аттанып кетсем бе екен бұл?

Білгендей соны: «Қолынан
Бал ашамын» – деп, шаршамай.
Тұрады күтіп жолымнан
Цыганның қызы қаршадай.

Тыңдадым үйип болжамын:
– Өулием, айтып бергін, – деп.
Сөзіне ылғи сол жанның
Тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Аман-сау екен ел-аймақ,
Әулиең айтып тұр, міне...
Болжады цыган мені ойлап,
Көз ілмей жүргенінді де...

Деді ол: «Жағдай қыын, көр:
Дімкәстau екен шешеніз.
 Тағы да біраз...тиын бер
Оның да мәнін шешеміз!»

Жанымның бұлтты аспаны
Нәсерлер пері кезі кеп:
«Алыңыз мынау ақшаны!
Айтыңыз – деймін. – Тезірек!»

Картасын жайып жаңадан
Шомды ойға цыган не түрлі.
Үстінде жердің әлі аман
Жүрген бір Тәнірі секілді!

«Сеніңіз мендей пендеге,
Жүрегі адал десеніз:

Міндадар болмай емге де
Сауығады екен шешеніз!»

Сөйлейді цыган шабытты,
Қалтасы бүгін олжалы.
Болашағында бақытты
Болатыныңды болжады!

Тыңдадым ұйып болжамын
– Ерікті саған бердім, – деп.
Сөзіне ылғи сол жанның
Тұрады, Тәте, сенгім кеп...

Уақыттың шеру, дүрмегі,
Барады алып шығанға.
Көрінбей...соңғы күндері
Із-түзсіз кетті цыган да.

Іздеймін соны көшеде,
Көзіммен тінтіп, не екен бұл?
Адамды сендірмесе де,
Алданыш керек екен бір!

Қонақжай әдет-ғұрпы мол
Жанына тұрган жарасып,
Ауылда жүр ме, мүмкін ол
Енді еркін маған бал ашып?

Иесі жел ме, дауыл ма,
Дегбірсіздердің бірі екен.
Қалайша біздің ауылға
Қаңғырып бармай жүр екен?!

Сан жерде ұлың сыналған,
Тап болып тағдыр кермесі.
Мен жайлы ешбір цыгандан
Ештеңе ести көрмеші.

Қыран боп шынды шолам мен,
Кеудеме шабыт қонған соң.
Адамның ұлы болам мен –
Анамның ұлы болған соң!

Шуаққа менің мол жаным,
Десе егер біреу, мен гүлдең –
Сөзіне ылғи сол жанның
Тұрады, Тәте, сенгім кеп!

Біреулер бөгеп жолымды,
Жүрсे егер: «Құдай атты!» – деп.
«Алыңыз, – деймін – қолымды!
Айтыңыз, – деймін – ақ тілек!»

Кім білсін, осы сөзімді
Үқты ма ол, жанға жақты ма?
Арбап кеп менің көзімді
Алдаң кеп... Оғын атты ма?!

Кім білсін, осы бәрінен
Қындау... Қайтіп жан бағам...
Алданып келем әлі мен,
Әлі де қанша алданам?!

Таныс көп, Тәте, менде де
Дейтүғын: «Кетпес есеніз,
Сеніңіз мендей пендеге,
Жүргі адал десеніз!»

Сенемін. Үқпас мені кім?
Үмітке жаным кенелді.
Адамға деген сенімім,
Алдамас мүмкін мені енді...

ҚЫЗЫЛАРАЙ

Атыңды ылғи аңыз ғып айтыпты өлең
Соның бәрін бір жерге қайтіп терем?
Мен өзіннен жүз рет кетіп қалып,
Жүз мың мәрте қайтадан қайтып келем.

Сарайым да өзіңсін, қорымым да.
Қайда жүрсем қоргайтын қорығым да.
Кеткен жоқпын мен сенен,
Құлап қалған –
Құжырамның жатырмын орынында...

Күйкі тірлік көлбендең, былай қалып,
Саған бауыр басқаным Құдайға анық.
Моласында Ақсұнқар-Һалифаның,
Музам ұшып жүреді шыр айналып.

Алтын қазық, тамырым, бәрі – осында.
Түу алыстан көре сап қарасын да.
Ақсораңға қонам да, ұшам қайта,
Атырау мен Алтайдың арасында.

Дауыл сырын... сезініп, дәуір сынын,
Құстай ұшу пендеге – ауыр, шыным.
Қайда ұшсам да көзге оттай басылады,
Қызыларайда қап қойған қауырсыным.

Атыңды ылғи аңыз ғып айтыпты өлең,
Соның бәрін бір жерге қайтіп терем?
...Фәниіңнен бақыға кетіп қалып,
Со жақтан да мен саған қайтып келем?

МУЗА ҚЫЗ БЕН МАНСАП АТТЫ МӘРТЕБЕЛІ МЫРЗА

Жерім осы – тығырыққа тірелген,
Қашанғы осы жүремін, – деп – шідермен.
Мансап деген мәртебелі мырзаны
Музат-Қызыға айырбастап жібергем!

Сонда Мансап айғай салды: «Серігім!»
Құшағында кеткенің бе перінің?
Мархабатты жігітінді іздерсін,
Махаббаттың басқаннан соң желігін...

Бесігінен жеткенінше молаға,
Пенденіздің қу құлқыны тола ма?
Жоқ нәрседен бар жасайтын мен ем ғой...
Мына сұлу саған тұтқа бола ма?!

Не таппақсын ғұмыр кешіп елеспен!
Асқақ ұл ең айдарынан жел ескен...
Музат-Сұлу – адамзаттың жеңсігі,
Ал, мен – сенің өзіндікі емес пе ем?!

Зиян көрген жерің бар ма менен еш?
Жи есінді! Соққаны ма сел-елес?!

Адамзат деп өмір сүрген көзсіздің
Біріншісі, соңғысы да сен емес!..»

Жән айтады, о, бәрін де білем мен,
Сонда-дағы тығырыққа тірелмен.
Мансап дейтін мәртебелі мырзаны,
Музат-Қызыға айырбастап жібергем...

ЕҢЛІК ГҮЛІ

Еңлік гүлін көрмегелі көп болған,
Көре салып, үзейін деп оқталғам.
Көз алдымда шешек атып өсіп тұр,
Көктей бере, екі қабат боп қалған...

Қайда жүрмін,
Келдім осы қай елден?
Жесірдеймін үйлене сап, – байы өлген!
Жеті қабат жер бетінде мен-дағы,
Екі қабат болғам не бір әйелден!

Ер жігіттің ішіндегі осалмын.
Сұлу деген –
Көңілдегі хошы әннің.
Жымылып бір қарады да, кетті олар,
Боздал тұрып мен өлеңге босандым...

Мендей құллі гүлдің – гүмір баяны.
Жапырағын қорқа-қорқа жаяды.
...Жерді жөндеп басындаршы, өтінем,
Жусанның да ауыр қазір аяғы...

* * *

Жүрек – күпті,
Ой да – алан,
Киялыммен қияныңа бойлағам.
Көз жетпейтін көкжиекті көргенде,
Соған сіңіп кетемін деп ойлағам...

Улгермегем кезіл дүние базарын,
Анашымның ақ сүтіндей тазамын!
...Он үшімде тәнті болып бір қызға,
Әйелзаттың сонда-ақ сезгем ғажабын...

«Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» –
Басымда,
Жиырма бесте жүзімді сап Қасымға –
Жым-жырт жатқан дүниені сілкінтіп,
«Айналып-ақ кетем» – дегем жасынға!

Тыныш жүрмей,
Несіне осы аһ ұрдым,
Ақтамберділей
Арқама аруақ шақырдым.
Керегі жоқ мынау елге ақынның,
Керегі жоқ, ақын түгіл, батырдың.
Алпысымда ақыл кірмей мен осы,
Нені жазып, нені шатып жатырмын?

Мендей жанға шері де көп, кеселі,
Дүниенің бөлек екен есебі...
Менен кейін туда ма ақын?
Туса егер...
Маңдайдағы соры оның да бес елі.

АҚСОРАҢНАН КЕЛГЕН ПАЦИЕНТ

Қанымның қандай екенін қайдан білем мен,
Дәрігерге бармай, тығырыққа бүгін тірелген –
Қарайсың маған аң-таң ғап неге, бұ жаққа
Бір барып қайт деп,
Әлагам еді жіберген...

Бір емес мұнда,
Заманнан сонау үш келдім,
Балдай екен деп, сіміріп уын ішкенмін.
Тұраннан шығып, Құранға кіріп, тұманға –
Цивилизацияға –
Мен десант болып түскенмін!

Алаш Орда – алтын тағымдай,
Алланың нұрын,
Атаңың жырын сағынбай –
Бұзылса қаның – сенікі шығар бұзылған?
Менікі әлі – Әлихандардың қанындай...

* α и β : первая (O); A и B : вторая (A); B и α : третья (B); A и B : четвёртая (AB)

**Феодалдық-патриархалдық, Социалистік, және Нарық-тың-капиталистік қоғам.

***Ә. Бекейхан.

* * *

Мен қажыдым –
Діні де өлген, ділі өлген –
Сақалдардан!
Түрін қара түнерген?!

«Жаным менің артық па еді Абайдан?!

Сол Хакімнің жолыменен жүрем мен!
Не – өлемін!
Қайтып өмір сүрем мен?!» –
Деген сөзді ести алмай мына елден!

Өмір сүрмей аярланып, қуланып,
Көкірек – шер, көзім алды буланып.
Өліп барам қан қақсатып қазақты,
«Қазағым-ай!» – деген сөзден –
Уланып!

Сүмнан да жоқ, қудан да жоқ айырмам,
(Құдай емес, Сайтан – одан айырған!).
Мен қажығам – қасіретіне қазақтын,
Күліп тұрып, «жыр» жазатын шайырдан...

Өрге қарай тоқтамайтын көш өрді,
Қайтара алмай кетермін-ау, есемді.
Замандастан қажығалы қайда мен...
Іні өсіп тұр...
Оңдырмайтын – осы енді...

Атаққа да, құрметке де бөленбен,
Мен қажығам...
(Біреу емес, – көп елден).
Өліп-талып өзім жазып күн-түні,
Өзге қазақ оқымайтын өлеңнен...

* * *

Бір тауға менімен бір барасың ба,
Көргенде көз жасаурап қарасын да.
Мен жүрмін содан шығып, өлең жазып,
Фәни мен бақыынның арасында.

Мен кеттім белесті асып – белеспенен,
Қабірін Құн аймалап, жел ескеген, –
Қалды әкем, фәниінен көшерінде,
Көзіне менің бейнем елестеген.

Мен кеттім екі көзім өрде болып,
Кеудемде Ақсораңның өрнегі өріп.
...Әлі әкем жұма сайын келеді де,
Жүрелеп отырады төрге келіп...

Ұшарда кенет бітіп маған қанат,
Сарғайсам арып-ашып, алаңдап-ақ;
Қасында екі ұлы мен Ғұлғайыны,
Шешем де отырады маған қарап...

Қарайсың көрмесен де қарасын да,
SMS жоқ ... демесен,
Бәрі – осында!
Меніңше, сиқырлы бір байланыс бар,
Фәни мен бақыынның арасында.

ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ

Шаң басып тұрып енді осы арада,
Өрімім қиқуға үнін қоса алар ма?
Сайтанның төбесінде ойран салмай,
Сайқалдың арқасында сайран салмай, –
Қалам ба қайдағы бір босағанда?!

РОБОТТАР – ТРЕТЬЯКОВ ГАЛЕРЕЯСЫНДА

(XXI ғасырдың соны)

Женіс Кекенұлына

Третьяков Галереясына
Роботтар қаз-қатар боп тізіліп,
Кіріп келді!
Өні қенет бұзылып...

Бүйрық болса, соны орындау ұраны,
Тастай қатып, түк түсінбей тұр әлі.
«Адам неге тәнті боп тұр Хаяға,
Кім кеп оның тегершігін бұрады?!»

Жүрек қалай, жүргегі жоқ ми қалай?
Пикассо да ақылына симады-ай!
«Мынау жалқау «Үйқыдағы шаруалар»,
Неге жатыр үйдің маңын жинамай?!»

Роботтар, – екі метр бойлары,
Третьяковта туған күнін тойлады.
Брубелдің картинасын көргенде,
«Тәуба, бізде бала жоқ!» – деп ойлады.

«Герниканы» көрген кезде, аңқылдал,
Жұрты алдынан шыққандай боп жарқылдал:
«Қалай бізден аумайды?!» – деп аң-таң ғап,
Ішек-сілесі қатып күлді қарқылдал!

*«Адам и Ева» – Альберт Дюрер 1507 г.

**«Үйқыдағы шаруалар» (Пабло Пикассо).

***«Богоматерь с младенцем» (Михаил Врубель, 1885 год).

****«Герника» (Пабло Пикассо).

...Алып келген ас пен тұзы бал болған,
Мен Робот-даяшыға таң қалман.
Кеудесінде жүрегі де жоқ... енді –
«Робот-ақын» жазып жатыр өлеңді.

...Ендігінің «Есенині» сол енді...
Иман да – жоқ. Инсан-и-камил* жоқ енді...

РУБАЯТ

Жана туған періштеге таң қалдым,
Пендеге еріп, пенде болып –
Сандалдым.
Сұлулықты Тәнірі еді жаратқан,
...Сұмырайды өзім жинап алғанмын.

*Кемел адам.

ЕРКЕКТЕР

Ер болу ғой әр еркектің борышы,
Туганнан-ақ сезеді екен оны – іші...
Қайда жүрсе, анандайдан атой сап,
Шақырады Ұлы Отан Соғысы!

Ерек болу еркекке –
Ердің борышы.
Туганнан-ақ сезеді екен оны – іші...
Қонбайды онсыз арқамызға аруақ,
Болмайды онсыз елде Азамат Соғысы!

Ол сүйсө де өліп-өшіп сүйеді!
Ол күйсө де күл боп сөніп... күйеді.
Айдай Ару тұрса алдында, абдырап,
Жауға имеген алтын басын иеді!

Ездер күнде езіп... уын ішкізген,
Егіліп бір кете ме осы күш бізден?
Бір халыққа тұлға болар ер болса,
Бір арудан алу керек үш жұзден!

Ер болса да езбен ғұмыр сүреді,
Аттай тулас, –
Сау жері жоқ жүргегі!
(Сүйген жардан сая таппай қалғанда
Жезөкшелер үйінде де жүреді...).

Менің тұбім Ер Тарғында, –
Текте! – деп,
Бетсіздермен сөйлеседі бетпе-бет.
Женіледі ол аярменен айқаста...
Еркектердің есіл-дерті – жекле-жек!

Төрелерден қалған бұ да төре еді,
Өз ұлысын өр рухқа бөледі.
...Арқасынан пышақ салса аяр қу,
Алты жылдай жатып...
Әзер өледі...

* * *

Жақсы көріп барам қазір арызды...
Менің жырым оған, мәнгі қарыз-ды.
Өлең жазам шошып...
Тұрып үйқымнан, –
Қайтаруга мойындағы қарызды.

Арызқойым қисын тауып не тұрлі,
Тұлкідейін басымнан сан секірді.
Мағжан кірген сұсты «қара тізімге»,
Оған салсан, мен де лайық секілді?

Ол да мені ұнататын тәрізді,
Тұрғызып не –
Құлататын тәрізді.
Екі көзім төрт боп... қутіп жүрем мен,
Күншілімнен күн сайын бір арызды...

Дегенменен ол – сорлы да,
Күшті – мен!
Әйткені ұлы Мағжанның ұшқыны ем...
...Көкем кеткен мәңгілікке, сезе алмай
Кімнің арыз жазғандығын үстінен?!

Ал, мен – білем!
Алып күнде мазаны,
Күні бойы ойы – менде, назары, –
Ақынсүрей – өлең жаза алмайтын,
Үстімізден, (әрине!) ... арыз жазады...

БАЛХАШ. МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДАҒЫ ПОЭЗИЯ КЕШІ

(Төлеуқадыр Тоқтамышовқа)

Бетон қабырға тершіп тұр,
Сап болып ескі таныс үн.
Ол –
Небір Соломенцевтің
Естіген зілді дауысын.

Асқақ ой, ашы азамен,
Атойлап асау ділімде –
– Азаттық!
Неткен гажап ең! –
Дедім мен қазақ тілінде.

Сарайға жетті көктегі үн,
Көшірер бәрін ол енді.
Кеудемнен шығып Кек Бөрім
Кең залды кезе жөнелді.

Телефон да үнсіз ұялы.
Ойнақ салады от өріп –
Арғымақтарымның түяғы
Басына залды көтеріп...

Бұл дүние – дүние емес деп,
Елең де қылмай мұны түк –
Жібектер көзге елестеп,
Жезөкшелерді ұмытып!

Аспаннан жауып жүзін нұр,
Сарайдың іші – қызыл гүл.
Балқашта – ұлттық рухым,
Жүректер сонда жүзіп жүр!

Махамбет қайтты Қараойға,
Асқақ ой жаулап сананы.
Тұксиіп түрған сарайға –
Түркінің кірді заманы.

Атой сап, айхой, келді жыр,
Шерлі бір қиян-қиясы.
...Егемен қылған елді бұл –
Қазақтың поэзиясы.

СОҚЫР ҚЫЗ

Махаббат-Ару – соқыр қыз.
Сөндіре алмай соның кеп жаққан отын біз;
Поэзия және Дон-Жуанменен үшеуміз,
Бір жерде шарап сіміріп, міне, де отырмыз.

Дон-Жуан сері – бал ізден жүрген арадай!
Махаббат-Гүлдін құмары онсыз тарамай;
Екі көзі мен есіл де дерті сонда боп,
Мен жаққа, тіпті, қойған-ды, мұлде, қарамай!

Лапылдан кеткем, мен қайтіп енді сөнемін?
Мәжүніндей – мәңгі,
Клеопатрадай – көне едім!
Ішіме сыймай, отырмын үнсіз мылқаудай,
Сол соқыр қызға арнаған шерлі өлеңім...

Омырауында бұлықсып екі анары,
Соқыр қыз отыр бүлдырап ессіз жанары...
«Сен, ақын болсан, ал, махаббатты жырлашы?» –
Деп маған сонда Дон-Жуан құле қарады.

Жырладым сені мен содан бері, ессізім,
Оған бір қайта оралу деген – кеш бүгін.
...Соқыр қыз еді Махаббат онда, кейіннен
Құлағы, мұлде, естімейді деп естідім...

ҰРЫМДАҒЫ ҰЛАН

(Қазақтың көне бір жырынан)

Бұл Италиядағы құлдар мен гладиаторлар көтерілісінің көсемі туралы көне қазак жырының бір сұлбасы. Қолжазба Арқадағы діндар ғұлама Көпбай молданың ескі Құранының (18 г.) арасынан шықты. Қазақтарға бұл хикаяны көшкен ел немесе ескен жел жеткізген болуы кепек. Плутархтың айтуына қарағанда, Спартак көшпелі тайпалардың тұмасы(*potadikon*). Қазақтың мына көне жыры оны түріктерге телиді. Ұзақ жырдың қысқа бір эскизи секілді. Бізге там-тұмдаған үзік-үзік үзінділері ғана жетінди. Соган да тәуба!

Автор

Ыспартақ деген бір боздақ
Сонау Ұрым еліне,
Бізден барған ұл екен.
Ұрымменен ұрыста,
Қолды бастап жүр екен.
Көш бастайтын көсем мен,
Сөз бастайтын шешеніңнің бірі екен.
Ата жұрты түрік-ті,
Ана жұрты да түрік-ті,
Ірі екен елі, дүр екен!
Қайран де қайран дүние-ай,
Қол бастап жүріп, Ұрымменен ұрыста,
Қолға түскен тұтқындардың бірі екен...

Ұрым оның қолына
Бұғаулап кісен салады.
Тар қапасқа қамады,
Мың сан адам сап құрап,

**Спартак* (лат. *Spartacus*, греч.).

**Рим.

Он алтыдағы баланы,
Дырау қамшымен сабады.
Жаны көкке озғандай,
Дене жатса да қозғалмай,
Жаһангердің жанып тұр екен жанары...

Ұрым деген о кезде адамзатта нар тұлға,
Салулы төсек, сарайы-мәрмәр салқында.
Ішетіні – алдында,
Ішпейтіні – артында.
Арғымақтай түяқтарын тарпып-дүр;
Қырқыстырып құлдарын,
«Қай жеңгенің – менікі!» – деп, – шалқып бұл –
Еркектері – еліріп,
Бұлтындаған бұлшық етке көзі мас,
Қатындары да ләzzатқа балқып тұр...

Сонда ЫІспартақ шығады,
Құл біткен одан ығады.
Біреуін алып жығады,
Біреуін шалып жығады!
Шаттары сырт-сырт шытынап,
Қабыргасы бырт-бырт сынады.
Он шақтысын опырды,
Жұз шақтысы жүресінен отырды!
Мың шақтысы да шақ келмей,
Қайран, оғлан, ор қояндай секірді!

Біздің бала не ғылды,
Ұрым жұрты не білді?!

Тәнірі өзі пана бол,
Безатттан құл – жеңілді!
Ерекек біткен өрлігіне тәнті бол,
Қатын біткен ғашық болып, егілді...

Қайран да, боздақ ер еді,
Тілегін Тәнірі береді.

Құм жиылып – тас болып,
Құл жиылып – бас болып,
Соңынан соның ереді!

Аяқты алшаң басады,
Мәртебесі күннен күнге асады.
Бай-бағлан алтын сарайын
Тастай да тұра қашады!
Қаптаған қалың қара құл
Қақпаны айқара ашады.
Ожаумен ішіп шарапты,
Айхой, бір әнгे басады!

Мына дүние былықты,
Кімнің қазір кім екенін кім үқты?
Жетесіз тағы жілікті,
Ыңсапсыз тағы ылықты.
Қарекетіне құлдың қарасан,
Батырлары – бұғауда
Ақындары қайыр сұрап, жылауда,
Елі ішінен тыныпты.
Қара қиқым – құм екенін ұмытты,
Қара тобыр – құл екенін ұмытты!

Біздің Мұхаммед (с. ф. с.) Пайғамбарға ұқсаған,
Үмбетіне іші – алаң –
Аяқ-қолын аштық пен ашқөздік тұсаған, –
Қара тобырды қырық жыл жүріп,
шөлден көлге шығарған,
Кім артық еді Мұсадан?!
Тексізге тізгін ұстатпа!
Тексізге тізгін ұстатып, –
Біздің Ыспартақ баһадұр боздақ та,
Ұрымда өлген құсадан...

***Мұса (ивр. מֹשֶׁה, Грекше: Μωϋσῆς) – Пайғамбар, Имраныңұлы.

* * *

Мен қонақ үйлерді жек көрем,
Менің адами-құқымды,
Қазақи құқымды шектеген.

Үш жұлдыз ба, не бес жұлдыз ғажап-ақ,
Құдай сонда жалғыздықпен жазалап –
Ғалия жоқ...
Телефоннан түнімен,
Тұр-тұсі жат бөгде әйелдер мазалап...

Қонақ үйге түнеп шыққан күні мен,
Үйқтай алмай, өз-өзімнен бұлінем.
Тұске кіріп тыр-жалаңаш әйелдер,
Гаремде осы жүрем неге түнімен?

Отельдерде жетпей маған оттегі,
Күн шуағын, гүл мейірін тәкпеді.
Ойы жаман ошағы жоқ пенденін, –
Останы жоқ!
(Орманы жоқ, өйткені...).

* * *

Алтайдан –
Көз жетпейтін көкжиектегі Еділге,
Үйір-үйір көгаланың тұқымы өрлей жайылып
Құраулап құлын қайырып,
Адамзатта алғаш атқа мінген адам мен едім,
Ауыздығын айырып!

Қанша менің Құлагерім,
Батыраштың балтасынан,
Қара жерге басын сүзе құлады?
Қанша, қайран, Ақан серім қан уыстап, жылады?!

Сұраусыз ғап Құлагердің құны әлі, –
Қазақ неге әлі ішінен тынады...

ПОЭЗИЯ ПАТШАЛЫГЫ

Жоқ еді қу дүние, ақша «жыры...»,
Олжастың көкті жарып асқақ үні.
Мына аспан, мынау дала қыры жоқ,
О кезде –
Поэзия Патшалығы!

Жақсының жан сүйсінтер сөзіне еріп,
Жаманнан жау көргендей безіп едік.
Шемшиңін вальсіне үйіріліп,
Қадырдың «Ой орманын» кезіп едік.

Тұрсақ та түнде шошып, азан да бұл,
Ескен жел, көшкен жұрт та назарда жүр.
Бар еді бір-ақ қана кәстөм-шалбар,
Зар еді пасық біткен базарға бір....

Қазтуған шықпай түнде түсімізден,
Айылын жиган көрсе кісі бізден.
Олжастың «Аз и Я»-сын ұрлап оқып,
Қыстығып жүрген кез-ай, ішімізден?!

Құдай-ау, осы менің не тірлігім?
Дәл сондай жарық емес бетім бүгін.
Бұл елге басқа белдеу, бөгде жүрттан,
Келген бір эмигрант секілдімін?

Бұл елден мен туған жүрт басқа, мұлдем,
Қайда Олжас бізді оятқан асқақ үнмен?!

Ғазалды өзегімнен өріп шыққан,
Базарға ауыната бастадым мен?

Бұз жүрттан мен туған ел, мұлде, бөлек,
Мағжандай қанат қағып Құнгे кенет, –
Керемет Гұн елінің сыйқырымен,
Кетейін мұны да жыр, гүлге бөлең!

Бұз жүрттан мен туған ел, мұлде, бөлек...

[•]Тұран, Алтын Орда империялары.

АБЫЗ

Серік Қирабаевқа

Запыран заманалар түнегінен,
Тұңлігін ел-жүртүшің түре кірген.
Азамат Соғысы екен Әдебиет,
Алаштың жүріп өткен жүрегінен.

Ұлтының бетке ұстары, бәрі – осында,
Данғойын көрдің содан, дарасын да.
Әмірің өтті-ау, Ақан серілер мен,
Батыраш-Қотыраштың арасында.

Кез жаспен бетін ылғи жуады елі,
Егіліп, ес жиған соң туады – ері.
Моцарт пен Сальеридің майданының,
Өзіңсің көзі тірі куәгері!

«Бір түяқ сол бір көштен қалды ма деп,
Құлағы Құдайдан үн шалды ма?» – деп...
Алланың сан сынынан аман шыққан,
Абдырап Алашың түр алдына кеп...

О, ТӘҢІРІМ...

Сыртымнан кеп ғайбаттаған, көкіген –
Оңбағанды – ұстап алып шетінен, –
Қартайғанда бауырыма басқызбай, –
Жау ғып қойшы тағы маған...
Θтінем!

Ми ашыды, тамам жүрттан ашыды,
Жан шыдамас жамандықтан ашыды.
Көз алдында күліп тұрып, күніреніп,
Кетіп жатқан аярлықтан ашыды.

Жақсыға да, жаманға ашып жүргегін,
Жүдеп жүрген құлдарыңың бірі едім...
Аяр менен арамдардан қажыдым,
Маңыма енді жолатпашы біреуін.

Айымдар-ай!
Жанын отқа жаныған!
Кетпей қойды жырдың бұлбұл – бағынан?!
Қалдыра гөр Фалияның қасына,—
Аланнатпай...
Жаппар Ием!
Жалынам...

Талай өртті өрден қарсы ап маздаған,
Мен лапылдап жанып кете жаздағам.
Сақтап қалған – Өзің, мына маңдайға,
Сенен басқа жанашырды жазбаған.

Алдап-арбап, жалған сөйлеп, мақтайды ел,
Сен болмасаң, аяғына таптайды ол.
Сақтадың ғой алпыс жастан асқанша,
Ең құрмаса, енді он жылдай сақтай гөр.

ТӨРТ КИТАП

Ақ қағазды көрсем көзге толар мұн,
Мен де ондырмай шимайлаған болармын.
Көктен түскен Төрт Кітап бар, ал, қалған
Құллі кітап көшірмесі солардың.

Жүрмейді оған, пендем, сенің талқың да,
Қара да отыр аптап қойып алтынға;
Үшеуіне қолы тисе пенденін,
Құран ғана –
Көктен түскен қалпында!

Адамзатқа иіп бір,
Махаббат пен ғаділлетті сүйіп құр, –
Көктен түскен Төрт Кітаптың ішіне,
Төрт Құбыла қалай ғана сыйып тұр?!

Оқып соны рахатқа бөленген,
Бір айырмам біреулерден өлермен.
Төрт Кітапты қалай түсінгенімді,
Айтып шыққан адаммын мен –
Өлеңмен...

* * *

Гректің – «Одиссеясы»,
Қырғыздардың «Манасы», –
Екі құрлық – екеуінің арасы.
Көркем ойға – тәнті, көсегелері
Көгеретін күллі елдің баласы.

Цивилизация қосып екі араны,
Жаинаныңды жайпамаса жарады.
«Одиссея» теріс қарап грекке,
Қырғыздардан – «Манас» безіп барады...

Дидарына қарап ем,
Баяғы алтын бастауына зар әлем.
...Қайда жатса табу оңай қазақты,
(ДНК^{*}-асында тұруға тиіс – Қара өлең!)

^{*}ДНК – макромолекула, обеспечивающая хранение, передачу из поколения в поколение и реализацию генетической программы развития и функционирования живых организмов.

* * *

Ақсүнқардың баласы Серік деген,
Тұманбайға тұа сап, еліктеген.
Мен де ұшсам деп сұнқарша, Сарыарқада
Қарға қалмай барады желіклеген...

Бұлардың да ішінде «жұлдызы» бар,
Тікірейгеп жүндері... «құндызы...» бар!
«Ұшам» – дейді...
Дейді де – ұша алмайды,
Ал, Ақсүнқар, арқаңа мінгізіп ал!

Мұзатқа ұш!
Алып ұш, Мұзбалагым,
Қиянға апар, көз жетпес құзға бәрін.
Ойрантаудың басында жүргеннен соң,
Оның да – ырза, сенің де ырза – жаның.

Алатаудың басынан ас айналып,
Қара жерге қарама аса ойланып.
Ғұмырында көрмеген көк сенгірді,
Құлауы да мүмкін той –
Басы айналып...

Сен ұшқанда сенгірдің селіменен,
Олар көзін сүртеді жеңіменен.
Құлатпағын...
Құласа басы айналып,
Еңдігі ісі болады сеніменен...

* * *

Қарағанды қайта оянды қармана,
Көніл – алаң
Көше – көк мұз,
Қар – дала.
Автобекет, аэробекет – жарнама,
Автобус та – ала құла жарнама.

Қазақ болып қашан осы найқалдым?
Аман болсам, Аллаға бір айтамын.
Шүршіт, қалмақ жене алмаған жерді кеп,
Жаулап алды жарнамасы Сайтанның.

Арағын да, шарабын да – жарнама,
Қаласы да – жарнама һәм – сардала.
Шыңғысханды қазақ қызып жіберген –
Қазақ отыр –
Қарап отыр танқала...

Сұлу қыздар – Ай өнді.
Келіп қалған бізге,
Тастап қай елді?!

Мұнысы не, сонда қазақ, немене,
Көрмеп пе еken тыр жалаңаш әйелді?!

Былшылдапты!
Біз де жігіт болғанбыз,
Ат үстінен талай жұртты шолғанбыз.
Арулардың не біреуін алдымызға өңгеріп,
Аузынан бал сорғанбыз!

Әй, мынау кім атқа мініп,
Жалт қаратқан «Мальборога» күллі елді?

Кім іргемді өстіп менің тұрғен-ді?
Керкүла атқа мінген кезде Кендебай
Бұлар жаяу жүрген-ді...

Жарнамалар құлқынды айтып, сандалып,
Жұрсөң болды дейді, әйтеуір, – жан бағып.
...Шыңғысханды қазақ қылып жіберген
Қазақ отыр –
Қарап отыр таңқалып...

ЭКСПРОМТ*

Екі корей «ойынымен» не тұрлі,
Ойды алаң ғып, мазаны әбден кетірді.
Оңтүстігі – Әлиханға тартқан ба?
Солтүстігі – Елтай көкем...
Секілді!

*Солтүстік Кореяның кезекті бір атом сынағы кезінде жа-
зылған өлең.

”Ә. Бекейхан.

***Е. Ерназаров.

* * *

ХХ-шы ғасыр елден неге жеріді,
Көрмей біздей серіні һәм періні?
Жаңа ғасыр келе салып, о, ғажап,
Ойлап тауып әлеуметтік желіні –
Алқымдағы Айсберг еріді...

Дүрс-дүрс еткен етіктердің ізінде,
Қалды Тарих –
Қара таңба жүзінде.
Әне, Юнна Мориц те отыр Фейсбукте,
(Елу жылдай болған «Қара тізімде!»)

«Қара тізім» қалды өткен ғасырда.
Болған онда Қасым да.
Бәріміз де жүрдік «Қара тізімде»,
(Мағжан жүрген, бірақ, оның басында!).

Жаңа ғасыр, басылмаған желігі,
Ойлап тауып әлеуметтік желіні,
Айсберг еріді...
Жүре берсін халтурщик те, қайтесін?
Үре берсін...
Кешші – кеше-періні?!
Ресейде – Юнна Мориц отыр ғой?
Қазақстанда – Ақсүнқардың Серігі...

ЖАС АҚЫНДАР

Алматы, 1980 ж.ж.

Қайда, шіркін, баяғы жас ақындар,
Ақ жүрегін айқара ашатындар?
Жас ақындар, шетінен мас ақындар;
Бәрі де ертең классик болатындар,
Халтураға қанымен қас ақындар.

Тұсінбекен заманға, замандасқа,
Қасымдайын қайтадан оралмас па?
Жүргегінде маздаған маҳабbat бар,
(Түк жоқ еді-ау, оларда, – одан басқа!).

О да, әрине, заманын ода қылған,
Құтылсақ деп біреудің боданынан.
Қызғыш құстай, –
(Қазағын қыздай көріп!),
Қызғанатын Советтер Одағынан!

Тартылып та, сарқылып – ішкі қуат,
«Қаламгердің» ішінде түсті құлап...
Түгел болса егер төрт құбыласы,
Ішпеуші еді....
Құсадан ішті, бірақ!

Цензурасы – қырағы.
Боданда – елі!
(Шіркін, араб ақыны болар ма еді?!) –
Бисисуды* қазақша сөйлетті олар, –
(Орысшасы – осалдау одан гөрі!).

...Заманның да, адамның мәні өзгерді,
Бізден – бөлеқ, әдемі – әуездері.
Қазір, мұлде, ішпейді жас шайырлар,
(Ел-жұрты – азат.
Комерсант – hәm өздері...).

Мүшәйраға кенедей болып, өріп,
Мәз болады жұлде алса жолы болып.
Ішінде оның Алаш жоқ, Абай да – жоқ!
(Ішіп кеткін келеді соны көріп?!).

* * *

Қалды сол ауылда, далада көнерген,
Менің асқақ феодалдық-патриархалдық қиялым,
Темірхан Медетбектің қиялы.
Қарсы алдық біз Қара өлеңмен –
Цивилизацияны!

Заманга кеткен көп бізде есе,
Тәнірінің көзінен қағыс қап;
Біреулер есекке мінген шалдарын іздесе,
Біз Мағжанды ізdedік шам үстап!

Қайда екен сол ақын,
Кекке үшқан – батпақты жалдамай?!

Қара өлең – атаңның аруагы арқана қонатын,
Айхой, жалған-ай!

Құл менен тексіз күң – тәнірек,
Жүрек – жоқ, қампайған – қарыны.
Темағам сөйлейді қеудесін керінеп, –
Кек Түріктер сарыны...

Кеудеде кек кетіп,
Рух қап – Қағанда;
Темағам Тонықек көкеме кетті өтіп,
Қап қойған – мен мына заманда...

* * *

Атадан қалған қайтсін қан қызынбай,
Шымкентте Ханбибі жүр – Хан қызындай.
Осы қыз әйелзаттан бөлек туған,
Он қыздың ортасында жалғыз ұлдай!

Аяр бір күйкі-көмеш пендесінбей,
Арқада мен де жүрмін... елге сіңбей.
Оң жақта отырып ап бала тапқан,
Он қыздың ортасында кенжесіндей...

Қыз-Көктем...
Қарайламай, қайда жүрсін,
Сен Күнде жүрсін-ау, не – Айда жүрсін?
Қай елде бұлбұлдайын сайрап жүрсін,
Адамды абдыратқан айлаң құрсын...

Көнілі бір желпінсін, жері жібіп,
Көрінші мынау елге бері жүріп?
Алқынып сені күтіп тұр ғой өлі,
Арқада Арғын деген Сері жігіт?

Келетін болсаң – келші: «Жаным-ай!» – деп,
Мойынына асыл, тіпті, «Ханым-ай!» – деп
Үш жүздің басын қосқан баяғыда,
Осы елден шыққан Төре Абылай кеп.

Қазақтың қамы мұнда сан айттылған,
Хисса мен неше қилем ән айттылған.
Аңыз боп осы өлкеде Абай туған –
Лапылдан!
(Суық жерден қалай туған?!)

Еңбегі елдің мұнда бір өнбекен,
Күні жоқ тығырыққа тірелмеген.
Арқада – алты ай қыс қой әлімсақтан,
Жеті ай жұт және осында біреуменен...

Шуақ пен гүлбақшадан алам қуат, –
Деп едім, – аяз, боран санамды улап.
Берер ем Солтүстікті Ханбібіге,
Бермейді-ая, Оңтүстігін маған, бірақ.

* * *

Ақсораңның басында,
Ақсүнқар түр,
Мен де тұргам қасында:
«Көріне ме Қарқаралы таулары? –
Шарлап ем-ау, айхой, отыз жасымда...»

Көгілдір бір кеңістікте түу әрі,
Көздерімді қөркем ойға суарып:
Бір биік түр? – дедім сонда әкеме:
«Жиренсақал!» – деген сонда ол қуанып!

Қарағай ем, он үшімде бүр жардым,
Мен бір үшсам, дүниені ырғармын.
Ақсораңнан – Алтай асып-Алатау.
Атырауға үшамын деп тұрганмын...

Бұл оқиға Ақсораңның басында
Өтті...
Онда әкем бар-ды қасымда.
Жетім қалып кейін, бірақ, үшам деп,
Кез болдым ғой неше түрлі жасынға.

Содан қайта оралмады ол, мұлдем,
Есте түк те қалмаған ба сол күннен?
Ақсораңнан үшып, отыз жасымда,
Жиренсақал Әулиеге қондым мен.

Дүниежүзілік картада,
Сары Арқам-ай, магнитше тарта ма?
Ақсораңнан үштым-дағы қайрандал,
Қалып қойдым алаң ойда – Арқада.

Баяғыда Ақсораңның басында,
Он үшінде, әкесі бар – қасында, –

Қара басып қара жерде қап қоймай,
Араласып кетсем деген жасынға –

Бала қайда?!

Ақсораңың басынан

Қайда түскен?

Миы әбден ашыған...

Аяр мен де, араммен де айқасып,

Асып кетті өкесінің жасынан?!

Ақсұнқардың көзінің бір үшқыны ең, –

Уа, Музам, ақша бұлтта үш кілен!

Сары Арқада сандалсын ол... сен, жөне,

Мұз құрсанған өр Алтайдың үстімен,

Алатаудың үстімен,

Қарататудың үстімен,

Құм құрсанған Атыраудың үстімен...

КӘРІ ҚЫЗ

Шерлімін.

Мені келіп жұбатады енді – кім?
Алпыста да сынарына жолықпай,
Үйде отырған кәрі қызыбын мен бүгін.

Күдер үзбей азаматтан топтанған,
Мен төсекте лапылдаған от болғам!
Ап кететін Ақбоз атқа мінгізіп,
Арысымды күткеніме көп болған.

Ұстай алмай толықсыған бойды әрен,
Тұла бойға шаң түсіре қоймап ем.
Мен туғаннан еркектердің бәрін де,
Елім дейтін ер жігіт деп ойладап ем...

Қанша ма рет түзімнен де майырылдым,
Шерлі аққудай қанатымнан қайырылдым?
Құла түзде құлын даусым шырқырап,
Кіммен... қалай пәктігімнен айрылдым?

Зарым көп қой, бірақ, оның мәні жоқ,
Тыңдай берші кәрі қыздың әні деп.
Батыр дегем – қатын болды, – қар неме!
Ер дегенім ез боп шықты сан рет!

Ерекек біткен келеді екен ермін деп,
Ер екен деп соңынан да ердім көп.
Әлі қыздай майықсанмен ел-жұртқа,
Кәрі қыздай кәзір менің нервім жоқ...

Бұ сум тағдыр төсекте сан өксітті,
Көтеніме қойып қойып көпшікті.
Facebook деп аталатын Ерекекке,
Тигім келген..
О да Оңбаған боп шықты!

Басым – быт-шыт...
Есім де жоқ...
Еркім жоқ...
Сертім болған махаббатым – дертім бол!
«Кетем...» – деймін одан-дағы... бірақ та,
Кете алмаймын...
Қаламын-ау, – кемпір бол?

Миды ашытып күңкілі мен дүркірі,
Facebookтен кетем, бұз да – күлкілі.
Жалғыз жүріп қажығанмын, бұдан да
Біреу алып кету керек бір құні...

Мен бір жүрген кәрі қыз,
Жассыздар гой менен сіздің бәріңіз.
Ішке сыймай жатқаннан сон айтамын,
Кімге таңсық, бірақ, біздің зарымыз?

Өмірім де, өлеңім де – кәрі қыз...

* * *

Қара өлең-ай, қайтейін, қара өлең-ай,
Қара өлеңнің өзіме бәрі – өлең-ай!
Ол қазақтың өмірі, өрі – өксігі,
Әліпбій!
Әлдій!
Әрі – өлең-ай!

«Қарататудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...».
Ілесе алмай қалған сол қалың көшке,
Қара өлеңге туасы өш келеді!
...Қарататудың басынан көш келеді...».

Қара өлеңмен бірге жад, зейін шықты.
Елге деген ыстық бір пейіл шықты.
Қара тақпақ болған жоқ бұ қазақта.
Шықса да –
Мағжандардан кейін шықты...

Бұлар өссе – құрдастай қатар өседі,
Егер қатар жүрмесе қателеседі..
Қара өлеңнің шешесі – махаббат қой?!

Қара тақпақ қаптаған – бақай есеп...

ЖАҢАНГЕР ЖЫРЫ

Қайда бармадым?
Қайда лағып қалмадым?
Маркске де бардым мен,
Маркеске^{*} де бардым мен.
Әулие дейтін әркімге таң қалдым мен;
«Жаратылған адам надан маймылдан» –
Дейтін сабаз Дарвинге де бардым мен.

Мағжанмын!
Иманжұсіп,
Біржанмын!
Көп нәрсе алып, көбісінен құр қалдым.
Шоқанға еріп Пушкинді іздең бардым да,
Пушкасының аузында да тұрганмын!

Баяғыда бұдан жөнді пішінім,
Жыр оқысам, асқақ болған құс-ұнім.
Біраз уақыт арақ ішіп, мас болып,
Сайтанмен де бірге жүрген кісімін..

Қарамай-ақ қиқулаған өсекке,
Ентігін де баса алмай қос өкпе,
Жүрегімді тастап жүрген жеріме,
Сайқалмен де бір түнегем төсекте,
Сайтанмен де бір түнегем төсекте.

Меніменен тағдыры талай ойнаған,
Мен де онымен ойнаймын деп ойлағам.
Дәлдүрішті жек кергенмен бүгінде,
Олармен де шарап ішіп тойлағам,
О да Пушкин болады деп ойлағам...

^{*}Габриэль Гарсиа Маркес.

Соларға еріп басымды да жарғанмын,
Соған кейін азап шектім, – арландым!
Соңына еріп Дәуітәлідей сардардын,
Әзер аман қалғанмын...

Сары Арқада қалған күн,
Жарық Қали** – Адайды аңсан, – зарландым.
Киялымда қос қолыма от ұстап,
Сол жүретін Отпан Тауға барғанмын!

Барар жерім, басар тауым жоқ болып,
Сонсон, осы Майқұдықта қалғанмын...

Құлағыңа шалғын деп,
Бабам жатқан құба белден зарлды үн кеп;
Енді бүгін Уитменнің еліне,
Жүргендеймін, мұлде, кетіп қалғым кеп...

Пах, дүние, Атланты шалғым кеп,
Артым – түнек, жарық болсын алдым деп; –
Абай туған Алаш дейтін жұртқа осы,
«Адам құқы» деген өнге салғым кеп...

**Светқали Нұржан.

* * *

Тұсімде жан бір суынып, бір ысып,
Куан ағам^{*} осы неге жүр ұшып?
Хаямменен шарап ішіп Ширазда,
Шотландияда – Бернспен сыра ішіп?

Жұмақ бағы.
Желқайық.
Желқайықта – үшеу, басқа ел – ғайып:
Келе жатыр, оң жағында – Әуезов,
Сол жағында – Маршак...
...Саги Жиенбаев!

«Барға барсаң шықпай қойма шатасып,
Ақынның да күндесі көп, бақасы...» –
Деген маған Керекуде осынау –
Қазақ Лирикасының сол Атасы!

«Қарашы,
Бересі – көп, ақында жоқ – аласы.
Соны білсөң, алдың – мұзарт, артың – гу...
Ал, ұшып кет Ақсұнқардың баласы!..»

Тұс қашады, сонсон, көзім байланып:
«Барасындар, ей, Көкемді қайда алыш?!Жөней берді Хаям болып біресе ол,
Біресе – Роберт Бернске айналып.
Қасымға айналып, –
Жасынға айналып!
Басым айналып...

^{*} Қуандық Шағылтбаев.

“Самуил Маршак – орыс ақыны.

ЕДІГЕ ЖЫРЫ

Көкірегім толған – кек,
Шаршаған бір дәуріштеймін жолдан кеп.
Атилла айғай салады ылғи түсімде:
«Адамзатқа мен де ие болғам! – деп –

Сен бе?!

Шаруаң біткендей...»

Ғұмыр бойы тек осы ұнді күткендей, –
Өлең жазам сонда шошып оянып,
Қолдан басқа түк келмей!

Киіз Үйден кіріп келсем
Бетон Үйге үш аттаپ,
Дауыс салды Үмай Анам құшақтап.
Атилланың Аруағы жүр еді...
Оны-дағы кеткен екен пышақтап!

Қаралы –
Аруақ өліп барады!
Босағада өңшең өңез күліп түр –
Аузынан мүңкіп арағы!
Көк Бәріден қалған ғадет бар әлі,
Тілмен жалап жүректегі жараны, –
Ұлып!
Кезем –
Даланы!

Құллі жырым – Көк Түркідей – қаралы:
Фалам түгіл, Қазақ естімеген соң,
Жерді тастап!
Елді!
Бала-шағаны, –
Көк Тәнірі-ay, Саған жөнеп барады!

Откен тарих, келесі, –
Салт Атты мен Жаяулардың егесі!
Тәнірі ғана түсінетін өлеңді
Өзге тілге тәржімала демеші.
Евтушенко десе ауысқан ел –
Есі –
Танымаса – танымасын мені осы:
Кремльде жүргенімді айтам ба,
Есімді алып Едігенің елесі?!

ҮІзалы ой мен тоқсан тарау толғам көп,
Жұрсем-дағы дүниені шолған боп, –
«Халық жауы» ем социализм кезінде,
Капитализм келді... Онда да онғам жоқ!

Көтерілсем – Көкке тәбем тиеді,
Көзім түссе – сүмның беті қүйеді.
...Едігем-ай, ешкім ойлап таппады-ау,
Екеумізге жағатын бір жүйені.

Жер беті – лас.
Ақыреттің түсі – аппақ.
Аяр Заман арқамнан кеп пышақтап!
Феодализм –
Социализм –
Капитализмді
Үш аттап, –
Боздал тұрмын Үмай Анамды құшақтап!

БІЗДІҢ БУЫН

Соғыстан соңғы Үлтты Ұландай болған,
Біз шықтық Қадыр, Жұмекен, Тұманбайлардан.
Соғыстан Туған Үрпақпыш, Мұқағалиың –
Сүм Заман жалмап – соғыссыз!
Жұбанбай қалған...

Өмірі түгілі, өлеңінің басқа өрнегі,
Тауға өрледі бұл буын, тасқа өрледі.
«Мұшайра» болған бізде де – ақша бермеді...
«Классик» болуға... кезек те, жас та келмедин!

Мұхаңа ерген біз де бір мұзбалақ едік,
ГУЛАГ-тың темір шеңберін бұзбақ-ақ едік!
Facebook деген болмады... Facebook болса, –
Фестиваль жасап жүретін біз болар едік...

Аспанга кеткен Жұматай жерге қонбады,
Ұлттық рухтан «Киіз Кітап» кенде болмады.
Біздің буында Мейірхан Ақдәulet болды!
Өлермен өңшөн өлеңші... пенде болмады!
Арулар болды, әрине –
Бэлла болмады...

Сылдырап ақтық, бұлдырап... секілді бұлақ,
Біздің буын да бір тұрып жетілді, – құлап!
Өр жүрек болды біздер де, пәк жүрек болды,
Ұлтабар деген болмаған секілді, бірақ...

• Ұлықбек Есдәулептің кітабы.

“М. Ақдәuletов.

ҰЛЫТАУ МЕН ҰЛАР

(«Әригадай»)*

Жүзін қия, қиянға бұратын бір,
Кеудесінде – керемет сұрапыл жыр.
Ұлытауда Ұлар жүр көзге түспей,
Сол Ұлардың қасында бір ақын жур...

Қалып қойған тәрк қып замананы,
Болмаған соң түк те онда мағаналы.
Жүрсін асып кеткенде Алатауды,
Алып қалған Найман ғой – Бағаналы.

Жұрты бірдей көреді мұны таумен.
Құны таумен бірдей-ді, үні – таумен.
Ұлы көшке ілеспей, жұртта қалған,
Ұлар ғана қасында, –
Ұлытаумен!

Өні сынды, оны өзі – түс дегенмен,
Ұлытаудың үстінде үшты өлеңмен.
Ұларының көзіне түссе болды,
Алматының көзіне түспегенмен,
Уа, «Дәри-да-дай!»

«Атыраудан – Алтайға ұшамын ба? –
Қыранға емес, – Ұларға ұсадым ба?
Ол құшақтап боздайды кейде Ұларын,
Ұлар да оның өксиді құшағында...

*Айтыскер Мұқаш Сейтқазының лақап аты.

Үмсынып бір, үмтылмай бола алмасқа,
Басқа шыңға серт берген қона алмасқа!
...Үлытауда Үлармен бір боздаған,
Дүниеде ақын жоқ одан басқа!

Бахи – қалай, Құдай-ау, фәни – қалай?
Суреде тұр бәрі оның «Қаригадай».
Дүние бар – басқа Осы Дүниеден.
«Дәри-да-дай... – дегенде, – «Дәри-да-дай!»

“Құранның Меккеден тұсқен «Қарига» сүресі. Бұл сүреде қиямет пен оның қорқынышы, ақырет пен оның қыншылығы баян етіледі.

ЕСЕНГАЛИДЫҢ ҚҰСТАРЫ

Үзілген соң қажып бір сінір еті,
Келмейтінің білген соң ғұмыр – екі.
Есенғали деген бір ерке ақын бар,
Құсты сүйген,
Құдайдың құдіреті...

Өлсө ол осы құстардың жолында өлең,
Жапалак, (не – Жантықтың қолында өлең!).
Құсты сүйген, (әрине, сонан кейін,
Зенгір көкті сүйетін болу керек?).

Таранғанда аққулар сүмбे қанат,
Көкке қарап, көктегі Құнге қарап –
Ғаламзатқа аң-таң ғап,
Адамзатпен –
Тілдесуден о шіркін, мұлде, қалад...

Соны байқап, біз де сан таңданып ек,
Таңданып ек, кейде кезде шамданып ек.
Ол сүйеді Сұнқарды жаны қалмай,
(Онда неге қасында Қарға жүред?!).

Неге жүред жұртқа жат тұс, рені –
Құзғынменен?! (О да оның құсы ма еді?).
Бұ-дағы бір Құдайдың құдіреті,
Тұсінсе оны –
Сол ғана тұсінеді.

Құс қой...
Құсты құр босқа мұнайтпайық,
Ұнатайық не оны ұнатпайық.
Тәнірінің алдына тұсіп енді,
Есенғали хақында түк айтпайық.

* * *

Сен де – құссын, әрине,
Мен де – құспын.
Қиқуынан көктегі сенделістің, –
Қажыған сон, ұша-ұша, мен де кейде,
Жапалақтар жайлаған жерге түстім.

Біз түгілі, ғаламның бәрі – осындаій,
Мұхит пенен ірінді қара судай.
Асыранды қазбенен, біздің ара –
Айдындағы Аққудың арасындаій.

СТАМБҮЛ МЕН ДОСПАМБЕТ

«Азаулының Стамбұлдан несі кем?..» –
Қазағының шықпай қойған есінен, –
Бү шаһарға келсем болды, мен-дағы
Өр Доспамбет көкем сынды көсілем.

Амфитеатрда отырган Антонидей* тебіреніп,
«Парсы сазын» жырлаған Есениндей еміреніп –
Қайтып келем мен де Қарағандыға,
Қараормандай ел көріп ھем жер көріп.

Қазақстан – алтын бақ.
Алтын бақта мен де жүрмін салқындал.
Бұлбұлдары қалай-қалай сайрайды, ей?!
Бір жағымнан – қарғаларым қарқылдал...

Қарашы, –
Мынау қай иттің баласы?!

Тұлпардың түяғы мен сұнқардың қанаты талардай, –
Доспамбет пен доспамбеттанушылардың арасы...

Уай, Доспамбет,
Кек Түріктің күркірі!
Мынау заман неге осынша күлкілі?
О дүниеден сені іздеген мына елді,
Күтіп алып, сөйлессенші бір күні?!

Бірі – бауыр, біреуі – жан досымдай,
Екі дүниеде кетер ме бас қосылмай?
Бір-ақ дүние бар деп бұлар ойлайды-ау,
Қоймайды-ау, бұл ойындары осылмай?!

*Доспамбеттің өлеңі (15 ғ.).

**Марк Антоний.

* * *

Адам атын жырлаймын гүлге бөлеп,
Айта берсін аярлар «Үндеме» – деп.
Ақыны жоқ, ары жоқ аспан асты,
Иесіз қалған дүние кімге керек?
Адамдардың орыны мұлде бөлек!

Үрпақтардан күтіл пәк, ерен қылыш
Болашаққа ұмтылып, келем жүріп.
Ренессанс рухы – жүргегімде.
Көз алдымда – Рафаэль!
Эренбург...

Уитмендер сөйлейді тілде бөлек,
Жүргегімді найзағай үнге бөлеп.
Айта берсін аярлар: «Үндеме!» – деп,
Адам атын жырлаймын гүлге бөлеп!
Адамы жоқ –
Ары жоқ,
Иесіз қалған дүние кімге керек?!

ИТ ЖЫЛЫ

Нұртілеуге

Замананың соғып асау дауылы,
Тауық – үшты, бітіп қыт-қыт дәуірі...
Қырда күнде аш қасқырлар ұлиды,
Үйдегі иттің сыздал содан бауыры.

Пенденізден соның ыстық құшағы,
Бұ-дағы осы зар заманның нышаны.
Ашкөзденіп жей берсінші – жейтінін,
Ит жегенін иттей боп бір құсады...

Еліне ырыс қараша да, хан сұрап,
Көзден – жасы, мандайдан – тер тамшылап.
Қазақ тағы қарсы алып тұр Ит Жылын,
Ит мініп, ирек қамшылап.

Қалай жұрттың жыбыр-жыбыр құлқыны,
Құлағына шалынғандай ма ұлт үні?
Мынау ұлыс (қүшігінде таланған!),
Көзін о да ашу керек бір күні?!

Жері – жүдеу, көгі – бұлт,
Ордам – алаң, ойы да онға бөлініп;
Қара тұнді серпер қашан күн туар,
Қой үстіне – бозторғай жұмыртқалап,
Ит үстіне – іркіт төгіліп?!

Таразыға тартып бергі, арғыны,
Төрле:
Біз сол – зар заманның зарлығы.
Иттен адал ешкім жоқ бұл Алашқа,
Иттей ғылыш сатып кеткен барлығы...

· Тауық жылы.

ЕКІ КӨКЕМ

Мәртебен күллі таудан өсіп те, өктем,
Ақсоран, тұскендейсің көшіп көктен.
Бар еді бауырында екі көкем,
Неге олар екі жаққа босып кеткен?

Біреуі Арғында Әсет арындаған!
...Құлжадан жетеді бір сарын маған.
Таңдайда – Тәнірі үні уылжыған,
Маңдайда соры қалың – арылмаған.

Біреуі сенен шыққан Қасым – Дауыл,
Қазаққа Қасым да бір –
Жасын да бір!
Оралдан Атырау мен Алтайға өтіп,
Атой сап Алатаудың басында жүр!

Жыл сайын жылдың құсы келді қайтіп,
Сарғайған сағынышын шер ғып айтып.
...Алашқа Ақсораңнан жол шығарған
Келмейді-ау, екі көкем енді қайтіп?

Иесіз екі пырақ жетегімде,
Итшілеп дүниеден кетемін бе?
Көңілім – ойран дауыл, жолға қарап,
Отырам Ойрантаудың етегінде.

Батыста көкке шапшып жатса мұнай,
Балқыған Ақсораңның ақ шағылы-ай!
Жабырқап осы тауда жалғыз қалдым
Жалғызға жар бола гөр, Патша Құдай!

...Көк те – өлең,
Жер де – өлең,
Тау-дағы – өлең.
Жасағанмен жалғанды жалғап өлем –
Ақсораңның бір ұлы тіршілікте,
Сөйлесуі керек қой Алламенен.

* * *

Гүр-гүр етті де басылды күннің күркірі.
Лирика кетті...
Эпос та кеткен бұл күні.
Батырлық қайда,
Ақындық қайда, – жоқ қой ол,
Күллі құрлықта – күйкі пendenін күнкілі.

Мағжан қайда,
Сәкенім, қайран, – ұлт үні,
(Халқымен қайта қауышпай қоймас бір түбі).
Мынды айдал өткен атаңнан түк те қалған жоқ,
...Мынғырып мұнда отырсын қалай?!

...Күлкілі...

ТӘТЕМЕ ХАТ

Тәте, іштен оянып зар, шеменім,
Аруағынды мазалаған мен едім.
Қарқаралыдан шығып, Жиренсақалға,
Бүгін тұнде жаяу тартсам деп едім...

Талай кезіп осы тұрган көк белді,
Сағынышым – сартап,
Сізге жеткем-ді.
Бұлдіргенді жалдалап-жалдалап тізеден –
Белге дейін қып-қызыл боп кеткен-ді...

Жолдың бойы ата-баба қорымы,
Келеді ұлың – басылмаған солығы.
Сіз көшкенмен бұ жалғаннан, жатыр ғой –
Қайран, Қарашаңырақтың орыны...

* * *

Тәнірі –
Иман,
Сауап,
Ар әлемі, –
Аспаннан көз жүгіртіп қарап еді...
Базарда дүниенің бәрі де бар,
Жоқ екен тек қазақтың қара өлеңі.

Бір білгір бізге бір гәп айтып келді,
«Бір шайыр базар барып, тайқып берді.
Баруға болмайды екен өлең іздең,
Қап-қап қып доллар алып, қайтып келді!

Қара өлең жүреді екен қайындарда,
Айхой, бір Айдай сұлу Айымдарда!
Жасындаш шығады ойнап Алтай жақтан,
Жылқылар құба белде жайылғанда.

Қара өлең жүреді екен Күн түбінде,
Бүр жарған жас аршаның бүртігінде.
Аллам-ай, мөлт-мөлт етіп тұрады екен,
Арудың қағып қалған кірпігінде!

Ақындар Кремль деп... езіп кеткен –
Кезінде, құдіретін сезіп көктен, –
Бетке алып Құлтегіннің балбал тасын,
Ол елден бетін басыпbezіп кеткен...

«Алашым – Алтын Орда жұртый еді...»
Деп сонда Күнге қарап, күркіреді!
... Темірхан тілін тауып әкелмесе,
Мұлде, оның оралмауы мүмкін еді...

•T. Медетбек.

МЕҢМЕТ СҮЛТАН

...«Біздің ерді айт...»*

Айтпай-ақ қой, білем мен,
Боздақ – бәрі, тығырыққа тірелген.
Жиырма үш жасар Фетін Мұхамед Сұлтанды айт, –
Костантинопольды –
Стамбул ғып жіберген.

Оғыз-Қыпшақ хақында аныз көп еді,
Қорқыт оны Қобызына бөледі.
Мағжаннан біз безгенде, осы елде,
Күніреніп тұрған соның өлеңі.

Мен шыққанда тунелім бір тұндей бол,
Күннің барын, кімнің барын білмей кеп.
Абдырағам Ата-Түрк алдыннан,
Шыға келетіндей бол.

Азан үнін естіп, ойға түстім мен,
Тәнірі нұры саулап тұр ма үстімнен?
Бір Аллаға табынған соң мына жұрт,
Бір Аллаға бағынған соң мына жұрт,
Адамзатқа қарап тұр ма мысқылмен...

...«Біздің ерді айт...»*

Айтпай-ақ қой, білем мен,
Боздақ – бәрі, тығырыққа тірелген.
Жиырма үш жасар Фетін Мұхамед Сұлтанды айт,
Костантинопольды –
Стамбул ғып жіберген.

ҚАЛАМДАСТАРҒА

(Александр Блоктың әуенімен)

Бірімізді-біріміз іштей жек көріп,
Күнде, жұнде, тырнап ірің жараны.
Көзде – күлкі, (көкіректі кек керіп!),
Өмір өтіп барады!

Сыртта осы көнілді не хош еткен?
Үйде – жаумыз! Талмай күнде жағымыз.
Қабырғаға у-ғып құйған өсектен,
Қарайды ғой қанымыз һәм – жанымыз!

Талант сенде – кем де, менде – артықтау,
Мені көрсөң, жүзің неге мұздады?
Бір тарихшы туып кейін тантықтау,
«Тату ед...»-деп, мадақтайды бізді әлі!

Мен туасы кереметке кенелгем,
Шулатуға туғам тыныш көшени.
Бір доцентке тамақ тауып берем мен,
Бір қырттардың болып қаңқу-өсегі...

Қолға қалам алып қалай жұтадым,
Қаламдастан қарғыс естіп қайтам ғой...
Өртеніп кет, қарғыс атқан кітабым,
Сені жазған – мен емеспін! Сайтан ғой!

РАХЫМЖАН ОТАРБАЙ ДУНИЕДЕН ҚАЙТҚАНДА

Рахымжан дейтүғын бір боздақ та өтті,
Қазақтын қайғы-мұнын қозғап кетті.
Бұ жақта ел де мәз ғой, жел де мәз ғой,
Бұ боздақ неменеге боздал кетті?!

Түсініксіз...

Аруақ оның көзін оның байлад өтті,
Атыраудан, неге, әйтпесе, – Айға кетті?
Корғайтын, қайран, ұлын, қайда барса,
Ғайып ерен, қырық шілтендер қайда кетті?
Түсініксіз...

Деуші едік: «Құдай – жалғыз. Ұлтым – жалғыз.
Жұртым-ай, ұл туа бер!
(Құл тумаңыз?!)».

Таңданып, түк түсінбей бұ жалғаннан,
Сандалып қалдық соның жұртында біз, –
Түсініксіз...

* * *

«Адам бол деп айтпаңдаршы ақынға...»

(Жанна Елеусіз)

Жанна жаным!
Сен – жаңа ақын,
(Мен – ескі ем),
Өткелектен өткен не бір, белестен.
Бесігінен шығып, Алаш-Анамның,
Есігінен өзөр кірген емес пе ем?!

Өлең деген – өз ұлтыңның болмысы.
Әлдиі – сол, әні де – сол, – соңғысы.
Абай-Хакім адам болған әуелі,
Содан кейін ақын болған ол кісі.

Мен көрмеген не құқай жоқ басымда,
Көк емес қой, – көбі Абайдың жасында.
Адам бола алмай тұрып, Алашқа –
Ақын болсам дейтін қу көп қасымда.

Жанталасып түспей кеткен тақымға,
Қанқу аз ба Мұқағали хақында?
Аллаң естіп қойса ұят болады,
«Адам бол...» деп айтпау керек ақынға.

ФАСЫР АДАМЫ

Физика-математика – несібініз,
Алты Алашқа әйгілі есімініз.
Бірақ, аға, есебін бұ қулардың,
Сіз шығара алмайсыз – кешіріңіз!

Бұл шайтанның есебі жан улаған,
Шығара алмай, ел естен тануда, аға!
Амалында қосу мен көбейту жоқ,
Бөлу ғана – мұнықі,
Алу ғана.

Мен түгілі, көктегі Құдайға анық,
Көз атаулы барады лайланып.
Бөлүменен алудың күні туды,
Көбейту мен қосуың былай қалып.

Өз есебін шығармай қоймайды бұл,
Біз – етекте,
Төбеден ойнайды құр.
Сізді қалай – Ақымак, мені – Мәжнін,
Елді – есалан тобыр деп ойлайды бұл?!

АҚЫН МЕН ХАЛЫҚ

(Марина Цветаеваның әуенімен)

Тәнірі нұрын құйған соң ой мен сезімге,
Қомсынып қоғам, ортаны.
Менсінбейді ақын мемлекетіннің өзін де.
Әйткені, өкімет өлеңнен өле қорқады.

Көргені азап Жерге кеп,
Аспаннан анау түскеннен.
Пері біткеннен именген емес пенде боп,
Әйткені, Рух – қаһарлы қара күштерден.

Түнектен кетті Ол – Жарыққа,
Жұрген жоқ мұнда күйкілер құсап көйткелі.
Ақынды қарсы қоймандар Ұлы Халыққа,
Ол өзі Халық, әйткені!

Сүм тобыр итше күшіктеп жатыр...
Тұлға – өліп!
Сайтанның сойқан зілі – бұл.
Құрыды ел құлға – құл болып,
Аллаға ғана бас иген Ақын тірі жүр!

Тәнірге сенген шүбәсіз,
Дана бас қалай – шала мас?!

Дүниеге тырдай жалаңаш келген Күнәсіз
Күнәға батып кетеді тырдай жалаңаш?!

Қара жер, қош бол, талақ дүниені таптап кеп,
Қарамай жанға, малға да, –
Келген бір пендең кетіп барады аппақ боп –
Аллаға!

* * *

Қазақтың бар болмысы жырға айналған,
Тұғалы ол өлеңімен Құнді айналған.
Алашта бір заман жоқ, атой салып,
Арқалы ақындары тумай қалған.
Арқада – аруақ түр, алдымда – Алла,
О, Алла-ай, дүниеге сыймай барам!

Әрт екен бұл дүние ми қайнаған,
Бір-бірін бір жүрген соң қимай ма адам,
Бір-бірін өлі-өлгенше қинай ма адам?
Алдыңа алып келдім арымды мен,
Аярдың қолыменен шимайлланған.
Оңдырмай шимайлады... оларменен,
Қосылып өзім қоса шимайлагам...

Осынау өрт-өмірден ми қайнаған,
Бір жұтым ауасын да қимай маған.
Анырап арымды алып Саған келдім,
Көрінген қолына ұстап, шимайлаган...

СЕРІКБОЛ АҚСҮНҚАР

(1963.05.13–10.17.2006 ж.ж.)

Сенің жүргің кенет неге тоқтады,
Қалай осы бізбен қоса соқпады?
Мен жоқтадым,
(Шешен қеткен фәниге!),
Менімен бір қара өлең де жоқтады.

Кейін сездім, әуре қылмай осы елді,
Сен Тәтеме кетіп қалдың, қош енді!
Не болар ем, сен кеткенде, жанымда
Көрсем, қайран, боздап қалған шешемді...

Жалғыз қалған жанша өзімді сезініп,
Жанталастым дүниеден безініп!
«Бауырым-ай...» – деген сайын, қайтейін,
Тас бауырым бара жатыр езіліп...

Сенің жүргің кенет неге тоқтады,
Қалай осы бізбен бірге соқпады?
Мен жоқтадым, шешен жоқ-ты қасымда,
Менімен бір қара өлең де жоқтады.

Ақсүнқардың сүт кенжесі, – дарам ен,
Баар жерге бізбен бірге баар ен?
Арасында фәнименен бақидың,
Боздап қалды, қайтем енді, қара өлең.

Мұміні едің сен Тәнірдің нұры өпкен,
Сұмды қөрген кезің де есте дір еткен.
Тірі жүр ғой жүргі жоқ шайыр да,
(Өлең жазып – иманы жоқ жүрекпен?!),

...Ал, сен неге кетіп қалдың жүректен?

* * *

Күн де Жерді жылдам-жылдам айналып,
Уақыт бізді бара жатыр қайда алыш?
Көңіл – күпті, көзіміз де байланып,
Қалың Сайтан бес қаруын сайланып –
Перштені кеткен сынды Айға алыш...

Адалдардың ақ жүргегін қайғы алыш,
Құлагер жоқ – Құламәстек бәйге алыш!
Редакторы провинциялық газеттің,
Өзінше боп –
Шерхан Мұртазаға айналып?!

Коррупция тендерменен тайланып,
Арамдардың аузы майға майланып.
Атеизм айналды да уахапқа,
Коммунизм –
Капитализмге айналып...

РЕНТГЕН

Гұлді жырлап, қыз-қырқынның алдында,
Көбелектей, айхой, сайран салдың ба?
Жерің қурап, зар болғанда шалғынға,
Елің боздал, батқан кезде зар-мұңға –
Бардың ба?!

Кеуденді ашып, (көкірегінде – қара өлең),
Ауру ақын, тұрсын соның алдында!

Қамшыдайын жаның – сөзбен өріліп,
Кеуденен бір ит үріп не бәрі ұлып.
Алаш дейтін Рентгеннің алдында,
Бар болмысың тұрады ғой көрініп?!

Айхой, шіркін, ал, мұнда,
Салатұғын гөй-гөйіңе салдың ба?
Кеудемді ашып мен де тұрмын, (сен де тұр?),
Алаш дейтін Рентгеннің алдында?!

БАЙБӨРІ

«Ей, Байбөрі, Байбөрі!

Иен қайда еді?

Киен қайда еді?

Жүзің неден сынады,

Тұкті жүргегінді түбінен кеп кім іреген?

Сен де егіздің сынары,

Мен де екінің бірі емен.

...Екі жарты – бір бүтін – жұптасып,

Қасыңа келдім, міне, мен:

Табаны

Жерді нық басып,

Иығы

Көкті тіреген.

Көк Түркінің тұяғы едік, ырзығын

Көк Тәнірінен тілеген.

Жұлдыз – төбемде тұрған шам,

Түрегелсең – жазылар құрысың.

Мағжандай мағмұрлансан,

Сен-дағы –

Күннің Ұлысының!

Ат жалымен –

Алтайдан – Альпіні шалып ең.

Һас Сақтан Қазаққа айналғанда ұлысын,

Көк Бөріден – Байбөрі боп қалып ең.

Найзаның ұшына от өріп,

Жауыңды ат тұяғына жаншыдын.

Керей ханың ордасының керегесін көтеріп,

Шаңырағына уық шаншыдың!

Түркінің қаны басыңа шапқан жалғанда,

Өзің де бір дүр едің.

Түркістанды қазаққа қосып алғанда,

Қасқайып Қасым сұлтанның

Қасында сен де жүр едің!

Жаның айналып жасынға,
Көш бастап едің бір демде...
Еңсегей Бойлы Ер Есімнің қасында,
Жүргегі лүпілдеп
Жүгіней-Олжашы жүргенде!

Інжу-маржан едің Алаш дейтүғын алқада,
Зары едің Қорқыт қүйінін.
Қазыбекке еріп Сыр бойынан кеп Арқаға,
Айрандай болып ұйыдың.

Мәремік тауына кесіл кеп,
Дегелен «Бұл кім?» демеді.
Сені –
Есімханның Ескі жолы есіркеп,
Қасым ханның Қасқа Жолы жебеді!

Көкжиектен Көк Бөрі бір ұлып,
Жау ұдере қашқанда,
Қалмақтың құлын,
Шұршіттің сұмын Байбөріге сініріп,
Балпаң да балпаң басқанда,
Жерде –
Топырақ шымырлап,
Күн күркіреген –
Аспанда!

Көк Түркінің Көк туының астында,
Көш керуенді түзеп ен.
Қайда еken сол бір Ат үстіндегі has Тұлға?
...Сен неге тұрсың тіземен?!

Есімханның Ескі Жолымен
Қасым ханның Қасқа Жолында,
Has тұлпар едің сөгілмей өткен қолтығы,
– Хан Кененің қалай қалдың сонында?!
Сені –
Алbastы басты сол күн!!!

Қарқабат Ана –
Абраалы –
Шашын жайып
Аңырады!

Хан –
Тақтан тұсті!
Қазақ –
Аттан тұсті...

Қаракерей Қабанбайдың Дәуірі –
Өлді!
Қаба сақал көүір –
Келді...

Рухсыз Денеде –
Боқ!
Дегелен –
Жоқ!!!

Мәңгүрт –
Мәңгі –
Құрт!
Мәңгі –
Қырт...

Шерінді өксік қозғап бір,
Бір күніңнен бір күнің өстіп озбак –
Тұл!
Абраалы – Шанырағы ортаға түскен Байбөрі!..
Әлі боздап тұр!

Кім мені бүйректей бөлген кеп?
Аттың жалында Арқаның желі ұйықтайды.
Абраалы –
Хан Кененің Аруагы күніренген!
Күндіз көз алдында көлеңдеп,
Тұнде түсімнен шықпайды...

Абраалы – Хан Кененің Аруагы күніренген...

ЖУСАН

Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге,
Жусанмын – Мен!

Көнбесен де, көнсөң де –
Сары Арқада өсемін мен найқалып,
Басқа жерде өспеймін мен –
Өлсем де!

Қыста өлем де, көктем шыға тіріліп,
Гүлдерменен, тікенмен де кірігіп –
Сары Арқаның топырағында жатам да,
Суын жұтам,
Буын жұтам сіміріп!

Мұндағы жұрт елден ерек дүр-халық,
Қарап қойған сауап оған дүрбі алып.
Атом келіп айпап-жайпап кеткенде,
Шыға келем тас түбінен –
Бүр жарып!

Сары Арқадан туам –
Қайта тусам да,
Менен өткен өсімтал жоқ, түү, – сонда!
Суының да, буының да ғана емес,
Уының да дәмі балдай – Жусанға!

Жарыым,
Туа сала уызыма жарыым!
Қазагымның құлағында зар-ұнім,
Өспеймін мен Еуропага ексен де,
Сары Арқаның топырағында – тамырым.

Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге,
Жусанмын – Мен!
Көнбесен де, көнсөң де.
Сары Арқада өсемін мен найқалып,
Басқа жерде өспеймін мен –
Өлсем де!

ҚАСЫМ МЕН ТАХАУИ

Ертай Ашықбаевқа

Дана Қасымның көзін көрген
Тахауи Ахтанов
Шайырдың тұған топырағына түскенде
Бала Қасымды неге іздеді?

Қасым – оның пірі еді...
Қалмап еді қасынан да бір елі.
Ақын тұған топыраққа түскенде,
Лұп-лұп етіп кетті-ау, шіркін, жүргегі?

Ол жалбаңдал қарға құсан ұшпаған,
Самғап көкке, көк мұздақты қыстаған.
Біздің жаққа қарай берді жаутаңдал,
Кайран, көкем –
Пірдің қолын ұстаған.

Тахаң отыр тамаша бір қүйге еніп,
Ел-жұртынан елден ерек сый көріп.
Көкемізге –
Пірдің қолын ұстаған,
Біз отырмыз жақындауға именіп.

Артта қалды, ал, бірақ, –
Асаяу кездер алай-дүлей, бал-құрақ.
Еске түсіп есіл Қасым, Тахандар,
Ақтөбеде мен де тұрмын абдырап...

* * *

Нағашыммен анда-санда сөйлесем,
Көмейінен Тәңірі лебізін
Тәгіп-тәгіп жібереді:

«Сөйлесу Құдайменен хақын болған,
Шығыстың шайырлары хакім болған.
Әйткені ең соңғы бір текті түяқ,
Ең соңғы Пайғамбарға жақын болған.

Алланың Алаш ұлы құлды болған,
Аспаннан алатынын іліп алған.
Шаригат,
Магрифат пен Тарихаттан –
Хақиҳат шығатынын біліп алған!

Әр заман өзі туар ұлы ақынын,
Кезі көп кейде ішінен тынатұғын.
Орыста Пушкин бар да, – Доспамбет жоқ,
Жусандай біздің елден шығатуғын...»

· Шаригат, ··· Магрифат, ··· Тарихат, ···· Хақиқат – Исламның төрт ұстыны.

«АЛАТАУДАҒЫ» ЖЫР КЕШІ

Қара өлеңге қарамай-ақ жобалап,
Қасиетін біле бергін содан-ақ,
Тыныштықбек жырын оқып қайтқан соң,
Тау қозғалды,
Тасы етекке домалап!

Таудан аққан Жеті өзенге, хош үнді,
Тыннан келіп Тыныштықбек қосылды.
Жатып-жатып, сел бол келіп Семейден,
Жетісүдің тау мен тасын көшірді!

Күнге қарай бастап алтын керуенді,
Қара өлеңнің сөйлер кезі келді енді.
Тау қозғалып, тас домалып жатқанда,
Қайтем енді жатып қалған пенденді?!

Өлең өсек болып қатын-қалашқа,
Алматыда жатып алып бал ашпа:
«Провинциялық әдебиет» деген – жок,
Абай туған Алашта!

Тау қозғалды, тас домалап,
Ол тасы –
Түссе үзілер кейбіреудің қолқасы?
Ал, хош бол тұр, гүл-бағында... сайраған,
Алматының, айхой, «әдеби ортасы...»

ҚОРШАҒАН ОРТА

Бұлт ішінде мен санқылдап жүргенде,
Қырт ішінде мен қарқылдап күлгенде,
Дәлдүріштер қиналады бір жерде,
Дәлдүріштер жиналады бір жерге.

Кеше соның бәрі маған «дос» болған,
Көніліміз көктем сынды хош болған.
Көрінгенде ертіп жүрген соңына,
Бұл көкең де мықты емес қой?!

Бос болған...

Сайқалмен де болып небір ашына,
Ертіп талай дәлдүрішті қасыма.
Есаланды еркелетіп неге осы,
Өлімтікті шығарғам ер-басыма?!

Қалай осы бұл да елдің құты – деп,
Шартық қуға шапан жапқам үкілең?!

Түк көрмеген көргенсіз-ді, соナン соң,
Былш еткізіп бетіме кеп түкіреді...

Бұлт ішінде мен санқылдап жүргенде,
Қырт ішінде мен қарқылдап күлгенде,
Дәлдүріштер қиналады бір жерде,
Дәлдүріштер жиналады бір жерге!

Ғұмыр деген – қас-қағым сәт, өтпелі.
Оларға – жем,
Маған – уақыт жетпеді.
...Қарға біткен қарқылдайды соңымда,
Қайда, жаным, мен көкке ұшып кеткелі...

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Марал Ысқақбайға

Көкем, бүгін айтары да көп енді,
Сексенге кеп, сенгір көкке бөленді.
Кімге айтып жүрміз, бірақ, сөзді осы,
Кімді көздең жазып жүрміз өлеңді?

Жан-тәнімен берілетін – берілсе,
Егілетін ғашық болып – егілсе.
Қазақ халқы қалды Эпоста қалжырап,
Басқа жерде жоқ қой енді ол, меніңше?

Көке, менде арман көп қой, арман көп,
Хикметше әлі лаулаپ жанғам жоқ?
Бұл дүниені қазақ қалай дәп айтқан:
«Бір бес құндік жалған» – деп.

Қу фәніге қайта келмес жандай ғып,
Көке, өзінді енді күтсөң – хандай күт.
Елден бұрын, біздің қазақ, Құдай-ау!
Екі Дүние барын білген...
Қандай жұрт?!

Қазақ деген – зар заманның боздағы,
Боздағанда одан ешкім озбады.
Жетпіс жылдай Едіге боп, жалғанның –
Жарығына шыға алмай,
Не ішінен тына алмай,
Боздады...

* «Если я гореть не буду, Если ты гореть не будешь, Если мы гореть не будем, Кто тогда развеет тьму?»(Назым Хикмет).

**Совет өкіметі «Едіге батыр» жырын 70 жыл бойы жалғанның жарығына шығармасаған.

Туа тәнті Күдірет пен құс-ұнге,
Қазақ өзін көреді ылғи түсінде.
Көрінгеннің түрткі болмай көзіне,
Қалып қойды Эпосының ішінде.

Ақ жүргегі бір Аллаға аян бол,
Ғарышыңа қанатымды жаям деп.
Күнге қарап, Құлтегін бол күніренді,
Тебіренді Қозы Қөрпеш-Баян бол.

Көрінгенде коммунизм елесі,
Дір-дір етіп кетеді өлі денесі.
Қазақ халқы қалды Эпостың ішінде.
Қазақстан –
Соның бұлдырып елесі...

Кілемменен көкке де ұшып көлеңдеп,
Дүниенің ойын санға бөлем деп.
Қазақ Әдебиеті дейтін Ұлттық Банкте,
Қазынасы қалды Эпос бол,
Өлең бол!

Асанқайғы болып қанша боздады,
Абай болып қайдагыны қозғады.
Қазақ Әдебиетінде... қалды оның,
Ақыл-Ойы, Абыройы, Ожданы.

Халқым қалып, алтын қалып жырақта,
Көзім менің көлбендерген шырақта.
Қара Өлеңмен қазақты қоса жұтардай,
Ғаламзаттың түсі суық бірақ та?!

Ол сөйледі толықсып бір толғанда,
Аруақ кеп арқасына қонғанда.
Жер бетінен сенің ұлтың жоғалса,
Менің ұлттым жоғалса,
Қандай ұлыс қалар екен сонда онда?

ЭКСПРОМТ

Алтайдан келген Ару Гүлден деген,
Бұл жақтан сендей қызды бір көрмеп ем.
Гүлдендей қызды көріп, көктемдегі,
Гүлдердей көкірегімде түрленді өлең.

Алтайдан келген Ару Гүлден деген,
Елеңдеп қалым неге бір демде мен?
... Көз алым – қалың қытай,
Елесің жүр, –
Ерінінен еркек сүйіп үлгемеген...

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайдында туған өлең.

АШ ЕСІКТІ...

Сенің үйінің қақпасында құлыш тұр,
Көшіп кеткен...
Баяғы күн ұмыт...тұл!
Есігінің алдында тұр егіліп,
Жиырма жеті жастағы асау жігіт бір.

Тұр ол жалғыз,
Сен жоқсың ғой қасында...
Неше қылыш қияли ой басында.
Асқанымен алпыс жеті белесті,
Жүргегі өлі жиырма жеті жасында.

Мен кеп тұрмын
Есігінді аш, күнім!
Әлі қалай тарқамаған мастығым...
Сенің үйің көшкен кезде, ілесіп,
Қайды кетіп қалған, қайран, жастығым?

Сенің үйінің қақпасында құлыш тұр
Көшіп кеткен...
Баяғы күн ұмыт тұл!
Есігінің алдындағы егілген,
Жиырма жеті жастағы асау жігіт бұл...
Аш есікті!

РЮНОСКЭ АКУТАГАВА

Рюноскэ Акутагава,
Сен таңсықсың көп елге,
Хиросима-Нагасаки төменде,
Аждаһа-Атом ойнақ салып төбенде –
Сенің шерін FTP-ге айналды,
Ал, біздікі кетті айналып өлеңге.

Революция,
Репрессия дегені,
Алашты – жұрт, бізді – кісі демеді!
Алдымыздан Алла тұрып алқаса,
Арқамыздан Аруақ кеп жебеді.

Біздер боздап бодан елден туғанбыз,
Көздің жасын шараппенен жуғанбыз!
Көк туы бар, гүл-заманды армандап,
Көз бұлдырап, көбелек те қуғанбыз.

Жапония –
Елі – аңыз да, жері – гүл,
FTP-ге айналып бар шері бір.
Азияда адамзаттан ерек бол,
Әлағамның тәнті болған елі – бұл...

Тұсі суық дүниеге қарап пан,
Күйті қашып, иті қапқан балақтан.
Жапонды Алла – ақылымен жаратса,
Алашты Алла
Ақылымен жаратқан...

*Рюноскэ Акутагава (1892–1927 ж.ж.) – жапон жазушысы.

**FTP – Фылымы Техникалық Революция.

***Әлихан Бекейхан.

Аспанға ұшып бұлбұлша әнге салғанда,
Жерге түстік қанатымыз талғанда.
Азаттық деп айқай салып, арманда,
Ішқұса бол жүрміз мына жалғанда.

Мен де осы жұртыймен бір тұс көрдім,
Уын-дағы балдай көріп ішкенмін.
Аруақтай аяқ-қолым салбырап,
Аспаннан кеп айықтырғышқа түскенмін...

Рюноскэ, Сен таңсықсың көп елге,
Хиросима-Нагасаки төменде.
Аждана-Атом ойнақ салып төбенде –
Сенің шерің FTP-ге айналса,
Менің шерім кетті айналып өлеңгे...

ТӘУБӘ ЖЫРЫ

Естіледі ылғи алыстан бір үн талығып,
Үмтылып соған, жығылам жетпей, шалынып.
Бесікте жатып, белбеуімді үзгем сан рет,
Қиядан келіп құлаққа сол үн шалынып.

Жан-жүйем – тентек,
(Жаман ба сонда соншама?)
Шопен болар ем туғанда сонау Польшада.
Ресейде тусам, революционер болар ем,
(Әкем – кінәз да, шешем – княгиня болса да!).

Муза-Маяковский –
Пірім-ді бала шақтағы.
Ел айтпаса да, мен айтам соны жатқа әлі.
Францияда тусам, – Франсуа Вийон болар ем,
Алаштан туып... (О, Алла мені сақтады...).

МАҒЖАН-125

Тұып қанды ХХ-шы ғасырда,
Келген біздің XXI-ші ғасырға
Мағжан әлі жиырмадағы жігіттей,
125 жасында.

Оның әлі он сегізде жүрегі,
Шашы – бурыл, есейгенмен іреңі.
Ойдан, қырдан көрінбейді неге осы,
Оны ұстап бергендердің біреуі?!

Бір кезде олар бірге жүрген қасында,
Ойын – он сан, даң ғып алтын басын да.
Жүзінде – нұр, соның бәрін тәрк қып,
Мағжан отыр... 125 жасында!

Құрдасы жоқ...
Жүріп Абай жолымен,
125 жасқа келді сонымен...
Оныменен залым заман ойнаған,
Қалың надан ойнаған-ды онымен!

Дауылдарға сықап, жойқын жасынға,
Кетті кердең ХХ-шы ғасыр да.
Енді «ойнайтын...» кісі қалмай қасында,
Мағжан отыр жиырмадағы жігіттей,
125 жасында!

* * *

Мен тұрмын қандай қайқанда?
Өксігім ішке сыймайды, сонсон, айтам да.
Мұнайды бердім Қытайға, тілді орысқа,
Құдайды бердім неге мен Ұақап-Сайтанға?!

Қара пәренже
Желбіреп желге етегі,
Қара жыландай қайқан да қайқан етеді.
Абайға бармай, албасты басқан бү қазақ,
Аллаға қалай жетеді?!

Өзгені жарылқап, өлу бір парыз, борыштай,
Желегім көктең, жетіспей келем, толыспай.
Аляска дейтін бір Ару Қызын, байқамай,
Америкаға ұзатып қойған орыстай...

* * *

Адамзаттын ұжымағы – Алматы,
Һаяу жеген апорт –
Соның қалды аты.
Аңдып келіп, Адам мен сол Һауаны
Шықпай қойды, бірақ, Сайтан-салдақы.

Бірде – Жерде
Бірде – Көкте өмірі
Күннен-күнгө күніренеді өр үні.
Арып-ашып Алматыға келмесе,
Көншімейтін көрінеді көнілі.

Сайтан қайда жүрсе-дағы үкілі,
Жүреді елге соның ғана үкімі.
Қара басып қайдан бізде қалды екен,
Һаяу жеген сол алманың тұқымы?!

Нөсер селдең, көзден жасы сығылып,
Алматы түр Алатауға бұғынып.
Бейіш-бақтың бұтағының астында
Періштелер отыр, әне, –
Тығылып!

Алла да үнсіз,
Абай да үнсіз азалы.
Осы жерде жер-дүние назары.
Салдақының сылқ-сылқ етіп күлкісі,
Алматының қайнап түр қан базары...

ИЛΗӘМ НҰРЫ

Жүрдім біраз заманның тұнегінде,
(Жылайын ба, қайтейін, күлемін бе?).
Илһем нұрын санама Құдай құйған,
Тусам-дағы құл елі, қүң елінде.

Тұрса-дағы маңдайдың бағы ашылмай,
Бір күн тыныс алармын аласұрмай.
Айдаһар мен Аюдың арасынан,
Аман өткен Абрар нағашымдай.

Жетем мен де немере, шөбереме,
Бұдан гөрі өрісті, өрелі елге.
Осындағы дәлдүріш таң қалмасын,
Балап мені сол кезде көрегенге.

Әулие де емеспін, көреген де,
Тудым тағдыр-таланы бөлек елде.
Тұсімде Инсан-и-камил аян беріп,
Илһем нұры шуаққа бөлегенде.

Бұ фәниден көргенің не десеніз,
Екі Дүние, (бұлдырар елесі егіз).
Қыл көпірден мен де өткем, Иасауидай
Қылуекте тұспедін демесеніз.

Беу, Ақсұңқар, қойшы, енді аласұрма,
Аласұрып бір жаққа барасың ба?
Илһем нұры сауылдалп түр ғой саған,
Бақи менен фәнидің арасында.

*Илһем--вздохновение; тылсым дүниелердің бірі, әлі күнге
дейін адам баласына құпия болып келе жатқан нағаселердің
бірегейі.

АСТАНА-АЛМАТЫ ӘҮЕ ТОЛҚЫНЫНДА

Жері бай болғанымен, елі кедей,
Тұранның бұл, немене, желігі емей.
Фарыштан Тоқтар түскен күні, егіліп,
Эпостан Қошан шықты Едігедей!

Тексізді тарпа бас сап, соятындай,
Көздерін наизасымен оятындай.
Алаштың Арий-Бекзат-Кіслігі,
Аңызда ғана қалып қоятындай!

Хас тұлпар шапқан жерін ор қыла ма,
Ор қылса, оны да жұрт ондыра ма?
Тұғанинан екі көзі эпоста еді,
Құлагы қобызбенен домбырада.

Қайтейін, шаран да жоқ, амалың да,
Жақсысы жаманының табанында.
Қол бастап жер қайысқан шығушы еді,
Тумады-ау, Қарасайдың заманында?!

Ой, жұртым, жырың қандай, күйің қандай!
О дағы келе-келе сүйылғандай?
...Қолынан қол бастау сол келмей қалып,
Эфирден сөз бастады Сүйінбайдай!

Құртқа-Ару Қобыландының қолтығында,
Сыңғырлап үні шықты шолпының да.
...Эпос кеп, эстрада мәңгіріп тұр,
Астана-Алматы әүе толқынында.

* * *

(E. Евтушенкодан)

Оянам шошып,
Таста да көкке кет,
Киыр шетке кет!
Тағдырым екі әйелге
Тап қылды неге бетпе-бет?!

Жатасың түнде қасымда,
Қалжырап ұйықтап,
Әкпелеп,
Тас құсап мені лақтырып,
Тамүққа тастап кетпе деп...

Жанарға көздің жасы кеп,
Көресің соны,
Көнесің.
Біреуді сүймеу – қасірет.
Екеуін сүйші –
Өлесің!

Екі махабbat – ылан-ды,
Алады ерік, зықынды.
Софысқан түнде тұманды,
Соқыр кемелер сықылды!

Осы екі шерлі махабbat –
Майдан ғой жатқан от құйып,
Сол өртте соның біреуі өлуге тиіс-ті
Оқ тиіп!

Жұмағым осы – тамұғым!
Тұйыққа басым тірелді.
Мен сені сүйем, жарығым!
Сүйемін және біреуді...

ТҮРКІСТАН

Мына жер бізден гөрі Күнге жақын,
Жазса егер жарасатын гүлмен атын
Түркістан –
Күн мен Ғұнның патшалығы,
Тумайды тақыр, күлден, мұлдем, ақын.

Күн елі!
Ғұнның елі!
Көне Күнгей!
Діл бөлек, үні де оның бөлек үндей.
Түбінде Түркістанның теңіз жатыр,
(Темірхан Медетбектің өлеңіндей!).

Таң ата атап,
Ыстық кешкі лебі...
Теніздің көрінбейді кескін-өні.
Тұнығы Укаша Ата бұлағында.
Шуылы содан Нілдің естіледі.

Аспанға теңіз жатыр әлі атылып,
Толқынын ұшқан құстың қанаты іліп;
Соның бір бөлігінен Темірхан-дүр,
...Көбісі қебігінен жаратылып...

Күн елі – Ғұнның елі,
Меккедегі –
Тенізді жер астымен жетеледі.
Аяғы егер суда жатпағанда,
Түркістан лап-лап етіп кетер еді...

АҚЫН МЕН ҰЛТ

Жиырма жыл ма, отыз жыл ма озғалы,
Жазбай кеткен...
Көзден үшүп боздағы,
Қайран, Олжас қаламсабын қайта ұстап,
«Facebook» те ботадайын боздады...

Ғылымның да қалмай, мұлде, құны түк
Мұздай жанын Муза келіп жылдытып,
«Қогам жырға зәру кезде жазып ем...»
Деген сөзін қапелімде ұмытып!

Жиырма жыл ма, отыз жыл ма озғалы,
Жазбай кеткен...
Көзден үшүп боздағы,
Бұлттан түскен Бұхар жырау секілді,
Қайтып келіп, қалай бүгін боздады...

Кім бұл сонда?
Жиырма-отыз жыл озғалы,
Олжас болып, біреу бүгін боздады.
«Facebook» те асау аттай арындал,
Бір қайғы кеп, жұз қайғыны қозғады!

Байдан асқақ қойған арлы жарлыны,
Шөжелердің сап болды ма зарлы үні?
Ақыны жоқ ұлт болмайды, болса егер –
Қырт болады ондай жүрттың барлығы...

* * *

Елең қылмай қақ төбеден қайқаңдаған есерді,
Қайтармаған сүмға кеткен,
Құға кеткен есеңді.
Тұлданбаған қабақ түйіп біреуге,
Құлданбаған еш елді...

Алашым –
Ай маңдайлы ұлт!
Өзінде-өзің хандай күт.
Бір Алланың жүзін өзің көрмесен,
Сенен бұрын көрер екен қандай жұрт?!

Көңіл – күпті
Жоқ күтегін түк те енді...
Ұлт – иесіз
Рух – белден бүктелді.
Қайдан келіп ойран салды ібіліс,
Алаш – Алла Тағаланы құткен-ді...

* * *

Бәріміз қияндағы ауылданбыз,
Өлеңмен қаршадайдан ауырғанбыз.
Дүркіреп үстіменен шаңды ауылдың,
Сіркіреп жауып өткен жауындармыз.

Там да – өлең,
Тау дағы – өлең,
Жартас та – өлең...
Арқаны көктей шолып, Балхашпенен –
Ақынбыз дегеніміз бос сөз екен,
Атымыз шықты аспандап «алқаш» деген.

Жасыннан жаралғанбыз, дауылдан біз,
Бір жауса басылмайтын жауындармыз.
Атағы жерді жарған бір кездері,
Біз деген «Алқаш» деген ауылданбыз!

Бүгін біз Ұрымда, ертең Қырымдамыз.
Қалтаға ақша түссе бір ырғармыз.
Советтің заманында қаулап өсіп,
Қынадай қайта-қайта қырылғанбыз.

Көнілдің көктем еді хошы нағыз,
Біз жайлы көшеді әлі жосып аңыз.
Есенин дейтүгүн бір өулиеге,
Желігіп жет атадан қосыламыз.

Ақын да арам қазір...
Қара да тұр,
Таяп-ақ қалғаны ма заманақыр?
Үндістің тайпасындей, бізден-дағы,
Тігерге тұяқ қалмай бара жатыр...

САЙТАННЫҢ МИЫ

Бұ Сайтан бізге кектеніп,
Құрттай бол қаптап, құрлыққа кейін кетті өріп.
«Адамға бас ии!» – дегенде Алла имеген,
Жүргегі барын көрген соң иттей жек көріп!

Сайтанның бізден болмысы бөлек, жат үні,
Адамнан безіп, албасты болған ақыры.
Жүрек жоқ онда, махаббат, ғаділет сезім де,
Миы бар мұздай, ақылы.

Ол жүрген жердің өркені де өспей, (гүл өспей),
Жалғанда заһқар жамандығы да бір өшпей;
Зымиян оның ойының шапшаңдығына,
Жарықтың жылдамдығы да қалған ілеспей!

Білігі бөлек, ілімі...
Қайда барсан да осының сойқан бүлігі.
Эйнштейіннің миы да бұған жетпейді,
Елтайдың миы тұғілі...

* * *

«...аи да Пушкин! аи да сүкін сын!»

(Пушкин)

Сен де құссың, сен туған халық та құс,
Айхой, Ақсұнқарұлы, шарықтап үш!
Көз алдыңда көгілдір, түпсіз әлем,
Көк бұлттардың үстінде қалықтап үш!

Жер де, көк те сенімен бір түлесін,
Қаңғалақтап сен неден іркілесің?
Қағып-қағып жіберсөң қанатыңды,
Қара бұлттың көз жасы сіркіресін.

Қанатыңды қиянға салып көрдің,
Найзағай мен нөсерге қарық болдың.
Ата-бабаң аруағы ырза болғай,
Ең өуелі Алтайға барып қонғын.

Көкте жүргін Тұннен Күн бөлінгенде,
Алтын шапақ Шығыстан өрілгенде.
Алып үшқан жүрегің абдырасын,
Анадайдан Ақсораң көрінгенде.

Саған болмас талтайып, жол қарауға,
Көрінгеннен жасқанып, қорғалауға.
Сорғалауға туғансың көктен төмен,
Бауырыңмен хақың жоқ жорғалауға.

Сен де құссың, сен туған халық та құс,
Айхой, Ақсұнқарұлы, шарықтап үш!
Көз алдыңда көгілдір, түпсіз әлем,
Көк бұлттардың үстінде қалықтап үш!

АСТАНАДАҒЫ ҚҰС БАЗАРЫ

Ақбар Рысқұловқа

Ақбар-ау, өмір деген құс базары,
Көп болған Алатауда үшпағалы.
Адасқан мен де ақсұңқар, бүгін неге,
Үстап түр құс ауруым ұстамалы?

Екеуіміз екі жүртта секілді едік?
Дүние кетіп барад не түрге еніп:
Оуянг Ю-дың да ақ өлеңі,
Қазақтың қара өлеңі секілденіп...

Болдино күзі келді, өлкे сыздай,
Арқаның самалынан желке мұздай.
Исрайыл Есенинге есі кеткен,
(Ең алғаш еркек көрген ерке қыздай!).

Ұлықбек туған жерден Абай туған,
Жай тумай не бір құсты жанай туған.
Білетін құстың тілін Есенғали,
Алыш-ай, адам болып қалай туған?!

Адасқан Алатаудың құсы болып,
Мен жүрмін... неге жүрмін кісі болып?
Сол сері ағылшынша сайрағанда,
Тұнімен қырғыз тілі түсіме еніп...

Ақбар-ау, өмір деген құс базары,
Көп болған Алатауда үшпағалы.
Адасқан мен де ақсұңқар, бүгін неге,
Үстап түр құс ауруым ұстамалы.

•Оуянг Ю--Қытай ақыны.

•Исрайыл Сапарбай.

••Улықбек Есдоулет.

•••Есенғали Раушанов.

МЕНТАЛИТЕТ

Біздің тұқымда
Қасқырдың емшегін емген
Бір адам болған...

Сансыз сауал сансыратып сананы,
Қайда деймін Көкбөрінің заманы?!
Ол болмаса Олжас ағам қасқырдай,
Қас дүшпанға қалай жалғыз шабады?

Түркі жұрты түпсіз әлем жиһаны,
Маңайында үрсе де сан ит әлі.
«Көкбөрім...» деп, Шота Уәлихан көкем кеп,
Неге мені маңдайымнан сипады?

Осы азат бөрілердің жері, елі.
Шерхан ағам – айбат шегіп, шер – өні:
«Оқышы» – деп Монологын Қасқырдың?!» –
Неге менің мазамды ала береді?!

Тектіміздің бір тұяғы кешегі,
Шота ағамды ел киелі адам деседі.
Мағмұрланып сол бір көкем сипаған,
Маңдайымның соры неге бес елі?!

* * *

Қазақтың түбі соққан желден сынды,
Бұ жаққа басқа әлемнен келген сынды.
Қарасан қара өлеңін, шайыр емес,
Құдайдың өзі жазып берген сынды!

Өнерсіз өмір деген дар ағаштай,
Түйсінгін қайран, жұртым қара баспай:
«Адай» мен «Қосбасары» қалай туар,
Аспаннан бір тылсым күш араласпай?!

Біздерден Күн де алыс қой, Ай да алыс-ты,
Ғарышқа алғаш адам қайдан үшты?
Жаратқан Сол Бір Жаппар Иесімен,
Мына жұрт баяғыдан байланысты...

ИУДАНЫҢ СҮЙІСІ

Жүрек ауру, миғұла ойда ми іші,
Дүниенің қайда жұпар иісі?
Ию-қио дүниеден көргенім –
Иуданың сүйісі!

Соның еріні өбіп мені
Өлтірді!
Мына ел соған мәз боп неге желпінді?
Социализм капитализммен сүйісіп,
Одан есер екі естілеу ел туды.

Қара жолдар тас жолдармен қысты,
Қарсы заряд бір-бірімен түйісті.
Коорупция дейтін Мекер шықты да,
Жатып алып Мемлекетпен
Сүйісті!

Тілі де жоқ, ділі де жоқ, бесігі,
Нәсіл шықты, мұндай жұрттың несі ұлы?!
Поэзия Сальеримен сүйісіп,
Сайқал туды,
Халтуратай есімі!

Жүрек ауру, миғұла ойда ми іші,
Мына дүние Иуданың сүйісі!
Мен де дарға өз еркіммен баар ем,
Бесіктегі немеремнің иісі-ай!
Қайран, осы Періштенің иісі...

* * *

H.O. М.М. Ә.К.Ф.О. М-ҚМ.

«Я стол накрыл на шестерых...»

(Марина Цветаева)

Менің де ылғи алты адамға дастарқан жайғым
келеді.

Кереметі сол, кемелі, –
Алты Алаштың арасынан аң-таң ғап,
Осы алтауын ардақ тұтқам себебі.

Мұрттары көкке шаншылып,
Кемелімен кенесе,
Тәрлекенде айдарынан жел есе –
Құдай жайлы толғанғаның айтсайшы,
Құран жайлы,
Тұран жайлы немесе.

Жаны жадырап жақсы жан мұнда,
Пір болар өркен, балғынға.
Дымы құрыр дәнүкіс пен дәлдүріш,
Дәлдүндей алмай алтауының алдында!

Алашы шықлас есінен
Анасынан артық тұган баланың,
Хан ұлынан несі кем?
Өзегімді күнде өртейді-ау, осыларға бүйірмай,
Ұры-қарыға кеткен қайран да менің несібем...

* * *

Ұлт та, жұрт та, заманның зары осында,
Біздің көзге көрсетпей қарасын да.
Махамбеттің Пегасы шауып барады,
Эпоспенен елінің арасында.

Қарға тамыр қазақпыз, бауыр әрі,
...Қазір бәрі өлеңмен ауырады.
Көшедегі көрінген ат қып мініп,
Ат басындај арқада жауыры, әне...

Кімге керек осы бір өлең деген,
Өлең десе есек те елеңдеген.
Тізгініме қарысып екі қолым,
Осылармен жарысып желем бе мен?

Екі дүние елеңдеп, қан ішіп бір,
Екі қолым тізгінде қарысып тұр.
Құламәстек қиқулап, Құлагерше,
Ауыздықпен жүрегім алысып тұр!

Мынау – Абай Пегасы, тұяғы – алтын,
Саф алтынның буынан туады ақын.
Қасымдайын маздаған шоқтан туар, –
Боқтан ақын тумайды, уа, халқым!

Ғасыр өтті, жасын да, күні ескіріп,
Тұяғының дүбірі тұр естіліп!
Адамзатқа бет алып бара жатыр,
Алашты да соңынан ілестіріп...

ЕКІ АРУ

Екі әйел бар – қасымда,
Жанбырда да бірге жүріп, жасында,
Біреуіне он үшімде тәнті боп,
Біреуіне жиырма жеті жасымда...

Қаранғыда жаққан екі шырағы,
Маган ылғи жол көрсетіп тұрады.
Мұза-Ару көкке кетсе, мені ылғи,
Жебейді оның жерде қалған сыңары.

Мұлде, бөлек болмысы һәм реңі,
Екеуі оның екі бөлек жүреді.
Сүйді мені осы өмірде екі әйел,
Бір-біріне үқсамайтын жүрегі.

Бүгін жерде, ертең көкте құс үнім,
Бірде пенде, бірде сұнқар пішінім.
Екі әйелмен екі әлемде жүретін,
Мен деген бір қосмекенді қісімін.

Қанатына отырғызып ол енді,
Шарбы-шарбы бұлтқа ала жөнелді.
Бұлтқа әкетсе біреуі оның, біреуі –
Өзі туған ұлтқа ала жөнелді!

Олар құлсе, көктен маған Құн құлді,
Жүрек туласп тек жарыққа ұмтылды.
Алаш қандай жақын болса жаныма,
Аспан-дағы сондай таңсық бір тұрлі...

Екі әйел қасымда,
Елге таңсық екі әлем бар басымда.
Қолтығымнан ұстап, жебеп екеуі,
Келіп тұрмын мен де жанағасырға.

ЮННА МОРИЦ

*«Десятки миллионов граждан русских
Россия бросила...»*

(Юнна Мориц)

Юнна Мориц Ресейдің тәжіне
Жырдан ылғи құшақ-құшақ гүл өрді,
Кейін ол да тығырықта тірелді.
Империя құлаған соң, о дағы
Бозінгендей боздап-боздап жіберді!

Орман жұрты, бізді өзі ғой жат қылған,
«Жолдас...» деген үні де оның сап тынған.
Феодализмнен
Социализмге көшіріп,
Социализмнен
Капитализмге лақтырған!

Түркістан тұр
Боз жусанды боз далам,
Менің Тұран-Рухымды қозғаған.
Бір жұбатса, сені Тәнірі жұбатар,
Юнна Мориц,
(Боз інгендей боздаған)...

ВИЗИТ КАРТОЧКАСЫ

Сойыма сол елде жоқ бір белгі сап,
«Ақынмын...» деп жазған жоқпын ел құсап.

Балапаны ем Алланың бір құсының,
Жамалын айт – айтсан қөктің ішінің.
Күмәнданып күнде ақындығына,
Алпыс сегіз жасқа келген кісімін.

Ой да, күнде асқақ болмай, сезім де,
Жүректі ұстап жүрдім Тәнірі тезінде.
Пенде құсап өмір сүрдім иттей бол,
Адам болып –
(Өлең жазған кезімде!).

Жерді құшып, аспанға ұшып біресе
Арқама кеп аруақтар түнесе,
Ақын деген –
Періштеден сәл төмен,
Пенделерден биікте екен мың есе.

Балапаны ем Алланың бір құсының,
Жамалын айт – айтсан қөктің ішінің.
Бірі – қекте, бірі – жерде жүргенмен,
Айырмасы жоқ қой құс пен кісінін!

Поэзия,
Құшагынды аш, ал, күнім,
Саған еріп шарбы бұлтта шалқыдым.
Жердің құрты бір шалынбай көзіме,
Көк бұлттардың арасында қалқыдым.

Кім көрді екен мен көретін түстерді?
Содан таңғап зәмзәм сұын ішкем-ді.
Аспанда екен хикметі Алланың,
Төрт Кітап кеп жерге содан түскен-ді.

Егіліп бір ет жүрегім, езіліп
Маңымдағы құрт пен қырттан безініп,
Мағұмұрланып, шаһит кешіп барамын,
Махаббат пен ғаділетті сезініп...

ӘКЕ МЕН ҰЛ

(Роберт Рождественскийден)

Бұл – ән еді...
Айтып беремін ғой деп
Түсінде де, өндеге де қаларсыз...
Кеткен әке:
«Қайтып келемін ғой...» деп
Қан төгістен оралған жоқ,
Хабарсыз...

Жиырма жылдай бопты-ау...
Көп пе, соншама?
Соңында егер үрпақ қалса, о да – сын:
Бала әкесін іздең кетті Польшаға.
Ең болмаса қерейін деп моласын...

Талты-ау, іздең сорлы бала-ай, сенделген?
Рухына басын иді, құлышым.
Әкесінен –
Жат өлкеде жерленген,
Жасы да үлкен болатұғын ұлының!

Сол азалы,
Сол азалы молада,
Гүлдер жатты тербетіп жетімді.
Сол ақ гүлдер елестеді балаға,
Госпитальдың ақ дәкесі секілді.

Ауыр тулар түсті сырғып асыға,
Басталды-ай, кеп дүлей нөсер базары.
Поляктар да келіп ұлдың қасына,
Тұрды үнсіз...
Барлығы да – азалы.

«Тұсінеміз жүрегінің бәйітін», –
Деді біреу –
«Ерсіз елі – немене?!»
Тұған елге алып барып мәйітін
Тұған жерге жерлегініз келе ме?...»

Жапырақты жел мұздатып,
Толы сызға.
Тамшылап түр жаңбыр жасқа ұқсан қап.
«Жоқ!» – деді ұлы – Менің әкем онсыз да,
Жатыр туған Жер-Анасын құшақтап...»

«ҚАЙТА ҚҰРУ» ЗАМАНЫ

Бұған дейін өр тұлға боп Өтірік,
Келген еді аузы-басы көпіріп.
Шыр-шыр етіп шымырлаған Шындық
Өмірде ылғи жүруші еді өкініп...

Кенет біреу, «Шындық!» – деп жар салды!
Тамаша үнге тамам халық тамсанды.
Жарқ-жүрк етіп Жана Күрес Алаңы
Сарбаздарын қақ жарылып қарсы алды!

Сонда алаңға шыға келіп Өтірік
«Аттан!» – дап кеп, ал, жыласын өкіріп!
Пәле, Жала, Сұм, Зымиян, Оңбаған:
«Ойбай!» салып, көкіп берсін көпіріп...

Міне, Күрес Алаңына қараши,
Неткен жақын ақ-қараның арасы.
Шындығын дәлелдеуге сол кезде
Шындықтың да келмей қалды шамасы...

Оңай нәрсе... Кенет қиын боп қалды,
Шыр-шыр етіп шынғырды да – тоқталды.
Өтірік те бір-ақ сәтте – ақталып,
Шындық та бір-ақ сәтте – сотталды!

Уа, Шындық!
Сен несіне торықтың?
Көп қой көрер көресінің (соны үқтың).
Жеті Басты Айдаһардан аумайтын
Жетпіс Басты Зілзалаға жолықтың!

Уа, неге суланады жанарың?
Жанаған туған жоқ па заманың?!
Қаралай ма қажып қалсан... Мен енді
Мәңгі Сенат Алаңында қаламын!

КЕКТІ БАЛА

Берікке

Пушкин десе жанарың лапылдайды,
Тұла бойға тоғысып ақыл, қайғы.
Сендер барда сенем мен, мына өмірде
Сұлулықта қарсы от атылмайды!
Пушкин десе жанарың лапылдайды.

Есенинді айтасың еміреніп,
Хиросима хақында тебіреніп.
Сен оларды тапқалы, Дүниенің
Қайғы-мұны тауыпты – Сені келіп!
Еміреніп сөйлейсің, тебіреніп.

Заулап ғасыр өтсе де, ұшып көп күн,
Жүргегіңе жасыны түсіп көктің –
Еске түссе Лермонтов, қанат байлад,
Кавказ жаққа келеді ұшып кеткің!
Жүргегіңе жасыны түсіп көктің.

Қойшы...
Айта бермеші...
Жетті, бала!
Көз жасынды көшіріп кеттім ала.
Балаларды сүйемін – пәк! Дегенмен
Сені ерекше сүйемін, Кекті бала!
Қойшы...
Айта бермеші...
Жетті, бала!

Ал, ағанды теңеме наркескенге,
Менен өткен шерлі жоқ зар кешкенде.
Мен бір – оқпын, құлымын... Пушкиндердің
Тимей кеткен оғымын – Дантестерге!
Менен шерлі адам жоқ зар кешкенде...

* * *

Халқына, мұлде, сенбеген
Арбалып тақ пен алтынға.
Хан біткен қанға шөлдеген
Қалды сол қарау қалпында.

Өлді ұлып өстіп көп пенде
Өмірде болған өтімді.
Сеп болмай шен де шекпен де,
Өткінші затқа өкінді.

Пыш-пыштар өлді бақырып,
Айта алмай соңғы ариясын.
Ішкіштер өлді ақыры
Сарқа алмай шарап дариясын.

Сұлулар өлді сәнімен
Кете алмай жерге ну егіп.
Қор болып шалдың тәнінен,
Ләzzат емес –
У еміп!

Пақырлар өлді, тірлігін,
Өзінше жасап шайқап-ақ.
Ақындар өлді – бір-бірін
Көкектей күнде қайталап!

Өлімнің заңы: «Көн!» – деген
Шежіре жыр ғып баяндар:
Бәрі де – өлді.
Өлмеген –
Рубайлар,
Омар Хайямдар...

АЛАШ АНАМ

Алаш-Анам –
Галамның қара нары,
Ит те, құс та жүрегін жаралады.
Оған қайтсін алаң боп, ақыл-ойы
Асқазаннан аспайтын балалары.

Алаш Анам –
Адамзат бал арасы.
Дауда қалды қалқайып қара басы.
Соқтықласын өзгенің қояншығы,
Өзінің де көп дімкәс шаранасы.

Ақыл айтып біреулер, шатып әрі,
Басын неге Анамның қатырады?
Ақымағын қайтеді ол өзгелердің?
Өзінің де жетеді ақымағы...

ҚАП-ҚАРА ТҮН...

Қап-қара түн...
Зілмауыр қап-қара түн.
Зауал шақ қой мәңгі есте сақталатын.
Аяр сезім арбады тұл бойынды,
Аялдатпай уақытқа – ақталатын.
Қап-қара түн.

Құмар сәт боп елестеп күнә мына,
Жаттың жауап таба алмай сұрағына.
Қара түндей қатыгез қара кісі,
Сайтан құсан сыйырлап құлағына.

Әзәзілдің дидарын көріп-танаңып,
Жаттың үнсіз талықсып өліп-талаңып.
Кезін алды қап-қара қара түнек,
Жарық дүние жалп етіп сөніп қалып!

Тілсіз үрей басынып бар алапты,
Ләzzат пенен сүмдікты саралатты.
Арбап алған тәнінді қара жылан,
Пәк тәніңе өрмелеп бара жатты...

...Алаң оймен оянып ала таңда,
Жаттың үқсан жазықсыз балапанға.
Қара жылан шыққан сол қара түнде,
Ақ тәнінде қап қойды –
Қара таңба.

ДАЛА

Дала десен жарқ етер
Данқым! –
Деген бір өлең.

Дала десен жарқ етер
Халқым! –
Деген бір өлең.

Мархабатым шығар-ау, Махамбеттің туғаны.
Ер ұлдарым болмаса –
Ез екем деп жүрер ем!

Дала десен жарқ етер
Сұлұлық! –
Деген бір өлең.

Дала десен жарқ етер
Ұлылық! –
Деген бір өлең.

Арман шығар даламда Абайымның туғаны.
Абайларым болмаса –
Ақымақпын! – деп жүрер ем...

Тарих Стадионы – Дала! Тәні – қан-жоса!
Жалт қарады Ұлына ол көгін тұман торласа.
Батырлары болмаса – қорқақ бүкіл адамзат...

Ақымақ бүкіл адамзат – Ақындары болмаса!

ТЕЛЕФОНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

– Амансың ба?
Қандайсың бұл күндері?
Танымай да қалуың мүмкін мені...

Жас дәуренім өтіпті тез менің де,
Хабарсызың...
Мәңгіге безгенің бе?
Сен түсесің есіме жалғызырап,
Жабыққан кездерімде...

– Гүл гой – жастық, күзге қап, үсіп кеткен,
Сейлегендей болдың-ау түсіп көктен?
Мен де жалғыз отыр ем...
Келіншегім
Жолаушылап Ташкенге ұшып кеткен...

– Жалғызың ба?
Адамды, ая, Құдай!
Жаным міне, жалынды жай оғындаі.
Күмілжімей...
Жетсөңші!
Аэропорттан
Күтіп алам бас иіп, баяғыдай!

– Кездескен жөн...
Айтатын сөзіміз көп,
Гүл-ғұмырдың күрсінген көзіміз деп.
Мен сені іздел барған ем талай рет,
Енді бір сәт келсөңші өзің іздел?!

... Бірге жүре алмадық біз беленде,
Жүргегім – мұз...
Кетпейтін сыз – денемде.

Нанатұғын бір сұлтау неге айтпайсын,
Табатұғын едің ғой –
Іздегенде?!

Үмытпайды бір әйел мәңгі мені
Тұн ортасы.
Күз...
Басым мәңгіреді.
Осы тұнде айтты екен қашама адам
Неше түрлі құпия әңгімені...

ПУШКИН ЕСКЕРТКІШІ

Мәрмәр – Пушкин!
Мен саған жат емеспін...
Қаршадайдан өлеңмен қатар өстім.
Қателессем – өмірді сенше сүйіп,
Сенше күйіп жүргенде қателестім.
Мәрмәр – Пушкин!
Мен саған жат емеспін.

Өмір өтті ойлардың орманында,
Өсек-аяң – Ақынның соңдарында.
Әлі, әлі Дантес бар тірі жүрген –
Пистолет жоқ тек қана қолдарында!
Мен де оқда нысана болғаным ба?

Бір сыр билеп келеді жүрегімді,
Жалт қаратар естісе гүл-өнірді.
Өмір дейміз бәріміз. Ерлер түгіл –
Ездерің де сүйеді бұл өмірді!
Бір сыр билеп келеді жүрегімді!

Жыр жолына жанымды бақшыладым,
Жақсылыққа шырағын жақсын арым.
Болашақ кеп қолымнан алса бүгін
Алтын емес, Ақиқат тапсырарым!
Жыр жолына жанымды бақшыладым.

Өзің көрши!
Көрмесен – сенбес едің,
Күнде қуйкі пенденмен белдесемін.
Сені таптым, пендесі бар өмірге
Періштесі болмаса – келмес едім!

Өзін көрші!
Көрмесең – сенбес едің?

Артық айтсам кешірші мені, ерім,
Еріп кеттім жez едім, темір едім.
Самолеттен түскенім жаңа ғана,
Мұқагали бейітінен келіп едім...
Еңірегім келеді, еңірегім...

ТАМҰҚТА

(А. Данте. «Құғіретті комедияның» әуенімен)

Өліп қаппын. Мені де ажал тәрк етті...
Діл – азалы. Тіл – назалы зар төкті,
Міне, Тамұқ. Зілденіп тұр ол маған.

Мұндай жерде бұрын-соңды болмағам,
Кенет асқақ Алла даусы саңқ етті:
– Қанша әйелді алдаپ келдің, онбаған?!

Өлтірдің сен қаншама пәк сезімді?
Ойып алып тастайын ба көзіңді?!
Түстің қолға, арбаушы сүм жыланым!

Жан даусымды сонда өзер шығардым:
– Бір сұлуын алдаған соң өзімді.
Бір-екеуін мен де... Алдаған шығармын!

– Жап аузынды, сөзді босқа қор қылмай!
Арамзаны жұмағыма қондырмай,
Соққызармын Әзірейллің таяғын!

Міне, қолда – бүкіл өміrbаяның:
Осы азғантай ғұмырында, ондырмай
Қанша адамды алдаپ кеттің, аярым?!

Тұрдым үнсіз... Жоқ қой сөздің мәні енді,
Алладым ғой талай сұлу әйелді
Далада да, думандатқан қалада...

Сансыз елес сапырылды санада,
Әлемді де алдар едім... Әлемді
Әлсіз пенден әйелше алдай ала ма?!

– Жап аузыңды! «Күнәсізбін – мен» – деме,
Әуре болып ақталасың, сен, неге?! –
Деді Аллам: – Ой бар ма өзі миыңда?!

Жазаңды тарт әміріме сыйын да,
Адамды да алдаң келген пендеге
Алланы да алдай салу – қын ба?!

Кез жасына омырауың боялып,
Жылама, ерек, аярлықты қоялық!
Тарт жазаңды! – деді ол мендей мұнлыққа.

Көзімді ашсам жатыр екем – құрлықта,
Мәңгі үйқыдан кеттім өстіп оянып.
Сап боп үрей, қорлық сезім, құлдық та.

Тұсім екен. Өнім болса – сұмдық та!

ПРОМЕТЕЙ АЛАУЫ

Тірі жан жоқ далада ояу,
Жаһан жаңа жарапып.
Қапас ғалам – қара бояу,
Күн көзінде – қара бұлт.

Жер тамыры тоқтап тұрды...
Кенет... Көктен түсті де,
Прометей от лақтырды
Мұз-ғаламның ұстіне!

Ғалам отсыз қала ма енді,
Жұмыр Жерді жұт алып?
Киелі алау жана берді,
Сөніп қалмай...
Тұтанып!

Замандарым! Адамдарың
Найзағайша шатырлап,
Аристотель... Абайларың,
Булкан құсап лапылдал!

Өттіңдер-ау, шүкір, халық,
Сөну деген саған – жат
Прометейдің алауы ғой –
Бүкіл Тарих, адамзат!

Зымыран Үақыт!
Ұшайықшы аттап бүкіл түнектен,
Мұз-ғаламды құшайықшы
Сол бір отты жүрекпен!

Тіл алмайтын баламын мен,
Көресімді көремін.
Прометейдің алауымен
Өртенеді өленім.

Өртенеді өзегім де,
Өзге затты жат қылып.
Кең дүниені кеземін де
Өтемін от лақтырып!

КРЕСЛО-БЮРОКРАТ

Талантты да тастай-тұғын ысырып,
Дөңайбат қып сөйлегенде ісініл –
Кресло дейтін тақтың үстінде
Пайда болды Кресло-Кіслік.

Талай залды өктем үнмен жаңғыртып,
Талай зілін көкейінде қалды іркіп.
Серік түгіл, Мұқағали келсе де
Қабылдамай жібереді қаңғыртып!

Оған енді қай құдірет тең келер?
Шығып көрсін өз күшіне сенген ер!
Кез сүзіп тұр Кресло-Құдайға
Орындық боп кеткен өңкей пендeler!

Аянышпен қараймын сол мұскінге,
Ауысып-ақ тұрганы ма күш күнде?!

Құдай көктен жерге түсіп отыр ма,
Кресло дейтін тақтың үстінде?

Арыз айтсан қенет ашу шақырып,
Абайсызда жібере ме ақырып.
Адам деген Орындықтын тағдырын,
Шешіп жатыр Кресло-Мақұлық.

Қонақта да оның орны жогары,
Бәйек боп жүр Орындықтар Қоғамы.
Отырып ап Кресло-Ақымақ,
Неше түрлі пәлсафаны соғады!

Былықтырган Кресло-Қаскунем,
Еңбектейді енді жердің астымен.
Ішкіштермен сыбанып ап білегін,
Қүреседі Кресло-Маскүнем.

Ай-сұлулар аңыз болған ертеде
Кресло Дон-Жуанға еркелеп...
Кресло-Суретшінің эскизи
Эрмитаждың есігіне ентелеп...

Қаламымды аңыз алып қашады,
Мен ашпаған есіктерді ашады.
Пайда болып Кресло-Жазарман,
Кресло-Оқырманды жасады!

Жетер енді!
Оған неге қорындық?
Орын ғып бір аламыз ба ор үнгіп?!
...Осы өлеңді өзөр жаздым, сықырладап,
Астымдағы тозып біткен орындық...

* * *

Батыстың базары кеп бой алды да,
Дүние қызыл-жасыл боянды ма?
«Базарың құтты болсын...» – дег бұ құнді,
Біржан сал болжап кеткен Қояндыда.

Бар ма екен дүниеде менен бейбақ,
Жүретін базар көрсө елеңдей ғап?
Жіберген мені осында сол серілер,
Өздері жолаушылап келе алмай ғап...

Дүние назарымда:
«Facebook»-тің шырқап хисса, ғазалын да
Қоянды көз алдынан бұлбұл ұшып,
Батыстың балқып жүрмін базарында.

Қарамай ақын елге, Ай қарап па?
Жындыдай құлашымды жайғам отқа.
Қасымда Жанбота жоқ, күнім түсті,
Құлдан кеп Құдай болған бай-манапқа.

Біреуі Лондон жақтан ұшып кеп жүр,
Гавайдан біреу сұлу құшып кеп жүр.
Биден би тумап еді біздің елде,
Мыналар қалай иттей күшіктең жүр?!

Еліріп, екіленіп құтыруға,
Бұлардың бар ма осы хақы мұнда
Түбіне көзім түссе, көніл күпті,
Тігерге тұяғы жоқ тұқымында?!

Дүнияның дерті деген бой алды ма,
Бұ жалған қызыл-жасыл боянды ма?
Базарың құтты болсын, думанды елім,
...Екі көз әлі, бірақ Қояндыда...

¹Рыноктық экономика.

²Біржан салдың әні.

О, ЛАТЫН...

О, Латын тілі!
Жарқылдағансың
Жаһанның жауындарында.
Цицерон болып саңқылдағансың
Тарихтың дауылдарында.

Тәржімалайын: азап-ділімде,
Естіліп сонда жат үні,
Сөйлейді дерсін қазақ тілінде,
Латынның соңғы ақыны.

«Жаһангермін», – деп мәлімдемедім
Осылып сүм ой діліме.
«Тұғім жоқ бұлдар бәрін беремін,
Тимеші ана тіліме...»

Күйкі ойлардан барамын күйіп...
Үйқыда қала түр сұлық,
Ауруханалар қабағын түйіп,
Қарайды маған күрсініп.

Темір шарбақты алаң бар сонда,
Барам ба қайтем шақырса?
Ақ халат киген адамдар сонда,
Сөйлейді екен латынша...

Қиялында бәрі Айға ұшар, шіркін,
Ұқсап бір тірі латынға –
Өмір туралы айтысар, мүмкін,
Айттысар өлім хақында?

Жаны жоқ мәрмәр мұсіндейміз біз,
Қараймыз текке шүқшия.
Не айтады екен? Түсінбейміз біз,
Латынша бәрі – құпия!

О, Латын тілі!
Зырлап ендікті.
Жырға орап гүлдей құлпырған!
Вергилій сенде жырлап Ерлікті,
Ездікті – Цезарь тұл қылған!

Уақыттың Дауылын сезінем мен де
Мәңгілік деген бекер гой...
Ділдер тұғілі, кезі келгенде –
Тілдер де өледі еken гой...

Замана дауылы!
Сұнқылдаپ үні
Қанша жан өлді? Тұс білем...
Сан өтерсін-ау бүрқылдаап әлі
Бұл жұмыр жердің үстінен.

«Жаһангерім!» – деп мәлімдедім
Осылып сүм ой діліме.
«Тұғім жоқ бұлдар бәрін беремін,
Тимеші Ана тіліме...»

Есігінде ашпа есіре құштерге,
Жалмауыз құштерге жат үні.
Зәрем ұшады есіме түскенде,
Латынның Соңғы Ақыны...

ПЕРИШТЕ

Тозаққа кеп тұрмын ба, бейішке кеп?
Ойламаппыш он ба деп, теріс пе деп.
Он үшімде жетектеп алып кетті,
Поэзия дейтуғын Періште кеп.

Жай кетпеді, жетектеп алып кетті,
Небір ғажап әуенге салып кепті.
Жыраулармен сырласып ертедегі
Тіпті, ежелгі Үрымға барып кепті...

Күнде келмей, жыл салып, айлап кепті,
Келген сайын көзімді байлап кепті.
Сұмды көрсе, зіркілі көкті жарып,
Сұлу көрсе, бұлбұлдай сайрап кетті.

Қызық, көп-ті жалғанда одан гөрі,
(Ол болмаса, ой басқа болар ма еді?).
Сұлулармен аққудай бір сайрандал,
Сұмнан таяқ жеп келем содан бері.

Періште ерткен пендеде бола ма ерік?
Көкейге – шер, көзге – жас тола беріп.
Отқа түсіп жанбадым қанша ма рет,
Суга түсіп батпадым соған еріп?

Замандардан жөнеліп замандар ап,
Содан бері ғарышта қағам қанат.
Мен қажыдым, қартайдым, жымияды,
Он үштегі Періштем маған қарап...

*Рим.

* * *

Орта ғасыр –
Ару он бес жастағы,
Бұлдырап түр елес болып баста әлі.
Қайда жөнеп барады екен, сылдырлап,
Інжұ-маржан шолпысының тастары?

Қарын қамы жоқ-ты онда,
Бас қамы –
Тәрік қылған басқаны!
Қасым ханым қандай еді, тексізді
«Қасқа жолмен» қаншама уақыт жасқады?!

Орта ғасыр –
Абыз – кемел жастағы.
Шаштары да аппақ қардай, қастары.
Желмаямен желіп Асанқайғы боп,
Алашымды – адамзатқа бастады.

Ол заманның бү заманнан басқа әні,
Одан, бірақ, еш бір ғасыр аспады.
Бетбе-бет пен жекпе-жектің уақыты ол,
Иттік пенен тексіздіктің қас жауы.

Сол ғасырда – адамзаттың асқағы,
Ғаламда жоқ Қазтуғанның дастаны.
Тұлпарлардың эпостағы түяғы,
Сұнқарлардың аспаны!

Сонда қалды кісліктің бастауы,
Білмейтүғын бекзаттықтан басқаны.
Қандай терен Шалқиіздің жырындай,
Қабат-қабат адамзаттық астары...

Қарын-қамы,
Қу қарақан бас қамы –
Тәрік қылған басқаны,
Капитализм – ақындардың қас жауы!
Ғаламзаттың бір уыс қып аспанын,
Мөлдірімді ластады.
Алтындаійн Алаш дейтін жүртүмды,
Адамзаттың аяғына таstadtы...

* * *

Өлең деген бір сезім алып-ұшқан,
Қуаныштан жааралған, сағыныштан.
Опық жеу ғой ойсыз қу тіршілікten,
Қателескен, сүрінген, жаңылысқан.

Махаббат та, ыза да бәрі осында,
Өртенесің күл болып, жанасың да.
Өзегінен лақ ете түседі ол,
Өмір менен өлімнің арасында.

Өзектегі өксіктің бәрі шығып,
Тән болдырып, суыған қан ысынып.
Өлең деген – өзінді өзің соттап,
Өз күнәңнан арылу жан ұшырып!

Жүрген кезде жабырқап, тұнжырап көп,
Арсы жақта көз жасын бір бұлап кеп...
Биіктеген сәтің ол бұлтқа жетіп,
Темен тұсу һәм содан құлдырап кеп...

Өкініш те, өксік те бәрі – осында.
Өртенесің күл болып, жанасың да.
Өтті-ау, менің ғұмырым шыр-шыр етіп,
Өмір менен өлімнің арасында.

«АУАДАҒЫ ЖАЗУ» ЖИНАФЫНА РЕЦЕНЗИЯ

«Мен тутанда-ақ өлім жазасына кесілгем...»

(Б. Б.)

Судан қайтпай – шешінген,
Жұзіл өтіп Шелек, Лепсі, Есілмен –
Бір тентектің жазып шыққан жыры бұл,
«Тұғанда өлім жазасына кесілген...»

Тәнірден тез келгенінше ол енді,
Құрық тимей, құрақ ұша жөнелді.
Кесілмесе осынша ауыр жазаға,
Жаза алмайды адам мұндай өлеңді...

* * *

Атұстары әзер туып бір ердін,
Ат қоярда тығырыққа тірелдім.
Сасқанымнан Ақсүңқар түсіп аузыма,
Өз әкемнің атын қойып жібердім...

Періштені келіп тua жебегім,
Сол күннен-ақ соның қамын жеп едім.
Қарғадайын қарқылдамай, үшқанда,
Сұңқардайын саңқылдаса деп едім.

Бұл сәбиге жөргегінде-ақ қонды бақ,
Бақ қонған соң шаршап, бұ у да болдырад...
Әкім болғай, хакім болғай, қаласа,
Мендей ақын болмаса екен ол, бірақ?

Қасым, Мұқағалилардың заманы,
Қандай еді...
Алаш оған таң әлі.
Дүр сілкінтіп даланы да, қаланы,
Меніменен о да жөнеп барады.

Шыққаннан соң елден – шер hәм жерден – сор,
Келді-дағы кете барды ерлерше өр.
Алашына бір соғады, (бірақ та,
Кім бар, кім жоқ, қайта айналып келгенше ол?).

Асқақ-асқақ шыққан кезде ұлт үні,
Қайта шығып шыныраудан дүркірі –
Жапондардай (самурайын көксеген!),
Ақындарын іздейді Алаш бір күні...

* * *

Шақырғанда бірде келіп, бір келмей,
Баяғыдай соңымнан да бірге ермей.
Ару-Муза он үшімде кез болған,
Мені тастап кетейін деп жүргендей...

Шың қия ма, әлде, тұзу қүре жол,
Он үшімнен қасымда ылғи жүр еді ол.
Сұлуларды қалай сүйетінімді,
Сүмды көрсем, қалай қүйетінімді –
Біледі ол.

Менің сырым белгілі оған ендігі,
Бекзаттығы жанымның һәм кемдігі.
Тауда, таста қызыл тілім тақылдал,
Тақпақ жазбайтыным да оған белгілі.

Қыймағандай бір-екі рет қарады...
Қым-қуыт бұл зар заманға, тар әрі,
Сұлуларды қалай сүйетінімді,
Сүмды көрсем, қалай қүйетінімді,
Біле тұра, қалай тастап барады?!

Іздеп сені таба алам ба бейіштен,
Азап шегіп арып барам мен іштен.
Тоқтай тұршы, он шақты жыл аялда,
Он үшімде серік болған Періштем?

МАНАТ АҒА

Манат ағам, көп оқыған ертекті:
«Сен тыңдасан, мен айтам» – деп серт етті.
Кеңасуда қой қайырып жүргенде,
Қайран, көкем кезіп кетіп жер-көкті.

Сенем оған, ол бәрін де біледі,
Көкейі – жыр, көркем еді жүрегі...
«Ақсораң мен Адыгөннің, (жарқырап!),
Арасында алтын көшіп жүреді...» –

Қараши,
Мынау – біздің Сары Арқаның даласы!
Қандай шексіз, алтын көшіп жүретін,
Ақсораң мен Адыгөннің арасы?

Көкеме еріп көкжиекке жортам мен,
Ай толықсып, көк жарқырап Шолпанмен.
«Алтын көшкен жерде Жылан жүреді!» –
Деген кезде зәрем ұшып, қорқам мен...

...Кейін бізге нарық келіп, боп ылан,
Соңынан да елдің осы, онынан, –
Алтын көшіп бара жатыр!
Көрдің бе?
Жылан көшіп бара жатыр соңынан...

* * *

Мейірхан Ақдәулетке

Тәнірімен түйіспей жолдары,
Дарвин түгілі, Карл Маркс те сорлады.
Маймылдан адам шығарды, бірақ, ол дағы,
Исан-и-камил болмады.

Ал, онда бірақ, хақысы қанша қазақтын?
Өзі де ғажап, өзге де оған ғажап тым.
Жасынан сенгіш әулие-әмбиелерге,
Қара бұлт көшкен, аспаннан түсіп азат күн.

Әлі де асқақ өр үні –
Алаң болмағандай,
Бодан болмағандай өмірі.
Атырау-Арқа – Алатау-Алтай арасы,
Кезіне түссе көнірсіп көктем-көнілі.

Алаштан не бір арландай асқақ үл туды.
«Тап солай біз де сүйеміз – деген үлтүмді...»
Ұлдары суайт!
Санасыз – өзі, панаңыз,
Әлемде біздей ел де бар ма екен бір түрлі?

Егемен болды, алған жоқ, бірақ, ел есе,
Ер бола ма екен елінің қамын жемесе?
Елу миллион қазақ жүру керек-ті бү жерде,
Елу мың тұлға туу керек-ті немесе?!

...ал, біз не істеп жүрміз...

**Кемел адам.*

ҚҰСТАР ӘНІ

Қайран, шешем...

Дуалы патшалардың тағынан –
Өзің салған ұяны – өз үйімді сағынам.

Әуелетіп әлемі, бұл бауырын кеп құшып –
Жеті құсын бар еді, жеті жаққа кетті ұшып...

Қайран, шешем...

Күйіне ойға батсаң не түрлі...

Мынау Жарық Дүние – Құс Базары секілді.
Жасқа толып етегін, тұрсын мұңлық пішінде,
Жеті құстын екеуі жоқ қой соның ішінде...

Қайран, шешем...

Дуалы патшалардың тағынан –
Өзің салған ұяны – өз үйімді сағынам.

Бір ұяда сол кезде жеті құс ек... Жеті құс!
Жас бол шықты сор – көзге: қайда кеткен екі құс!

Қой қайырып жүргенде –

Жетеу жеті елден кеп,

Жетеуіміз жүргенде... сайран еді жер мен көк!

Қиқусыз һәм сайрансыз құс базары тұл екен,
Сол бір екі қайран құс қайда ұшып жүр екен?
Таптық енді қайдан біз, жас ағады жанарадан...
Қанаты бар қайран құс ұшу үшін жаралған.
Шегін кезіп жер-көктін, қанатынан жыр есіп,
Мұнға батып мен кеттім Муза-құсқа ілесіп...

Қайран, шешем...

Жүргегім аптығады аһ ұрып,

Құс базары бұл өмір – Ақсүңқарым шақырып!

Соны шарлап қайтайын жырды көніл хошы ғып!

Құстар әнін айтайын Нұрғисаға қосылып.

* * *

Таң атады.

Тұс,

Ымырт,

Тұн кіреді.

Естіледі Музаның мұңды лебі.

Эрмитажда күліп тұр Джоконда,

Жылап тұрған шығар ол,

Кім біледі?

Тұсімде де өмірді, өндеге көріп,

Сан тұскенмін сабама жөнге келіп.

Қызыл-жасыл дүние көшіп жатты,

Көз алдымда көлбендең, дәңгеленіп.

Аргымақтар даланы, саланы асып,

Жердің шаны бұлттармен араласып –

Дүр етті де жоқ болды, бәйгені де,

Кекпарды да аспанға ала қашып...

Қала біткен қыз құсап боянады,

Қызықтырмай, қаратпай қоя ма әрі.

Отырадың тұсіне Помпей кіріп,

Үйқысынан шошынып оянады.

Жан рақаты Джунгли жанатынан,

Хиросима үстінде – қара тұман.

Көгершіндер ұшып жүр, бұрқ-бұрқ етіп,

Оқ-дәрінің иісі қанатынан...

Ұштым мен де жаһанның шетін көріп,

Қызыл-жасыл дүние не түрге еніп,

Кілем жапқан түр диван-кроваттар
Махаббаттың төсегі секілденіп.

Таң атады
Тұс
Ымырт
Тұн келеді...
Естіледі Музаның мұнды лебі.
Эрмитажда құліп түр Джоконда,
Жылап тұрған шығар ол,
Кім біледі?..

«КЕНТАВР» КАРТИНАСЫ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Құлагермен хақы бар сөйлесуге,
Мұн кешуге сырласып, ой кешуге.
Қазақтікі басы осы Кентаврдың,
Қалған жағы
Жылқының бейнесінде.

Құпиясы Құдайдың, бәрі осында,
Құлыншағы – көзінің қарасында.
Майдан жүріп жатады кескілескен,
Махаббат пен ғадауат арасында.

Кентавр – Жұрт жылқымен қатар өсіп,
Кең далада қанатын жатады есіп!
Тәнірі одан арғымақ жаратам деп,
Адам жасап алды ма қателесіп?!

Жылқы менен қазақта пейіл біреу,
Ол басқадан біздерге бейімділеу.
Қазақ еді басында оның басы,
...Реставрация жасады кейін біреу.

Шырқау көкке самғатып шыбын жанды,
Қаншама, айхой, соңында, дүбір қалды.
Қазақ атқа қамшы сілтегенде,
Жаяу-жалпы шаң жұтып, шұбырган-ды...

Кентаврдың қеудесі қайнаған кек,
Соны айтам деп Ақан бол сайраған кеп.
Кеудесінен жоғары – Махамбет те,
Төмен қарай, әрине, Баймағанбет...

Қазыққа кеп, қайтейін, байланғасын,
Сезем енді көнілдің жайлланбасын.
Қайда келіп, кісінеп лағып тұрмын,
Лай судан ішпейтін, қайран басым.

* * *

Тұранды айтсаң, сол жүрттан,
Тұра қашып құрт-қыбыр.
Құранды айтсаң – қолтықтан,
Құдай сүйер ұлтты бұл.

Ғажап күнім – азат күн,
Тәнірі бергей от-қуат!
Абайы бар қазақтың,
Ақымағы көп, бірақ!

ҺАЛИФАТҚА

Не болар екен Жиделібайсын-жанат бұл?
Алап – тұл:
Қазақстанға, қылғып жұтардай, шет елден,
Әзәзілдер қарап тұр!

Мына бір пысық сүм манап,
Айдаһардай – араны.
Қазақстанның қазынасын үрлап ап,
Швейктің темір сейфтеріне салады.
Мандайдың бағы о дағы, тағдыр-таланы,
Бабасынан –
Баласына қалады.

Мен болсам міне, ішімнен тынып, қорлық-ай,
Тығырыққа тірелген
Қатын-баласын картага салған сорлыдай,
Өмірін күллі өлеңге салып жіберген...

Кеудемнен шығып құс әні,
Алашты айналып үшады.
Арын –
Ар қылдым.
Зарын –
Зар қылдым.
Мен саған, жаным, жырыма орап құсалы,
Қазақстанды қалдырдым.

* * *

Капитализм келді біздің маңайға,
Социализм жұртқа қайдан қарайлар?
Бес қабатты біздің бетон үйді кеп,
Қоршап алды қос қабатты сарайлар.

Алтынменен атап қойған бұл үйді,
Күміспенен құптеп қойған бұл үйді.
Қабаған ит күніменен абалап,
Түніменен Айға қарап ұлиды.

Ашуулы иттер күндіз-түні үрді кеп,
Бізбен неге ақын өмір сүрді деп.
Мен өлгенде тақта ілмендер бұл үйге,
«Ақсүнқарұлы тұрды», – деп.

Екі-ақ қадам бұл екі үйдің арасы,
Иесінің, иттің де жоқ санасы.
Өздерінің маган көрші болғанын,
Сезбей өтсін өңкей иттің баласы.

«МАНАСТЫ» ҚАЙТА ОҚЫҒАНДА

Күн шығып күліп, дүние көзін жана ашқан,
Несерлеп жатыр қара аспан.

Түріктің арын қорғаган қызығыш құстайын,
Рухтың иісі аңқып-ақ түр ғой – Манастан!

Мынау бір банкир – сараң бай, тексіз, тантық бір,
Абайға қарап, түяғын атша тарпып түр.
Алладан кейін өзі болған соң – асқақ ол,
Алаштан күллі алапатымен артық –
Бұл!

Бура-Көк Доллар көбігін көзге бүркіп бір –
Өлең де елден үркіп түр.
Эйелден-дағы жұпардың иісі аңқымай,
Ақшаның иісі, басқаның иісі...
Мұңқіп түр!

Ақтау да, әне, шалынып әрен түр көзге,
Каспийді кезіп жүр ме еken мендей бір кезбе?
Аққудан-дағы ақшаның иісі шыға ма?!

...Гәккудің иісі шығатын еді-ау – бір кезде!

Ақсораң деген шың ғана ма екен, –
Құрлық қой –
Туган Құдайға мәңгі құлдық қой!
Қазақтың иісі шығатын Қарқаралыдан –
Ақшаның иісі шығады!
Мынау – сұмдық қой!

Ал мырзам, кел де, алшаңда, ай-хой, алшаңда!
Алдында сенің ақжол ғой қайда барсан да.
Астанадан да ақшаның иісі шығады.
Алаштың иісі қай жаққа кеткен, ал, сонда?!

Күн шығып күліп, дұнған көзін жаңа ашқан,
Ақысын төле, нөсерлеп берсін қара аспан.
Түріктің арын қорғаған қызығыш құстайын,
Рухтың іісі аңқып-ақ түр ғой – «Манастан»?!

Ақшаның іісі шығады неге Алаштан?!

ҚАСЫМ КӨКЕМШЕ

Поэзия – әлі өсем жамалында,
Жаһан – Дұнған түр соның жанарында.
Троллейбуста жүр, әне, сақ-сақ күліп,
«Иномарка», «Джип»-тердің заманында.

•Кыргыздың халық эпосы.

АЛЕКСАНДР ПУШКИННИҢ ӘҮЕНІМЕН

Сүйдім мен сені, сүюден таптым жазамды,
Жаһанымда да, жанымда жоқ бір келісім.
Мас болып сүйіп алмаспын енді мазанды,
Қайтейін енді? Қасірет шекпе мен үшін.

Күдіксіз сүйдім, үмітсіз сүйдім не біліп,
Сызданып жүрек, қызғанып, құрбан – мал-жаным.
Беріліп сүйдім, сөгіліп, жылап, егіліп!
Өзгеге де өстіп сүйікті болып қал, жаным.

ЖАПОН МЕН ҚАЗАҚ

Жапонияда 128 млн халық бар екен, соны басқарып отырған 9 мың шенеунік, бізде 17 млн халық, шенеунігіміз 100 мыңға жетіп қалыпты.

Осындағы, ой, шіркін, тәрде отырған төренін,
Қарай алмай жүзіне, қыпышықтай беремін.

Халқы – кедей,
Көгеріп бара жатыр көздері...
Баспақ жұртын қайтсін ол?!
Байып алған өздері!

Бір қатынды асырай алмай жүрсек, (ұл-қызы бар),
Тоқалдары – үш-төртеу,
(Нем бәрі де – жұлдыздар!).

Ойымыз – он, ақыл да бара жатыр алтау боп,
Олар...
Бізді ойлайды: «Жатып ішер жалқау!» – деп.

Сырт жүнімді көрсетіп, бәрідейін пан басам,
(Қайдан, қалай байимын қалам ақы да алмасам?!).

Осындағы ой, шіркін, тәрде отырған төренін,
Қарай алмай түріне, қыпышықтай беремін...

Түсінбеймін неге осы, тәрде отырған төренін,
Қарай алмай түріне қыпышықтай беремін?!

Әй, тәрем-ай, тәрем-ай, қалай көрем бетінді,
Түсініксіз бұ дүние, ойға батсам не түрлі.
Алтынның үстінде отырған 17 миллион қазақ пен,
Судың үстінде отырған 128 миллион жапон секілді!

КЛЕОПАТРА

-1-

Әзір тұр өлем ұшуга,
Мастарға ұқсас бұл күйде:
Алыста көздің ұшында келеді ағып бір күйме!

– Былай тұр!
– Мынау қасқыр ма?!
– Көрейік, – дейді – біздер де!
Көрмесек жұрттың астында өлейік дейді
Біздер де!

– Кетсең – кет, әрі! Қақсама! – деп біреу шықты
батыл-ақ,
Немене?! Сенен басқа да көз жоқ деп пе едін,
Ақымақ?!

Жетуге, әне, шақ қалды!
Көздерде жанып, лаулайды от!
Парлаған ақ боз аттары қанатты аққулардай бол –

Кеп қалды күйме атылған оқ сынды, шанды
Сапыра,
Ішінде оның отырған падиша – Клеопатра!

Дүр етіп, – Әне, сол! – десе,
– Жатындар! – дейді ел. – Жатындар!
Келбетін оның көрмесе жынданар мына
Пақырлар!

Кім көрген қызық тап мұндай,
Көзіңде тамшы үймелер...
Пыр етіп ұшқан аққудай зыр ете түсті күймелер!

Өң бе бүл? Тұс пе? Жат бәрі...
Бұлдырап кеткен ар жағы,
Арғымақ ақ боз аттары, тек қана есте қалғаны.

Елес пе? Жын ба? Не тегі?
Жарқырап қылыш, қанжары,
Қаптаған қалың нөкөрі, тек қана есте қалғаны.

Тек қана есте қалғаны,
Арманы болған ақынның, саф алтын сынды Күн
Түсі –
Тәкәппар патша қатынның ғажайып сиқыр
Күлкісі...

Кетті ме бәрін күлкі етіп?
Тек қана есте қалғаны:
Көздерін жапқан бүрк етіп шұбырган күйме
Шандары...

– Періште! – десті. Теріс пе?
– Жер-Ана сынды бейішке
Аспаннан бір рет түседі де, кетеді үшүп, періште!

-2-

...Біраз жыл өткен қайырлы. Ат ойнап елде
Қашты аңыз.
 Тағы бір дақпырт жайылды:
 – Босанып жатыр патша қыз!

 – Мысырдың ұлы бағына кім тумақ?!
 – Айтшы, кім?! – деген.
 Сарайдың алды тағы да қаптаған пенде. Гулеген...

Аң-таңғып сонда бар жүртты,
Тұғырдан ұшқан қырандай

Аспанның астын жаңғыртты тағы бір дауыс
Мынандай:

– Сүйінші, халқы қаланың! Ішіңдер шарап, сапыра!
Әкесі – Цезарь баланың!
Шешесі – Клеопатра!

-3-

Біраз жыл өткен қайырылыш...
Тағы бір дақпырт жайылды:
– Келіңдер!

Тойға шақырам бәрінді, беттен сүйем де,
Падиша Клеопатра тигелі жатыр күйеуге!

– Құлақ түр, қане, бар фәни! Естисіңдер ме,
Керендер?!
Күйеуі – арыс Антоний! Цезарьдан асқан кеменгер!

Думан той қеулеп алапты ертең де, бүгін, кеше де,
Көшеде аққан шарапты
Үлгермей құйып кесеге...

Шулайды құлдар бақыра: «Күнәміз болса кеш!» –
дейді.

– Құдай ғой – Клеопатра!
Құдайлар қателеспейді!

-4-

– Былай түр! Мынау қасқыр ма?!

– Көрейік дейді – біздер де!

– Көрмесек, жүрттың астында өлейік – дейді,
біздер де!

Не деген ғажап гүл өні?

– Көздегі шабыт-тасқын ба?!

Дүшпанның тау-тау сүйегі – арбаның шаны
астында...

– Асқақ жыр оның даңқына!

Асау үн көкті кернейді:

– Құдай гой – Клеопатра! Құдайлар мәнгі өлмейді!

-5-

Біраз жыл өткен... Кеше ме?!

Көмескі ымырт шағында

Қаптаған пенде көшеде қырқысып жатыр тағы да:

– Былай тұр!

– Тиме шабыма!

– Немене? Көріп, өлейік!

– Бұл қандай қызық тағы да?

– Көрейік! – дейді

– Көрейік!

Бір-бірін нұқып, шалып та үмтүлды оқша атыла.

Кім дейсіз жатқан табытта? –

Падиша Клеопатра!

Клеопатра?! Клеопатра!!! Клеопатра...

ФАИЗ АХМАД ФАИЗДАН

Балалық патшалығындағы жылдар-ай, жырақ!
«Сүйемін!» – деп ең сонда Сен.

Арман аңсаған!

Үздікken Сенің үнінді тындармай, бірақ,
Талақ қып тастап кеткен ем...
Таң қалам соған!

Ғұмырымның патшалығындағы жылдар-ай,
жырақ!

«Сүйемін!», – дедім – «Сүйемін!»

Сембеді жағым...

«Мен сөндім-жанып...» –
Дедің де тындармай, бірақ,
Талақ қып тастап кеткенсің Сен мені, жаным...

Жөнеуде жылдар беттегі пердені ысырып,
Сенделіп жүріп...
Сен де өмір сүріп келесін,
Мен де өмір сүріп...

* * *

Халық қажыды жасанды қойылым,
Артистерден де,
Ақылгөй Маркстерден де...
Қиялилардан,
Революциялар мен контрреволюциялардан –

Бірін-бірі тәмпештеп бөлінуден,
Елге жанашыр боп көрінуден,
Сараң байлардан да,
Халықта хақы қалған,
Отанын аяrlана жырлаған арам ақындардан...

Шындыққа ақиқат қосып алған,
Сөзі жүдеу көнілдің хошы болған,
Бұлбұлдардан қажыдық...
О, Тәнірі!
Сен қажыған жоқсың ба осылардан?!

* * *

Тұсі суық тағдырдың түнерулі
Жыларыңды білмейсін, құлерінді.
Соғысса да ол мені жеңе алған жоқ,
Жаралады тек қана жүрегімді.

Жылайсың да, қайтесің, күлесің де,
Талай-талай дүрбелең жүр есімде.
Күрессе де ол мені жыға алған жоқ,
Итерді кеп тек күл мен күресінге...

АБЫЛ

Алашыңың Абылы – Сен,
Қандасың –
Қабыл салған маңдайыңа таңбасын!
Аза жырым күніреніп,
Сені іздең,
Аруағыңмен қоса көкте самғасын!

Қарға-құзғын –
Жемтігіне бас салған,
Қарқылдасың құты қашып, – сасқаннан.
Сен де – сұнқар,
Мен де – сұнқар, екеуіміз,
Алашты іздең, саңқылдайық аспаннан.

Қалай ғана ұмытармын сол күнді,
Қалай басам өзектегі өртімді?
Бір жатырда бірге жатқан құлынын,
Қалай Қабыл дәті барып өлтірді?!

* * *

Қан базар – қазақ атырабы,
Алмай көрініз...
Шүршітке топырақ сатылады!
Үндіске –
Маңдай теріміз!

Сатамыз!
Хақын болмасын!
Ай-хой, азаттығым:
АҚШ-қа –
Атом бомбасын,
Орысқа –
Қазақ Тілін!

Қайда әлгі Ұлттық Табыс?!
Не деп барам?
Бір кило Ұлттық Ұят!
Бір кило Ұлттық Намыс –
Керек маган!

БАЗАРДАҒЫ ШӘЙІРЛЕР

Асай – жаны,
Ары – аппақ.
Мұраты – ірі –
Артур Рембо –
Француздың ұлы ақыны
Поэзия – мұхит қой арыстан жал,
Мынау соның сойқан бір сұрапылы!

Ар мен үят ақшага саудаланған,
Алтын басы талай сан дауда қалған.
Ол он сегіз жасында классик бол,
Асқақ Ару Парижді жаулап алған!

Он сегізде – данышпан!
Дара қандай!
Қара басын тәрк еткен қара нардай, –
Францияны Музамен алып үшты!
...Сонан кейін қолына қалам алмай!

Пегас емес,
Пұл ғана – назарында,
Ан-тан қалып қарады ел азалы ұлға.
Ақын емес,
Алаяқ саудагер бол,
Асыр салды дүние базарында.

Қиянға асты,
Қияқ пен құрақ кешті,

· Жан Николя́ Артю́р Рембó, (Jean Nicolas Arthur Rimbaud [ян николяр әртюар рембод]; 1854—1891); 18 жасында классик атанип, кейін жоқшылықтан базарға барып пұл, *timpi*, Африкаға барып, құл да сатқан; саудага барған соң, мұлде, өлең жазбай кеткен француздың ұлы ақыны.

Саудагерлер сонынан шұбап қөшті
Пұл да сатты, ақшадан алтын жасап,
Құл да сатты базарда – құлақ кесті!

Базар деген – қалтаған қара шыбын!
Қара шыбын құж-құж-құж...
Қарасы – мын...
(Ақын, оған қарасан, қара басып,
Көзден ағып кетеді қараашығын!)

Қасиетті боздақ-ай, қасіретті,
Жалпағынан жалғанды басып өтті!
Базарда өлең жазған жоқ...
Поэзия –
Франция секілді – қасиетті!
(Қазақстан секілді – қасиетті!)

ҮШ ҚАП АЛТЫН

Қайда қарап жүргем?
Көкті түрдім де,
Әнгे салып,
Айға қарап жүрдім бе?
Үш жүзімнің үш мың жылдай жиғанын,
Үш жойыт кеп сатып алды бір күнде.

Қазынамның барын қайтем – парқым жоқ,
Үш мың жылдай жиған байлық халқым бол, –
Үш жойыттың арқасында жүр, әне,
Үш қап құйма алтын бол!

Көлеңкедей көлбеп соның артында,
Қайда қалғам бадырайған қалпымда?
Менің көзім – үш жойытта күн-түні,
Үш жойыттың көзі – үш қап алтында.

* * *

Біржан салды байлап тастап,
Поштабайға қамшы ұстатқан қазақтан,
Ақын туса – көз ашпайды азаптан.

Шер мен шемен, шаңырақ та, жонда да,
Ата-бабам арманда өткен бақыл бол.
Қасақана әкім болмай, сонда да
Кеттім мен де ақын бол.

Жерді айналған Күн де күнгірт, Ай да оңбай,
Басқа қонған Бақ құсын да тептім мен.
Қасақана мыңды айдаған бай болмай,
Ақын болып кеттім мен.

«Қойшы, Серік, сандалма» –
Дедім талай, дегенменен, дедім мен.
Қайта тусам мынау опасыз жалғанға,
Ақын болар едім мен!

Тұраныңда туғасын
Еншім – осы енді, өмір.
Құлагердің құшақтаған қу басын
Ақан да – бір, мен де – бір.

Не демейді ел шуласып,
Тезге сап көр, ал, оны!
Құлагердің жұртта қалған қу басы –
Тұғырлардың тұғынан әдемі!

Пері соққан десін, ал, кеп шуласын,
Несіне оның күйем мен?
Құлагердің құшақтап ап қу басын,
Перизат деп пері қызын сүйем мен!

Біржан салды байлап тастап,
Поштабайға қамшы ұстатқан даланың
Шаранасы мен деген.
Осы жұртта қаламын!
Не көрсем де көрем осы елменен...

* * *

Бұ қазақтай мырза жүртты көргем жоқ,
Шәйірлері қыыр-қыыр белден кеп:
«Сүйем-сені!..» – дейді, сонда жымышп,
Соған-дағы отырады сенген боп!

Үндемейді, тек ішінен тынады ол,
Қазынаның үсті, тау-тас, құба жол.
Ғасырлардың көмбесінен, керексе,
Қазтуғаның суырып ап шығады ол!

Алаш кең ғой, кесепатты не түрлі,
Керек қылмай, кешіп өтіп, жетілді.
(Асылынан жасығы көп, сонан соң,
Қасымынан халтуршигі өтімді...).

БІР ҚАЗАҚ

(Пушкиннің әуенімен)

Ел надан болса, ер – қаран,
Отқа айдар ұлды боққа айдал өткен кер заман.
Немістен тусаң – Фридрих Ницше,
Еврейден тусаң – Исхақ Рабин болар боздақ ең,
Қазақтан тудың, қайтейін, қайран бекзадам!

ҚАБЫЛ

Қалай ғана қиды өлімге өз қанын,
Есаландай елестетем сол күнді.
Бір анадан бірге туған Боздағын,
Қолы барып, қалай ғана өлтірді?!

Қалай ғана шайқалды екен тұнығым,
Қайтіп енді ақталады Ол маган?!
Бір құрсақта бірге жатқан құлынын,
Өлтірді екен қалай Қабыл Оңбаган?!

Жүргегімде сауал менен нала көп,
Қоса соны жерлеп қайттым молага.
Кісі өлтірген Қабыл деген Қарабет –
Адамзаттың Арғы Атасы бола ма?!

Ел көзінен шуақ ізден сабылдым,
Ендігі бүл қарекетім кеш, білем.
Жазықсыздан жан тапсырған Абылдың
Кіндігінен түяқ жоқ деп естіп ем...

Қабыл қаптап ғаламзатты қандаған!
– Тоқтат! – деген басу айтар оған кім?
Қоқан ханға сөзін өткізе алмаған,
Жанкісідей жаутаңдайтын бол алдым..

Аузымды қан жалатып,
Алды-ау, асыл көркімді.
Өлтіріп ед Сөкенді итке талатып!
(Мені битке талаттырып өлтірді!)

Ел көзінен шуақ ізден сабылдым,
Ендігі бүл қарекетім – кеш, білем.
Жазықсыздан жан тапсырған Абылдың
Кіндігінен нәсіл жоқ деп естігем.

Жүргегімде сауал менен нала көп,
Қоса соны жерлеп қайттым молага.
Кісі өлтірген Қабыл деген Қарабет –
Адамзаттың арғы атасы бола ма?!

ӨФЕДЕГІ БАЛА

1975 жыл.

Өфе шаһарының вокзалы...
Ару қыздар әнге салып, боздады.
Армияға келе жатқан баланың,
Қайдагы мен жайдағысын қозғады.

«Сақинадай таңдал алған саңлағым,
Топ ішінде дара тұрар ардағым.
Еске түссен, Фалия бану, қайтейін,
Қозады-ай кеп, запыранды зарларым...»

Белге түскен бұрымдары өріліп
Көздерінен бейіш нұры көрініп,
Гаремінен шыға келген сылқымдай,
Гармонынан мұнды әуендер төгіліп...

Арулар-ай, әні де әсем, жамалы!
Өзінше боп жүрген сол бір баланы,
Әлі де ойға салады.

Алшысынан түспесе де асығы,
Арнасынан асып, талай тасыды.
Фалия бану қалды Өфеде, мұнда да,
Фалия ару болған кейін ғашығы...

Өфе, мұлде, алыста
Біреулермен түскенмен тай жарысқа –
Кете де алмай Қасымдайын Оралға,
Жете де алмай Мағжандайын ғарышқа.

Қанаты әбден талады,
Думан мен той мұның тағдыр-таланы.
Көкесіндей көресіні көрген жоқ,
Ақындығы... (о да, әрине, шамалы);
Анда-санда атасының қаны ойнап,
«Фалия бану» деген әнге салады...

¹ Уфа-Башкұрстан шаһары.

² Татардың халық әні.

САЙТАНҒА ХАТ

Гизат-лу хат жазамын саған, қалқам,
Бұзылған адамды айтам, заманды айтам.
Адамзат сапарының мейманы едім,
Аллаға мен бүлінбей қалай қайтам?

Біреулер маган қарай ағып кепті,
Мені іздеп келді-ау десем, –
Лағып кепті!
...Біреуі ақ жанымды көрді-дағы,
Бетіме қара қүйе жағып кетті...

Қалғалы қайда көніл құрдастан да,
Қалғалы қайда көніл сырластан да.
Замандас, қalamдастан қашып жүрем,
Көнілден, көзден де бір нұр қашқанда.

Ит қосқан жақсысына заман да өтті,
Арттағы буыныма алаң көп-ті.
Бауырыма басып едім бір баланы,
Ашқан соң көзін...
О да саған кетті!

Шерімді Тәнірі өзі қозғалы,
Маңдайға нені жазса сол болады.
Өтінем, маган енді көзді байлас,
Қайтадан жібермеші сол баланы.

* «Адамзат сапарының мейманымыз» (Қасым).

ТИП

Бұ заманның кемелі осы – кесірлі!
Енді сенің жиғызбас ол есінді.
Абылайдың заманында жоқ еді,
Ақ патшаның кезінде кеп,
Есірді.
Сұлтанмахмұт аштан қатып сол кезде,
Кейкің –
Өлім жазасына кесілді!

Бойдан – рух бой тасалап,
Ойдан – нұр,
Хан қайыршы болған күні тойған –
Құл –
Махамбетің басын алып қылышпен,
Алып-соғып Абайды да сойған –
Бұл!

Қай қазақтың тереніне бойлар бір,
Ол да мендей онбаған деп ойлар құр.
Босағаға сүйреп есіл ерінді,
Төрге өлген соң бәдіретін қойған – дүр.
Әлиханды ұстап беріп көуірге,
Әлі соның жан азасын тойлан жүр!

Елден тартып, жинап алған мал қандай!
Күн көріп көр енді соған жалданбай?!

Алшаңдайды,
Азаттықты Алланың,
Алдында боп,
Өзі сұрап алғандай...

ОРДАДАҒЫ ЖЫЛАННЫҢ ҰЫН ҚАЙТАРУ ЖЫРЫ

(Бақсылар әуенімен. XXI ғ.).

Кер, Кер жылан, Кер жылан,
Кереге басты Мер жылан,
Жалаңдаған Сұр жылан,
Көзі ойнаған Сұқ жылан,
Шаңырақтан шық, жылан?!

Самұрығым, қайдасын,
Қыр мынаны ұшып кеп!
Еркек жылан есіріп,
Үргашы жылан босағамнан—
Төріме түр күшіктеп...

Елімді жылан жайлады,
Белімді жылан байлады.
Тауым да — жылан,
Дала — жылан,
Батыстан келген Мәлікә-Мара жылан,
Оған ерген өзіміздің Қара жылан
Мимырттаған Мышы жылан,
Кәрі жылан,
Кіші жылан,
Ұлтымды шағып, өлтірді,
Алаштың екі аяғын аспанинан келтірді!

Өзі жасыл шалғында найқалып өмір сүреді,
Аяғын көрсетпей, атап-аттап жүреді.
Елді көзімен бағып,
Тілін көрсетпей —
Шағып,
Алла мен Адамның арасына өрт салып!

Ордалы жылан опат қыла ма бір елді?!
Күн тығырықта тірелді,
Жетпіс жылғы ту жылан,
Құдай үрган кү жылан,
«А» деп аузымды ашқанда,
Улы тілін шығарып,
Тіліме салып жіберді!

Күн түсіп түр бақа-шаян, құртына,
Содан бері у толтырып үртyma,
Өзім шашам
Өзімнің сол жұртyma?!

Орда иесі – Мары-мары-мары жылан,
Ала жылан,
Сары жылан,
Марқары да,
Сарқары –
Лек-лек бізге ауыпты,
Ауыпты, жаудай шауыпты.
О, Тәнірі, бәрінен де осының,
Іштен Шыққан Шұбар Жылан қауіпті.
Орда Иесі Сары Жыланға еріп ап,
Атырау-Арқа-Алтайды жайлаған жұртyma,
Улы тілін салыпты!

Кімге айтайын, кімге өткізем сөзімді?!
Аш көзінді!
(У жайлаған, су қаранғы көзінді?!).
Батысынан Сары жылан,
Шығысынан Кәрі жылан ысылдал,
Ордалы Жыланның арасында қалған, Алаш-ай,
Адамнан қайыр күтпегей,
Алла жарылқағай өзінді!..

Зәқħар алды қырымды,
Кім оқиды жырымды,

Сүйікті елім қырылды?!

Ен жайлаған Арқаны

Киіктерім қырылды...

Орда иесі – Мары-мары-мары жылан.

Ала жылан,

Сары жылан,

Марқары да,

Сарқары,

Майы шылқыған Құлан-жылан,

Іштен Шыққан Шұбар жылан,

Аш қасқырдай – араны,

Қайт ордаңа, тастап елді қаралы!

Құрағымыз уға айналып барады,

Құлағымыз шуға айналып барады...



II бөлім

Сайтаниң сағран салы
(Ескі жырдың жаңа нұсқасы)

БЕТАШАР

Автор өткен ғасырдың 70-ші жылдары жазып еді бүл жырды. Көптен ойда жүрген дүниесі болған бұл. Туғаннан десе де болады... Бір түнде тәге сапты... Бірақ, жарыққа шығара алмай, көп жүрді. Қылышынан қан тамған атейст кезі ғой, Адам-Ата, Хаяу-Ананың жұмақтан қуылуын арқауға алып, сатиралық поэма жазғысы келген-ді... Олар жұмақтан Жерге түскенде ең өуелі Қазақ еліне Алатаудың үстінен түседі. Алматының алмасының түқымын да Жұмақтан ала келген дейтін де жері бар... Сүйген қызын ешкімнен сұрамай, тарпа бас сап ала қашуды қазақ Адам-Атадан үйренген екен!.. – деп те есіп жіберген көрінеді...

Автор ата-бабасынан коммунист болған немесе өзі жан-жүргімен, тua сондай кісі! Қып-қызыл коммунист (Сәкен Сейфуллин секілді аздған ұлттық уклоны бар, бірақ). Жырдан мұның бәрі тайға таңба басқандай-ақ көрініп тұр: «Сонда Алла ала қөзін ашып... кекті...», – дейді. «Аллада көз бар?!» – деп, оған кім айтқан?! Брежнев пе? Әлде, Суслов айтқан ба?! Масқарасы сонда, автордың марксік-лениндік-материалістік дүниетаныммен әбден уланып, тіпті, дәстүрлі діндегі христиандық, исламдық канондарды бұзғаны сонша, Жұмақтағы Тәнірі мен Жәбірейіл, Әзірейіл, Исрағил, Микайл сынды періштелерді, Адам мен Хауаны да, қыза-қыза келе Сайтанның өзін ұлттық менталитетке салып, қазақтың психологиясымен сөйлетеді. Оған Жұмақтағы Жалғыз Жасаған Иен де, Періштелер де, Адам мен Хаяу, тіпті, Әзәзіл де қазақ секілді! Құдышеті күшті кең Құдай оның бар кінәсін кешсе де, дәл осы құнәсін кешіре ме, кешірмей ме?! «Алғашқы пайда болған қазақ шығар, Адам мен Хаяу-Ананың кіндігінен?» – дейді қазақтың басына күн туған Желтоқсан қырғыны кезінде! Не-

Күдайға, не совет өкіметіне жақпаған мұндаі пен-
деге не деуге болады?

Ахаң (Ақселеу Сейдімбек) осы поэмалы жалғанның жарығына шықпай жатып, 80-ші жылдары Мәскеуде өтетін жас ақын-жазушылардың одақтық кенесіне ұсынған көрінеді, сонда ондағылар: «Бұл шайырды жібермендер бізге! Қарқаралысында жүре берсін...», – депті.

Содан бұл жыр жалғанның жарығына шыға алмай, автордың өзі де Қарқаралыда қалып қойған...

Кейінгі кезде (арада бақандай 40 жыл өткенде!) автордың көне қолжазбаларының арасында елеусіз қалған осы туындыны ылғи қайта қарағысы келеді де тұрады. Атейизмін сыптырып алып тастап... ислам рухында жазбақ-ты, онысы бір кезде коммунист-атейст болып жүріп, бүгінде ғұлама молда болып кеткен көкелерінен үйренгені...

Оны осы заманға лайықтап қайта жазсам деп, басын тауға да, тасқа да ұрып, ойланып-толғанып жүрді де, ол ойынан күні кеше тайқып, бас тартты. Эзер бас тартты... Енді сол жырын 70-інші жылдардағы атейстік-советтік-социалистік баяғы қаз-қалпында қалдырығысы келіп отыр. Ол қанша жерден жасырынбақ ойнағанымен, Тәнірінің бәрін көріп тұрганын сезеді-дүр...

Әлхамдуллаh! Кеше гөр, Алла, адасқан құлынды...

P. S. Дегенмен, поэмалың біраз жерін (Тәнірінің өзін мысқылдала(?!), болашақта қой үстіне бозторғай жұмыртқалататын коммунизм заманын асыра марапаттайтын тұсын!) қысқартып, ертедегі хисса-дағыдай, қара сөзбен баяндауға мәжбүр болды. Қанша дегенмен, атейстік-коммунистік дүние ғой, оның сол кездегі түпнұсқасы бүгінгі егемен, еркін ойлы елдің заңды ашу-ызасын тузызу мүмкін. Алла – біреу, Пайғамбар – хақ! Басқа жеріне қол тигізбеуге тырыстық.

Автор Қасиетті Кітаптарды көп оқып, ондағы Адам-Ата Хаяу-Ана хақындағы классикалық сюжетке туасы тәнті болған. Жер ортасы елу жасқа келгенде шығарған таңдамалысының тақырыбына қараныз: – «Адам-Ата Хаяу-Ана» («Қазақстан» баспасы, 2000 ж.). Мына поэмада да Адам мен Хаяуның үйленуін жырламақ болған екен... Бірақ, мұнда үйленіп, ақ көйлек, қара қастөм киіп, сәнсалтанатты той жасап жатқан Күйеу жігіт пен Қалыңдық көрінбейді... Әзәзілден басқаның образдары мұлде ашылмаған. Сондықтан жырдың атын «Сайтанның сайран салуы» – деп өзгертіп жібердік.

Ғабене арнауына: «О! Ғабе! Сізге тартам жырдың гүлін!», – деп келсек, бұл жыр сол кездегі қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі, Патриарх Фабит Мұсіреповтің көзіне түссе, қалған ел өздері-ақ мені қолпаштап, көтеріп алып кетеді деген автордың бір провинциялық қиялышан тұған бақай есеп еді...

Кеше гөр, Жасаған Жаппар Ием, тағы да бір күнәмізді?! (Кешірім сұрап ұлгерменен күнәлар әлі қаншама...).

24.10.2017 ж.

Қараганды. Майқұдық.
Көгілдір тогандар мөлтек ауданы.

ҚАМШЫБАСАР

О, Ғабе!
Сізге тартам жырдың гүлін!
Алланың сарайында қырғын бұғін:
Қасиетті Жұмақ-ай, қасіретті,
Қандай едің осыдан бір күн бұрын?

Мәңгі көктем, жап-жасыл, жайған құрак,
Ағып жатқан сықылды Айдан құлап.
Сайран бұлақ, баяғы дәуреніңе,
Қайта оралар күн бар ма?!

Қайдам, бірақ...

Бір сұмдыққа тап болды-ау, бейіштегі ел,
Тәнірі айтса, тау-тас та тегістелер.
Айғай салған Алланың дауысынан,
Атып тұрды үйқтаған Періштелер!

Көздерінде күмәнді сұрақтары,
Періштелер шулап жүр шұбап бәрі.
Қайда қашып кетті екен қапияда,
Адам менен Хаяу Қызы Жұмақтағы?!

Дидары Жұмағыңның мұнды-бөтен,
Қалайша қаусап қалды құнды мекен.
Адам мен Хаяу кеше Жұмақта еді,
Бұғін жоқ!
Обай!
Мынау сұмдық екен!

Құдайдан болар ма енді қайыр, үміт,
Қаусады-ау, қанатынан қайырылып?!

Алланың ашуынан аспан-ғалам,
Кете ме қас-қағымда айырылып?!

Жарқылдал жасын, от боп тәгілді көк
Өлермен түнек басып өнірді кеп.

«Абдырап бүйтіп ашу шақырмайтын,
Апыр-ай, Аллаға не көрінді?!» – деп!

Келді ұшып Періштенің бәрі, міне,
Үндемей қалды қатып: «Әміріңе
Әзірміз! Не айтасыз?!» – деген оймен,
Қарады Қасиетті Тәніріне.

Сонда Алла ала көзін ашып,
Кекті, –
Дауысы күніренді басып көкті.
«Адам мен Хая Сұлу, кім азғырып,
Жұмақты тастап!
Қайда қашып кетті?!.».

Көк тұман елес ессіз жанардағы,
Ғаламзат бір бәлеге арандады.
Сүмдықты мұндай ешкім естімеген,
Дүние –
Дүние бол жаралғалы!

Әзәзіл ғана ішінен күліп қалған,
Жан-тәні улы оймен үрықтанған.
Алланың қасындағы Төрт Періште,
Абдырап, түк айта алмай тұрып қалған...

Аң-таң ғап, абыржып түр бәрі, міне,
Жаутаңдал: «Әзірміз» – деп, әміріңе?
Аспанға Алла үкімін жеткізетін,
Қарады Жәбірейіл Тәніріне.

· Жәбірейіл – Аллаға ең жақын жүретін періштелердің бірі,
Алла мен Пайғамбарлардың, соның ішінде Мұхаммедтің (с.г.с.)
арасындағы бас дәнекерші

Жүргегі атұрынып лапылдаған,
Исрафил Тәніріне жақындаған.

Талайғы арманы еді-ау, Дүниеге,
«Дәп бүтін келді ме» – деп, Ақырзаман?!

“Исрафіл – Ақырзаман хабаршысы

Қиялда Тозағына қонып ұшып,
Қиямет-қайымменен жолығысып.
Атақты жан алатын Әзірейіл
Әзер түр әлденеден қолы қышып...

… Әзіреіл – жан алушы Періште.

Түк сезбей жүргем соқыр болып қалай,
Бақ құсы басқа кеткен қонып талай.
Тәртібін Жұмағының тезге салар,
Сондағы Микайлдың қорыққаны-ай!

…Микайл – Жұмақтың тәртібін бақылаушы Періште.

Түр бәрі жас көрініп кірпігінен,
Күн болды Періштеден бір түнілген.
Алланы арбамақ бол осы жолы,
Сөйледі сонда Әзәзіл сиқыр үнмен...

ӘЗӘЗІЛ:

О, Тәнірі!
Мен жүрген пенден ғаріп!
Жұмақтың кемшілігін келгем бағып.
Жүрді ғой Тәрт Періштен түк бітірмей,
Қолын сап қалтасына!
Кердең қағып...

Айтайын...
Ашық айтсам, ашууланба,
Аллам-ау, ойлансаншы...

Басын бар ма?!

Ақкөніл жүргегінен айналайын,
Сенесің қалай мынау масылдарға?!

Не істеп жүр?!

Не батып жүр арқасына,
Байқатпай, бақылап бір бар қасына.
Мәз бол жүр есі кетіп, екіленіп,
Жұмақтың қазысы мен қартасына!

Көрмедім «Сіз» деген бір ықыласын,
Тілді алсан, тілазардан құтыласын!
Білмесе бұлар егер мен білемін,
Адам мен Хауаныздың құпиясын!

Айтайын...

Ақиқатқа жан қиямын,
Берейін бетін ашып қанды ұяның.
Адам мен Хауаң, сүйіп бірін-бірі,
Жұмақтан қашып кеткен, Алдиярым?!

Оларсыз мұнда қалай жүре аламыз,
Тұргам жоқ ойымнан бір құрап аныз.
Қай жаққа қашып кетті күнәхарлар?!

Білмеймін!
Оны менен сұрамаңыз?!

ӘЛҚИССА

Оқиға әлі Жұмақта жүріп жатыр. Оның қайда екенін автордың өзі де білінкіремейді-ау деймін не- месе оны сол кездегі қасаң түсінікпен ғарышта деп ойлайтын болуы керек. Жұмақтың қайда екенін Жаратқан Жалғыз Иенің өзінен басқа кім білуші еді?! Адам мен Хая қашып кеткеннен кейін мұнда сүргін дүрбелен ғасталған. Періштерелер аң-тан. Алла – ұңсіз. Тек Өзәзіл ғана сайрап тұр:

«Перштelerініздің не істеп жүргенін тексермей! (тура осылай ашық айтады!), Аспанның тәртібін қожыратып алған Сіз, өзініз!» – дейді Аллаға!

Қасиетті Кітаптарда Адам мен Хауаны Жылан азғырып, екеуі байқамай «Білім» ағашының дәмін алып, бұзылған болса, Совет өкіметі кезінде туған мынау қасан ойлы атейст қазақ ақыны оны ежіктеп, айтпай, аттап кетіп, екі ғашықты Жұмақтан қашырып жібереді. Сұмдығы, міне, осы! Мұнда баяғы қазақ эпосының сарыны тұр... Ежелгі Інжілде Алла Адам мен Хауаны өзі жазалап, Жұмақтан қуып жіберсе, коммунист қазақ шайыры оған үзілдікесілді қарсы шығып (*советтік идеологияның салдары!*), ойынан басқа оқиға (қазақша!) ойлап тауыш, Адам мен Хауаны Жұмақтан қашырып жібереді?!. Ғашықтық жырлардағы қазақтың қыздарындайғы... Сюжетті эпостан ұрлаған! Қасиетті Кітаптарда жоқ қой бұл?! Ал, Дүниенің құпиясының бәрін білетін Алла Тағала қайда?! Атейст-ақын оның бәрін қасақана бұлдыратып, қалған оқиғаны жер бетінен, жер беті болғанда... совет мемлекетінің бір тармағы Қазақстаннан өрбітеді! Адам мен Хая Жұмақтан қашқанда, саналы түрде (*Homo Soveticus-ше*) қашқан! – дейді. Тұскенде де түсетін жерін де сезген дейді... Коммунизмнің болатынын күні бұрын білген Маркс пен Ленин, Сталин мен Хрущев сияқты... Қайда тұскен? Қазақстанға тұскен! Қай өніріне? Жетісуға! Қалай? Колына уыстап алған Жұмақтың алмасымен тұскен... Сондағы ірі шаһардың «Алма-Ата» (Алманың Атасы!) атанғаны содан!.. дейді! «Жаралған Ең алғашқы Қазақ шығар, Адам мен Хауаныздың кіндігінен?!» – дегені несі?! Мұнысы енді тым асылыш айтқандық, әрине. Сөйтеді де, бұл жырды жас-ақын жазушылардың Бүкілодақтық кеңесіне жібереді! Ал керек болса... Мәскеу де бұдан әбден қажыған болуы керек, (осы-

ны оқығанда, олар түгілі, біз де болдырып кетіп, сіздерге поэманды қара сөзбен қысқаша мазмұндай салып отырғанымыз содан).

Оның бәрін қоя тұрып, енді поэмага қайта оралайық. Адам мен Хауаны Жер бетінен басқа жер таппағандай, тікесінен тік көтеріп, жер жанаты Жетісуға алып барғаны аздай, енді оларды құсша ұшырып, өзінің туған жері – Қарқаралы-Қызыларай-Ақсоранаға дедектетіп әкеліп, бір-екі айдай мамырлатып, жатқызып қояды! Немен көректеніп жүр? Жұмақтан ұрлап әкелген алма да біткен... Егін жоқ... Аңдар бар, бірақ, оны ұстайтын қару-жарағы жоқ қой? Шөппен күнелтіп жүр ме сонда?!

Автор оның бәрін айналып өтіп, қол ұстасқан қос ғашықты Алаштың Үш Жүзінің топырағына – Атырау-Арқа – Алатау-Алтайға аунатып алады! Сонсон, қайтадан Жұмақтағы оқиғаны баяндауға көшеді... Бұ кезде Жұмақтағы сергелден шырқау шегіне жеткен; Алла – үнсіз... Періштердерден де береке кетіпті. Неге? Қашып кеткен ғашықтарды қолына шам алып іздел, таба алмай жүр... Өйткені, Әзәзіл Алла Тағаланың көзінше олардың кінәсін бетіне басып: «Енді ұрыста тұрыс жоқ, іздейік, табайық, құнәмізді жуып, Тәнірінің алдына алып барайық, қылмыскерлердің жазасын өзі берсін?» – деген ұсыныс айтқан жоқ па?

Бағанағы бағанағы ма? Қызықтың көкесі енді басталады! Аланың Төрт Періштесі Жәбіреіл, Исрәфил, Әзіреіл, Микайл қашқындарды таба алмай, Алланың алдына құр қол келеді! Сүмірейіп... Сол кезде күтпеген жерден Әзәзіл шыға келіп: «Бұлардың қолынан не келуші еді, тәйірі?! – деп, көкті басына көтеріп, күледі! Мен оларды өз көзіммен көріп келдім! Бүгін...». Сабырлы Алла сыр бермей тыңдал қана отыр. «Қайдан көрдің?» – деп сұрамайсыз ба?» – дейді Әзәзіл өнмендеп! Алла

ұндеңейді. Не ол ішінен бәрін біліп отыр немесе осы тағы не көйітер екен деп, Әзәзілді сынап отыр ма? «Мен оларды Жер бетінен көріп келдім...» – дегенді айтады. «Жер» деген не өзі?» – деп сұрамайсыз ба?! – деп те біраз қиғылық салады, он сегіз мың ғаламды өз қолымен жаратқан Жалғыз Жасаған Иеміздің шаруасына араласып!

Алла – үнсіз...

«Сіз, әлде... Жер дегеннің не екенін әлі білмейсіз бе?!» – деп, табалауға көшеді! Алла ұндеңей, тыңдай береді. Түрінде түк эмоция жоқ...

– Білмейсіз бе?
Апыр-ай, күлемін бе...
Күлсем – ұшып кетем бе түнегіңе?
Жер дейсіз бе?
Жер деген жұдырықтай!
Адамыңның үқсайды жүргегіне, –

дейді.

Сонан соң: «Уа, Ұлы Мәртебелі Тақсыр! Ең болмаса, «Жүрек деген не?» деп сұрамайсыз ба? – дейді! Бұ Дүниеде Күн дидарлы, Нұр сипатты Алладан өткен сабырлы, Алладан өткен парасатты, кемел, Алладан өткен аяулы Ұлық жоқ екен! Әлі ұндеңей, сабырмен тыңдал қана отыр. Не бәрін ішінен Өзи біліп отыр немесе мына Сайтан не істер екен деп, әлі сын көзімен қарап отыр ма оған?! Түсініксіз...

Әзәзіл де оңай жау емес! Сақ-сақ етіп күліп алады да, қайта сайрайды:

Таң қалма!
Таңданатын пендесін бе?
Аллам-ау, абдырайсың, беу, несіне?
Сол жүрек..
Адамыңның ғана емес,
Бар анау Хаяңның да кеудесінде! –

деп соғып түр!

Енді Әзәзіл «Жүрек» деген ұзақ әңгіме бастап, оған егжей-тегжейлі тоқталады. Адам мен Хауаның қеудесіне өз қолынызбен салған сол пәле (*жүректі айтады!*) біздің ғана емес, Сіздің де түбінізге жетеді – дейді, құндердің күні! Жүректі Адамға сыйлағаныныз, бір жағынан, дұрыс та шығар, ал, сол ақымақ Адамның қабыргасынан жаралған Хауага оның бір тиынға да қажеті бар ма еді?! – деп сұрайды! Тура біздің қасымызда жүрген сайтандар сықылды...

Енді сол жырға тағы бір қезек берейік:

ӘЗӘЗІЛ:

«Сүюге,
Күюге де ол да шебер!
Жүрексіз біздей сорлы зорға сенер.
Болады бір-біріне қалай ғашық,
Сол сыйқыр жүректері болмаса егер?!!» –

деп, тағы бір сауал тастап түр!

О, Тәнірі! Сізге не болған?! Қашанғы шыдай бересіз?! Бірдене демейсіз бе мына Сайтанға?!..

Алла әлі де сыр бермей, үн-түнсіз тыңдал түр! «Не деген ішкі қуат! Не деген толеранттық тегеурінді төзім! Аллада бар ол, бізде жоқ қой?! Мына Дүниенің бүлініп жатқаны содан! – дейді автор! Ешкімге де қарсы шықпа! Әсіресе, Совет Әкіметіне! Күн-Көсемдерге! Ол – әлемдегі гуманизмнің үздік үлгісі! Алладан үлгі алсан, осылай алу керек, адамзаттың баласы!».

Поэманның айтпақ ойы осы. Осы ғана. Жырға тағы бір қезек берейік.

ӘЗӘЗІЛ:

«Тәнірімен ісі жоқ, ештеңемен,
Махаббат деп, езуден ескен өлең!
Сіз кешерсіз, кең Алла, бұ қылмысты,
Өмір бақи, өлсем де кешпек емен!

Махаббат жоқ!
Жаһанда біз ғанамыз!
Қайдан шыққан мынандай зілзаланыз?
Адам – Надан мас болып махаббатқа,
Бұзылды ма қаршадай Қыз баламыз?!

Бұл екеуін қандай шөл қatalатты,
Жасырынып қай жерде жатағапты?
Жаратқанда Адамды, Хауаны да,
Жаратып па ең қоса, әлде, махаббатты?!

Бұ не пәле?!

Бұл кімнің ыландары?!

Айтшы маған, алдайды кім Алланы?!

Адам менен Хауаның оңашада,
Осы екен ғой ойланып шығарғаны...

Іздеу керек кезіп бар жат алапты,
Бізді қызыл қанына қatalатты.
Алланың да қаһарын тәрк еткен,
Кешпейміз біз кесірлі махаббатты!

Қабырганы қалай бұл қақыратты,
Ізде деймін!
Кез күллі атырапты!
Алдыңа Алладан да қорықпаған,
Алып кел Адам деген ақымақты!

Сұлуым...

Сергелденге салды ақыры...
Сергелденге салмаған бар ма күні?
Шашынан сүйреп тұрып, шырылдатып,
Алғызғын Хая деген салдақыны!

Деген кім бұл Хаяға: «Бала көтер?!!»
Адам өзін Аллага балап өтер?!

Махаббаттан,
Адамнан туған бала,
Тәнірінің тәлкегін талақ етер?!

Алла әмірі қайтадан қарала ма,
Не болады сонда бұл бара-бара?

Адам менен Хауаның кіндігінен,
Адамзаттың нәсілі жарала ма,
Құрлықтардан
Құрлыққа тарала ма?!

Төрт Періште Тәңіріне қарап: «Неге үндемейді?»
дегендей, аң-таң ғап түр... Әзәзіл болса, қояр емес,
қайта үдең барады:

Кешір, Алла, жүректің маздау әні,
Ойға түссе бойыма саз қонады...
Жер дегенің бес құрлық, Адам оны
«Бес Жұлдызым» – деп ылғи мәз болады!

Адамыңмен сөйлестім,
Арбаганмын,
Алдамасам, қалайша жан бағамын?
Хауанан да сыр тарттым оңашада,
Айтқанымда көндіре алмағаным
Өкінішті!
Хая жоқ енді бізге,
Адамзаттан бір қауіп төнді бізге!
Таңбасы Көкбет Хая тирнағының,
Бетімде көгеріп түр...
Көрдіңіз бе?!

Хауаның ару жүзі лағылдай-ды,
Адамнан басқа жанды сағынбайды.
«Жоқ» – дейді махаббаттан басқа Құдай?!

О, Тәңірі!
Олар Саған бағынбайды!

Әзірейіл не сүрайды, тілегін бер,
Дүшпанды құртып келіп,
Шіреніндер?!

Кесірлі көрпесі мен құс жастығын,
Отқа сап, түтіп!
Өртеп!
Жіберіндер!

ТӘҢІРІ

Алла үндеңен жоқ әлі...

Әзірейіл бастаған Төрт Періште аспан асты, көр-жер, жұлдыздан Адам мен Хауаны іздеуге аттанып кеткен. Жұмақтың төрінде Алла. Ол әлі ой үстінде. Фаламзатты, адамзатты да жаратқан Өзі еді. Адам мен Хая Сайтан азғырып, «Білім» ағашының жемісінен жеп, бұлғын күні айтқан:

«Жұмақ салулы төсек, салқын жер еді. Сендерге жақпады. Біреуіннің – әйел, біреуіннің – ерекек екендіктерінді тым ерте біліп қойдыңдар да, бастарың бәлеге қалды! Сайтан азғырды сендерді! Ондай күн сендер асығып, аптықласандар да бір келуші еді. Мен сендерді Махаббат, Ғаділет, сезім үшін жаратпадым ба? Іске Сайтан араласпаса, осы Жұмақта бір-бірінді сүйіп, өзегінен өрге ұрпақ өргізіп, бай қуатты бол, барша мұраттарыңа жетуші едіндер гой?! Әбден тойынған екенсіндер! Енді... Осы Дүниеде Мен жаратқан Жер деген бір топырақты мекен бар-ды. Соған барасындар! Қалған ырзықты табан ақы, маңдай терлерінмен тауып, жейсіндер! Мен енді сендердің істеріне араласпан! Адам, сені топырақтан, Хая, сені мынаның қабыргасынан жаратпай тұрып, «Мәңгілік» деген Құсты жаратқан ем, сол құс Дүниені шарлап ұшып, осы Жерді көреді де, соған тәнті болады. Қайтақайта мазамды алыш: «Мені Жерге жіберші?» – деп қоймады. «Онда барсан, өліп қаласың гой?!» – дегем. Жерге барғандардың бәрі өліп қалады! Барды да, өліп қалды! Сендерге: «Білім» ағашына жолама дегенім содан?! Айтқанға көніп, айдағанға жүрдіндер ме?!

Енді сендерде Бір емес, Екі Дүние болады, Уақи мен Бақи. Фәниде беттерінмен қоя берем, білгенінді істендер? Өздеріннің де көксегендерін сол гой?!

Бақида алдыма қайта келесіндер! Сананың саңылауына сәуле түсіріп тұрам. Анда-санда. Пайғамбарлар жіберем. Олар да көп емес. Санаулы. Сендер оларды да тырқыратып, қып, айттар сөзін айтқызбай, күліп, мазақтап, табалап, азаптап, түйениң бοқтығына көміп өлтіресіндер...

Бір күні Ең Соңғы Пайғамбарды да жіберем. Айтпады деме, одан кейін Пайғамбар деген, мұлде, болмайды! Ол сендерге барған кезде Дүние Ақырзаманның алдында тұрар... Сайтан Жерге түседі! Бірінен-бірі аумайтын һәм біріне-бірі керағар неше қылыш заман келер? Харам нәрселерді халал дейсіндер! Буырдан-бауыр, ата-анасынан баласы, бабасынан ұрпақ безеді! Мен о баста Махабbat пен Ғаділетке бола жаратқан адамның нәсілі адамзатқа жат болады! Жау болады... Қып-қызыл дау болады, сонсон... Махаббатты тәрк қып, ойнастың ойранына батасындар!

Зілзала келеді. Қолына құран ұстаған пасық, күнәһар хафыздар шығады! Жалған ғалым қаптар. Зұлым қаптар?! Бай қайырымсыз, кедей керден болар?!. Эйел ереккө, ерекк әйелге айналады! Елім дегенде, жерім дегенде етегі жасқа толатын өтірікші, суайттар билейді сендерді! Бір кезде Маған көндіндер ме?! Соларды көр де, көн енді?!

Пайғамбардың сонынан ақындарды жіберем, ой-пигылын көркем жырга көмкөріп айтатын адамзаттың арда туған перзенттер! Бірінен-бірі өткен, біріне-бірі үқсамайтын, Тәніріне ғана бас иетін, асқақ, адуын жандар бұлар! Тек өзін-өзі ұстай алмайтын, дегбірсіз, үшқалақ, абдыраған ақкөніл біреу... Махабbat пен Ғаділетті жырлап, сендермен қамшының сабындағы ғұмыр кешкенде соның не екенін көзімен көре алмай, өмірі өксіп өтеді! Өлген соң түсініп, қасиеттеп, қадірлеген боласындар, бірақ, бәрі өтірік...

Бәрің менен шықтыңдар,
Маған қайта келесіндер.
Барыңдар! – деген-ді Тәнірі.
Сол бүгін есіне түсіл отыр... Өзі көнілсіз.

ЖҰМАҚТА

Тәнірі өлі ешкімге тіл қатқан жоқ. Ой үстінде.
Адам мен Хаяу Жұмақтан кеткелі қанша уақыт
өтсе де ләм демейді. Түсініксіз...

Жырда, автордың айтуына қарағанда, Жұ-
мақтан қашқан күні Адам мен Хаяу құстай ұшып,
Жерге түседі. Әуелі – Алатауға. Сонсон... Оны
айттық қой, қайталамайық. Уақыт қат болған соң
хиссалатып отырмыз. Арада біраз уақыт өтеді.
Аллаға шаршап, шалдыққан Төрт Періште келеді.
Адам мен Хауаны қолға шам ұстап, іздел, таба
алмаған?! Жер-Көкте жоқ екен... Осы кезде Әзәзіл
кіріп келеді! Кіріп келеді де, Тәніріне қасқайып тұ-
рып қарап, былай дейді-дур.

ӘЗӘЗІЛ:

Уа, Алла!
Алдыңа кеп аялдайын,
Айтайын ақиқатты, аянбайын.
Адам мен Хауаңыздың нәсілдері,
Не істеп жүр?
Енді соны баяндайын!

Сайтаның Жер мен Көкті аралады,
(Кім оған менен басқа бара алады?).
Адам мен Хауаңыздың өздері жоқ,
Өріп жүр өнкей соның балалары!

Ыланы бәрінен де маған батып,
Көп ұштым қанатымды сабалатып.
Біреу жүр соқа тартып, егін егіп,
Біреу жүр Мамонттарға садақ атып...

Ойы жоқ дүниемен, жалғанменен,
Сөйлестім баламен де, шалдарменен.
Бәрі де ынтымақты, бір туғандай!
...Айқасып жатады тек аңдарменен? –

деп бір тоқтайды да, тағы бір сүмдықтың басын шығарады: «Оларды бетімен жіберуге болмайды! – дейді, Тәңірінің тезіне бағындыру керек! Мен осы келгенде оларды тұп-тұқиянымен құртуудың әдісін де тауып келдім!

Уа, Тәңірі! Сізде тіл жоқ па әлі?! Неге үндемейсіз? Тәртіпсіздерді жөнге салатын амал тауып тұргам жоқ па? Олар жүрген Жерде Алтын деп аталатын көз арбайтын бір керемет зат бар (*көрсөніз, Сіздің де қызығуыңыз гажап емес?!*). Соны алып барып, алдына тастай салам да, алыстан аңдып қарап тұрам: «Мен алам?!». «Жоқ! Сен алмайсын! Мен алам!» – деп таласа тармаса жөнеледі! Көресіз әлі!

Енді жырдан соңғы рет бір үзінді келтірейік.

ӘЗӘЗІЛ:

Кеземін түкпірін бар атыраптың,
Түк алман, ұрығын да жапырақтың!
Қолымда Алтын ғана болар менің,
Көздерін арбайтұғын ақымақтың!

Көрсетем соны...
Шыдай алмас бұлар,
Қолына ұстамаса, қанбас құмар.
Маған кел қырқыспаса бір-бірімен,
Алтынның буы үшін бұ алbastылар?!

Маған кел, көзге елестеп көр-түнегі,
Адамның азатыны сол түн еді.
Алысып Алтын үшін бірін-бірі,
Бізсіз-ақ буындырып өлтіреді!

Олардан осылайша құтыласын,
Шайқалтып шаңырағын, құт-ұясын.
Сонан соң, өздері-ақ та, өлтірудің,
Табады неше түрлі құпиясын...

Қашан да хайуандық санада тұр,
Қолымда менің бүгін Заманақыр!
Көзінше күлмеу керек, сырт жағынан,
Мен құсан! «Шоқ! Шоқ!» – де де, қара да тұр?!

ӘЗӘЗІЛ КЕЛГЕН КЕЗДЕ...

...Әзәзіл келген кезде қырқысуга,
Шарбақ та жоқ еді ғой үй тұсында.
...Жаһангер Жиырмасыншы Фасыр біздін,
Жатқан-ды ғажайып бір үйкесінда...

Жер-Ана тұнде, мейлі, күндіз, мейлі,
Бізben сол гүл-дәуренін бірге іздейді.
Шекара,
Кеденімен қосылып ап,
Итеріп кеудемізден
Кіргізбейді!

Бұ күнде күйдің де аты «Елайырылған»,
Атасы,
Анасы бір, неге айырылған?!

Азалы адамзатқа ауа жетпей,
Қақырап ортасынан жер айырылған...

Алсып ақымағы ұлысымен,
Тіліне көнбей қойған ділі ішінен...
Быт-шыт бол бүйректейін бөлініп ап,
Бұлінген Батысы тұр, Шығысымен!

Адамның еті тәтті құс етіндей,
Қанын да уыстап ап, ішетіндей.
Бір күні жерден Мәді шыға келіп,
Салбырап көктен Иса түсетіндей!

О, жүрек!
Асау жүрек, бұлқын келіп,
Жұлының үзілердей жұлқын келіп!
Кияға қыран ұшса мағұмұрланып,
Жапалақ жалбандаса, күлкін келіп?

Құзғынның жайпап кеткен жұртын көріп,
О, жүрек, жұлқын келіп, бұлқын келіп.
...Дүниеге шыр-шыр етіп жылап кеп ем,
Дариға-ай!
Кетіп барам күлкім келіп?!

Әзәзіл Күннен де асып,
Тұнге түнеп,
Көлкілдеп шеменіне тұр көкірек.
Келбеті тіршіліктің сұп-сұр болып,
Жер беті –
Аштық...
Соғыс...
Тұрме...
Түнек...

TYC

...Мен өстіп бір тұс көрдім...
Өмір мені,
Көп ойға көз жеткізіп көңілдегі,
Аспанға Музага ертіп алып кетіп,
Алапат сұмдық көрдім өнімдегі!

Тұс тұс қой...
Сұмдықты айт өмірдегі,
Тажалды айт өнірдегі, көңілдегі.
Жер-Ана жатқан Алып Хиросима!
Атом тұр аспаныңнан төгілгелі...

Жер-Ана шерін әсте білгізбейді,
Бізбен сол гүл-дәуренін бірге іздейді.
Қаптаған қара темір қайда барсан,
Итеріп!
Кеудемізден...
Кіргізбейді!

Қарасан, қайран, жүрек өртенеді,
Қан-жыннан қарғалар да жиіркенеді.
Лапылдаң пеште күнде жаңып жатыр,
Адамзат құс жастығы,
Көрпелері...

Жер бетін түр-түсі жат,
Қара қаны,
Сүм Сайтан сайран салып, аралады!
Шеруі зұлымдықтың қашан тоқтар,
Адам мен Хая-Ананың балалары?!

Бүйректей бөлініп ап, егескелі,
Көзіне не пәлекет елестеді?
Жеріңнің Бес Құрлығы мандайдағы
Адамның Бес Жұлдызы емес пе еді?!

Ауысып замандардан замандарың,
Сандалып Жерүйықты таба алмадың.
Адамзат неге іздейді, өлтірудің
Айуан алапат бір амалдарын?

Жауап бер, уа, адамзат, сұрағыма,
Бітпей ме қырғын қиқу, күнә мына.
Алыстан қиқулаған, шиқылдаған,
Бір күлкі шалынады құлағыма.

Иығыңа сүйеніп, шынар-жұртым,
Жүріп келем, қиқу да тынар бір күн.
Күллі Әлемді дал қылған Сол Бір Күлкі,
Әзәзілдің Күлкісі шығар мүмкін...

*P. S. Социалистік реализмің қара тастай қатыны
қалған қасаң қағидасымен жазылған бұл жырдың, оны
заманға лайықталып, біраз шумағы қысқартылып,
мән-мазмұныға берілді.*

Соңы. 1977–2017 ж.ж. 28.10.
Қызыларай-Ақтогай – Қарқаралы-Жиренсақал тауы-
Қараганды.
2018 ж. 01.22.

МАЗМҰНЫ

I бөлім КИРИЛЛИЦА – ЕТ ЖАҚЫНЫМ, ЖАТЫМ Да.....	3
II бөлім САЙТАННЫҢ САЙРАН САЛУЫ.....	344

Көркем басылым

Серік АҚСҰНҚАР

КӨКЕЙІМДЕ КҮЛТЕГІННІң ЖАЗУЫ
Жаңа жыл кітабы

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Г. Сыдықова*

Көркемдеуші редакторы *А. Лукманов*

Техникалық редакторы *М. Алтай*

Корректоры *Ү. Бахова*

Компьютерде беттеген *А. Бекбергеновой*

ИБ № 009

Теруге 15.03.2018 берілді. Басуға 18.05.2018 қол қойылады. Пішімі 84x108/³².

Шартты баспа табагы 19,32. Есептік баспа табагы 19,96.


Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 5000.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС,
050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Серік Аксұнқар 1950 жылы наурызданың 29 жүлдөзында Қарағанды облысы, Ақтогай ауданы, Қызыларай кеңшарында дүниеге келген. 1986 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Жиырмадан астам поэтикалық жинақтың авторы. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Ақтогай және Қарқаралы аудандарының «Күрметті азаматы». Олеңдері испан, азіrbайжан, орыс, украин, түрік, қыргыз, монгол тілдеріне тәрjималанған.



ISBN 978-601-331-692-5



9 786013 316925